



**KASE**

**ТОБЫНЫҢ**

**ЖЫЛДЫҚ**

**ЕСЕБІ**

**2024**

## МАЗМҰНЫ

|                                                                                            |     |
|--------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| KASE ДИРЕКТОРТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ.....                                         | 3   |
| KASE БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ .....                                                     | 5   |
| НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР .....                                                                     | 9   |
| МІНДЕТІМІЗ, КӨЗДЕУІМІЗ ЖӘНЕ МАҚСАТЫМЫЗ .....                                               | 14  |
| KASE ТОБЫ ТУРАЛЫ .....                                                                     | 15  |
| НЕГІЗГІ ФАКТІЛЕР, НАРЫҚ ТРЕНДТЕРІ.....                                                     | 25  |
| KASE ТОБЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕБІ .....                                                      | 27  |
| KASE тобының 2022-2024 жылдарға арналған Даму стратегиясы: жетістіктер мен нәтижелер ..... | 27  |
| KASE тобының 2025-2027 жылдарға арналған Даму стратегиясы .....                            | 47  |
| Орнықты даму қағидаттарын енгізу .....                                                     | 49  |
| Халықаралық қызмет .....                                                                   | 58  |
| НӘТИЖЕНІ ШОЛУ .....                                                                        | 62  |
| Халықаралық биржа нарығының трендтері .....                                                | 62  |
| KASE нарықтары.....                                                                        | 68  |
| Операциялық және қаржылық нәтиже .....                                                     | 97  |
| КОРПОРАТИВТІК ЕСЕП.....                                                                    | 100 |
| Корпоративтік басқару.....                                                                 | 100 |
| Ақпараттық және физикалық қауіпсіздік .....                                                | 120 |
| Қызметтің үздіксіздігін басқару .....                                                      | 123 |
| Комплаенс-бақылау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл .....                           | 125 |
| Ішкі аудит .....                                                                           | 127 |

# KASE ДИРЕКТОРТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



Құрметті акционерлер, клиенттер және серіктестер!

Директорлар кеңесі атынан мен Сіздерді Биржаның 2024 жылғы қызметі туралы жылдық есебін ұсынуға қуаныштымын.

Өткен жыл біз үшін Қазақстанның қаржы нарығының негізгі инфрақұрылымы ретінде Биржаның маңызды жетістіктері мен ұстанымдарын нығайту уақыты болды. Біз сауда-саттықтың ашықтығын дамыту, өтімділікті арттыру және инвестициялық мүмкіндіктерді кеңейту бағытын жалғастырдық.

Маңызды оқиғалардың бірі халықаралық рейтинг агенттіктерінің Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын растағаны болды. Атап айтқанда, Moody's "Тұрақты" деген болжаммен еліміздің несиелік рейтингін "Баа2" деңгейінен "Баа1" деңгейіне дейін көтерді. Бұл экономикалық тұрақтылықты нығайтты, инвесторлардың сенімін арттырды және нарыққа жаңа капитал тартуға ықпал етті, нәтижесінде қор нарығының дамуына жағымды ықпал етіп, одан әрі экономикалық өсуге жағдай жасады.

2024 жылы Биржа KASE-нің 2022-2024 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыруды сәтті аяқтады. Негізгі жетістік Қазақстан қор биржасының Клиринг орталығын құру болды. Енді бұл – барлық KASE нарығында клиринг, есеп айырысу және орталық контрагент функцияларын орындайтын дербес ұйым.

Клиринг орталығы жұмысының жоғары тиімділігін Thomas Murray халықаралық агенттігі растап, оған оң болжаммен "А+" операциялық рейтингін берді. Сонымен қатар Клиринг орталығы IOSCO-ның қаржы инфрақұрылымы үшін белгіленген барлық 18 қағидатына сәйкес деп танылды, бұл – оның сенімділігі мен әлемдік стандарттарға сәйкестігінің белгісі.

Биржаның маңызды міндеті – өтімділікті арттыру. 2024 жылы жаңа инвесторларды жұмылдыру, шағын және орта бизнестің ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығына қатысуын қолдау бойынша күш-жігер күшейтілді. Біз жаңа қаржы

құралдарын іске қостық, сауда-саттық жағдайларын жақсарттық және неғұрлым өтімді шетелдік бағалы қағаздарға қолжетімділікті ұсынатын KASE Global секторын белсенді түрде дамыттық.

2024 жыл цифрлық трансформациядағы маңызды қадам болды: KASE және оның Клиринг орталығы Tabadul Exchange Hub халықаралық цифрлық биржалық платформасына қосылды.

Біз халықаралық стандарттарға сәйкестік мәселелеріне ерекше назар аударамыз. 2024 жылы KASE мен KACC тәуелсіз сертификаттау аудитінен сәтті өтіп, ISO 9001:2015 және ISO/IEC 27001:2022 сертификаттарын алды. Сонымен қатар Биржа сауда-саттықтан кейінгі ақпараттың ашықтығы бойынша ESMA талаптарын қанағаттандыратын нарықтар тізіміне енгізілді. Бұл нарыққа қатысушылардың жұмысын жеңілдетіп, біздің платформаның шетелдік инвесторлар үшін қолжетімділігін арттырады.

KASE білім беру бастамалары да одан әрі дамыды. Біз халық арасында тұрақты инвестициялық мәдениетті қалыптастыруға ұмтыла отырып, қаржылық сауаттылықты арттыру жөніндегі іс-шаралар бағдарламасын кеңейттік.

Биржаның қаржылық тұрақтылығы да жоғары деңгейде қалып отыр. 2023 жылдың қорытындысы бойынша KASE акционерлері дивиденд төлеуге 9,26 млрд теңге бөлу туралы шешім қабылдады, бұл – биржаның таза пайдасының 50%. Бір жай акцияға белгіленген дивиденд мөлшері – 8 611,3 теңге.

2025 жылдан бастап KASE тобы 2025-2027 жылдарға арналған жаңа даму стратегиясын іске асыруға кірісті. Негізгі басымдықтар – негізгі нарықтардағы көшбасшылық позицияларды сақтау, жаңа эмитенттер мен инвесторларды тарту есебінен өтімділікті арттыру, жаһандық үрдістерге сәйкес биржалық өнімдер желісін кеңейту. Сондай-ақ біз IT-инфрақұрылымды күшейтуді, жаңа технологиялық шешімдерді енгізуді және IT-сервистердің тиімділігін арттыруды жоспарлап отырмыз.

KASE тобы қазақстандық қаржы секторының ашықтығы, сенімділігі мен тиімділігінің кепілі ретінде биржалық инфрақұрылымды дамыту бойынша өз міндетін орындауды әрі қарай жалғастырады.

KASE тобының ұжымына үйлесімді және кәсіби жұмысы үшін, ал акционерлеріміз бен клиенттерімізге бізге білдірген сенімі, қолдауы мен табысты ынтымақтастығы үшін шын жүректен алғыс айтамын.

Баршаңызға нәтижелі өзара іс-қимыл және жаңа жетістіктер тілеймін!

**Әлия Молдабекова**

**KASE Директорлар кеңесінің төрағасы**

# KASE БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



Құрметті акционерлер, клиенттер және серіктестер!

2024 жылдың қорытындысын шығара отырып, бұл кезең KASE дамуындағы маңызды белес болғанын атап өткім келеді. Ол Алина Алдамбергеннің жетекшілігімен қол жеткізілген елеулі жетістіктермен ерекшеленді.

Оның стратегиялық көзқарасы мен кәсіби басқаруының арқасында KASE тобы технологиялық та, институционалдық та тұрғыдан сапалы серпіліс жасады.

2024 жыл KASE тобы үшін қарқынды дамудың, халықаралық ынтымақтастықтың күшеюінің, жаһандық қаржы институттарымен әріптестік байланыстардың кеңеюінің және озық биржалық технологиялардың енгізілуінің кезеңі болды. Жаңа эмитенттер мен инвесторларды тарту — маңызды жетістікке айналды, бұл нарық өтімділігінің артуына және оның бәсекеге қабілеттілігінің нығаюына ықпал етті.

Бүгінде KASE Қазақстанның қаржы инфрақұрылымының орталық элементі болып табылады және ел экономикасына елеулі әсер етеді. Биржа ішкі және шетелдік инвесторларды тарта отырып, қаржыландыруға ашық әрі тиімді қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Бұл нарыққа деген сенімді нығайтып, оның әрі қарай өртарартануына жағдай жасайды.

Сыртқы факторлардың әсеріне қарамастан, 2024 жыл KASE акциялар нарығының капитализациясының өсуімен ерекшеленді. Жергілікті акциялардың жиынтық құны 23 %-ға артып, 32,9 трлн теңгеге жетті, ал KASE индексі 33 %-ға өсіп, тарихи максимум – 5 578,10 тармаққа дейін жаңартылды.

Негізгі үрдістердің бірі – жасалған мәмілелер санының өсуі болды. Бұл көрсеткіш 2,1 есеге артып, 2 млн мәмілеге жетті. Бұл көбіне корпоративтік облигациялар нарығындағы құралдар тізімінің кеңеюімен, қор нарығына қатысушылар санының артуымен және жекелеген инвесторларды белсенді тартумен байланысты. Қосымша факторлар ретінде сәтті өткен IPO және ESG стандарттарын ілгерілету атап өтіледі.

2024 жылы біз ESG-облигациялар нарығын дамыту бойынша белсенді жұмысымызды жалғастырдық. Бұл бағытта рекордтық көлемде – 549 млрд теңгеге 10 шығарылымды тізімге енгізуге мүмкіндік туды, оның 436 млрд теңгесі

орналастырылды. Аталған қаржы құралдары экологиялық және әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға ықпал етіп, орнықты дамуға қолдау көрсетуде.

Инфляцияның 9,8 %-дан 8,6 %-ға дейін төмендеуі аясында Қазақстан Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемені біртіндеп төмендетті. Бұл корпоративтік облигациялар нарығындағы сауда көлемінің екі есе артуына – 4,3 трлн теңгеге дейін жетуіне ықпал етті.

2024 жылы саудаланып жатқан қаржы құралдарының саны да едәуір өсті: 260 эмитенттің 758 бағалы қағазы тіркеліп, рекордтық деңгейге жетті. Бір жылдың ішінде KASE-нің ресми тізіміне 86 эмитенттің 226 құралы енгізілді, оның ішінде 32-сі – жаңа эмитенттер.

Осының нәтижесінде біз басты мақсаттардың бірі – өтімділікті арттыруға қол жеткіздік. Бұл бағытта жаңа инвесторларды тарту және шағын және орта бизнестің ұйымдасқан бағалы қағаздар нарығына қатысуын қолдау бойынша жұмыс жандандырылды. Биржа жаңа қаржы құралдарын енгізіп, сауда шарттарын жақсартты, бұл эмитенттер мен инвесторларды белсенді түрде тартуға жол ашты. Қор биржасы күн сайын мыңдаған мәмілені өңдейді, ал сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 1,6 трлн теңгеден асады. Бағалы қағаздардың Орталық депозитарийінде 3,3 млн инвесторлық шот тіркелген, бұл қор нарығына деген өсіп келе жатқан қызығушылықты және оның белсенді дамуын көрсетеді.

Сонымен қатар, KASE халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруда маңызды рөл атқарады: биржа тұрақты түрде оқу вебинарларын өткізіп отырады, олар инвестиция негіздерінен бастап қаржы құралдарымен жұмыс істеуге дейін, сондай-ақ нарықты талдау, тәуекелдерді басқару және заманауи қаржылық стратегиялар сияқты күрделі тақырыптарды да қамтиды. Бұл вебинарлар жаңа бастағандар мен тәжірибелі нарық қатысушыларына арналып, сарапшылардың қатысуымен ұйымдастырылады және қор нарығына қолжетімділікті жеңілдетуге бағытталған.

Осылайша, KASE ашық әрі қолжетімді қаржылық ортаны қалыптастырып, бизнес пен инвесторларды қолдап қана қоймай, Қазақстан қор нарығының нығаюына және оның ұзақмерзімді экономикалық өсуіне ықпал етеді.

Маңызды қадамдардың бірі – 2022–2024 жылдарға арналған Даму стратегиясының аяқталуы болды. Клирингтік және есеп айырысу функцияларын KASE Клирингтік орталығына (КАСС) беру инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасауға, халықаралық стандарттарды енгізуге және қызметтер аясын кеңейтуге мүмкіндік берді. Клирингтік орталық өз қызметін үздік халықаралық іскерлік тәжірибелерге сай жетілдіру және халықаралық мойындауға қол жеткізу бағытында белсенді жұмыс істеуде.

Биржалық нарық инфрақұрылымының функцияларын бөлу, ең алдымен, ұйымдастырылған нарықта операциялар жүргізу кезінде инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасауға, шетелдік қатысушыларды тартуға, озық халықаралық

стандарттарды енгізуге, сондай-ақ Қазақстан мен өңірдегі басқа да биржалық алаңдарда қызметтер спектрін кеңейтуге бағытталған. Сонымен қатар, бұл қадам инфрақұрылымдық ұйымдар арасында тәуекелдерді тиімді бөлуге ықпал етеді.

Жылдың басты оқиғаларының бірі — KASE мен KACC Клирингтік орталығының Abu Dhabi Securities Exchange (ADX) іске қосқан Tabadul Exchange Hub цифрлық биржалық хабына қосылуы болды. Бұл әріптестік жаһандық инвесторларға Қазақстанның жетекші компанияларына қол жеткізуге мүмкіндік беріп, өтімділіктің артуына және инвестициялық ахуалдың жақсаруына ықпал етті.

KASE тобы халықаралық сапа және ақпараттық қауіпсіздік стандарттарына сәйкестігі бойынша сыртқы аудиттен сәтті өтіп, басқару мен деректерді қорғаудың жоғары деңгейін растады.

Сонымен қатар, KASE Еуропалық бағалы қағаздар және нарықтар жөніндегі басқарманың (ESMA) пост-сауда ақпаратының ашықтығына қойылатын талаптарына сәйкес келетін сауда алаңдары тізіміне енгізілді. Бұл мәртебе нарық қатысушыларын Еуроодақтан тыс жасалған мәмілелер туралы есеп беруден босата отырып, шетелдік инвесторларды тарту үдерісін жеңілдетеді. Сондай-ақ, бұл халықаралық реттеуші органдар үшін биржаның ашықтығын арттырып, KASE-нің жаһандық қаржы нарықтарындағы беделін нығайтуға ықпал етеді.

KASE-нің 2025–2027 жылдарға арналған стратегиясы — 2022–2024 жылдарға арналған Даму стратегиясының қисынды жалғасы болып табылады және қазіргі заманғы үрдістер мен жаңа сын-қатерлерді ескереді.

Бүгінгі міндетіміз – сабақтастықты сақтап, осы берік негізде 2025–2027 жылдарға арналған келесі стратегиялық кезеңнің ауқымды мақсаттарын іске асыру. Біздің күш-жігеріміз үш негізгі бағытқа шоғырланатын болады. Біріншіден, біз қаржылық инклюзивтілікті тереңдете түсіп, әртүрлі санаттағы инвесторлар үшін қолжетімді әрі әртараптандырылған өнімдер ұсынуды жалғастырамыз. Екіншіден, капитал инфрақұрылымын дамытамыз – қолданыстағы нарықтарды жетілдіріп, эмитенттер мен инвесторлар үшін қолжетімді құралдардың аясын кеңейтеміз. Үшінші бағыт – инновациялық технологияларды енгізу және цифрландыру, бұл биржалық процестердің тиімділігін арттырады.

Біз биржалық нарықтардың өтімділігін арттыру, жаңа эмитенттер мен инвесторларды тарту бойынша жұмысты жалғастырамыз. Егер клиенттер, банктер мен брокерлер тарапынан сұраныс болса, біз өнім желісін кеңейтеміз. Сондай-ақ, жеке инвесторлардың қаржылық сауаттылығын арттыру бастамаларын белсенді түрде дамытуға ниеттіміз.

KASE жаңа белестерге ұмтыла отырып, өңірдегі позициясын нығайтып, инновациялық өнімдер мен қызметтерді ұсынуды жалғастырады. Біздің әріптестерімізге, серіктестерімізге және акционерлерімізге қолдауы мен бірлескен

жұмысы үшін шын жүректен алғыс білдіремін. Біз қолда бар ресурстар мен кәсібилігіміздің арқасында алдағы сын-қатерлерді табысты еңсеріп, Қазақстанның қор нарығын дамытуға елеулі үлес қосамыз деп сенемін.

Алина Алдамбергенге KASE тобының дамуына қосқан ерекше үлесі үшін шынайы алғысымды білдіремін. Сондай-ақ бүкіл командаға, серіктестерімізге және акционерлерімізге қолдауы, сенімі мен ынтымақтастығы үшін алғыс айтамын. Жинақталған тәжірибеміздің, жоғары кәсібилігіміздің және үздіксіз даму ниетіміздің арқасында біз алға сенімді қадам басып, Қазақстан қор нарығының игілігі үшін жаңа биіктерді бағындыратынымызға кәміл сенемін.

**Әділ Мұхамеджанов**

**KASE Басқармасының Төрағасы**

# НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

## Қаңтар

Қаңтарда KASE мен KASE Клиринг орталығы Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Басқармасының қаулысымен бекітілген Қаржы ұйымдарын жүйелік маңызы бар ұйымдардың қатарына жатқызу қағидаларына сәйкес жүйелі маңызы бар инфрақұрылымдық қаржы ұйымдарының қатарына жатқызылды.

16 қаңтарда KASE жыл сайын өткізетін "Биржалық симулятор" байқауының реттік саны бойынша 15-ші оқу сауда-саттығының екінші кезеңінің қорытындысы бойынша жеңімпаздарды онлайн марапаттау рәсімі өтті.

## Ақпан

02 ақпанда KASE алаңында "Эйр Астана" АҚ-тың IPO роуд-шоуы аясында институционалдық инвесторлармен кездесу өтті. Кездесуде IPO параметрлері және компанияның өткен кезеңдегі операциялық қызметінің нәтижелері туралы ақпарат ұсынылды.

02 ақпанда KASE Басқарма төрағасы А. Алдамберген "Digital Finance: Инфрақұрылым, реттеу және басымдықтар" панельдік сессиясында Digital Almaty 2024 VI Халықаралық цифрлық форумында "Индустрия X: Болашақтың цифрлық эволюциясы" тақырыбы бойынша сөз сөйледі.

07 ақпанда Астана қаласында "KASE day in Astana" бизнес-таңғы ас форматында жеке және квазимемлекеттік сектор өкілдерімен және Биржаның серіктестерімен Биржаның іске асырылып жатқан жобалары, инновациялар мен жаңа қаржы құралдарын енгізу, Қазақстанның қор нарығын дамытудың трендтері мен перспективалары, сондай-ақ ESG қаржыландыруды дамыту туралы ақпарат беру мақсатында KASE Digital алаңында токенделген активтерді іске қосу және сату, Market Data бағытын, KASE ақпараттық және талдамалық өнімдерін дамыту бойынша кездесу өткізілді.

13 ақпанда KASE өкілдері PwC Kazakhstan және Strategy& ұйымдастырған "Жасыл қаржыландыру: Еуразиядағы даму, сын-тегеуріндер мен мүмкіндіктер" конференциясында сөз сөйледі.

15 ақпанда Қазақстан қор биржасы "Эйр Астана" АҚ жай акцияларымен сауда-саттықтың ашылу салтанатын өткізді, ол бір мезгілде AIX алаңында өзара трансляция режимінде өтті.

## **Наурыз**

01 наурызда "Эйр Астана" АҚ акциялары KASE индекcін есептеу үшін акциялардың өкілдік тізіміне енгізілді.

06 наурызда KASE IFC-мен бірлесіп жыл сайынғы Ring The Bell for Gender Equality сауда-саттығының ашылу салтанатын өткізді, оның аясында "Invest in Women: Accelerate Progress" тақырыбында пікірталас өтті.

12 наурызда KASE 2023 жылдың қорытындысы бойынша Биржа мүшелерін, сондай-ақ ашықтыққа ұмтылғаны үшін листингілік компанияларды, қор нарығы туралы хабардарлықты белсенді түрде арттырғаны үшін бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін және жылдық есептер конкурсының қорытындысы бойынша жеңімпаздарды жыл сайынғы марапаттау рәсімін өткізді.

14 наурызда KASE Басқарма төрағасы А. Алдамберген жыл сайынғы 11-ші CFO Summit-те "Жаңа Қазақстандағы банктердің рөлі" тақырыбында панельдік талқылауда сөз сөйледі.

## **Сәуір**

08 сәуірде "Биржалық симулятор" жобасы аясында оқу сауда-саттығының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

04 сәуірде KASE Клиринг орталығы мен "Еуразиялық сауда-саттық жүйесі" тауар биржасы" АҚ өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойды.

18-19 сәуірде KASE өкілдері мен KASE Клиринг орталығы ТМД хаб мүшелерінің жалпы жылдық жиналысына қатысты.

Сәуір айында KASE мен KASE Клиринг орталығының өкілдері ConFEAS 2024 капитал нарықтары бойынша жыл сайынғы FEAS халықаралық конференциясына қатысты.

22 сәуірде "KASE Insight" жобасы аясында KASE алаңында "Алматы қаласы экологиясының мәселелері және оларды шешу жолдары" тақырыбында семинар өткізілді.

Сәуір айында KASE Agence Française de Développement (Францияның даму агенттігі – AFD) өкілдерімен кездесу өткізді, оның шеңберінде орнықты даму қағидаттарын ілгерілету бойынша ынтымақтастық перспективалары талқыланды және Қазақстанның қор нарығының инфрақұрылымы, елдің қор нарығын дамыту трендтері және Биржаның ағымдағы жобалары көрсетілді.

29-30 сәуірде KASE Катар қор биржасында ұйымдастырылған Араб капитал нарықтары федерациясының жыл сайынғы конференциясына қатысты.

29 сәуірде Биржа өзінің интернет-ресурсында ақша нарығы мен МБҚ нарығы үшін композиттік индекс – MBM\_Index – мәндерін жариялауға кірісті.

## **Мамыр**

01-02 мамырда KASE делегациясы Дубайдың Қаржы нарығы ұйымдастырған Capital Markets Summit-2 халықаралық саммитіне қатысты.

21 мамырда KASE Басқарма төрағасы А. Алдамберген бастаған KASE делегациясы НҚА ұйымдастырған "Қазақстанның қаржы секторы: стратегиялық сын-тегеурінге 25 жыл" форумына қатысты.

## **Маусым**

04 маусымда Биржа KASE нарығындағы ОК-нің барлық клирингілік және есеп айырысу қызметі мен функциясын KASE Клиринг орталығына беруді аяқтады.

04 маусымда KASE өкілдері Бішкек қаласында "KASE day in Bishkek" өткізді және аудиторияға KASE қызметінің нәтижелері, қазақстандық биржалық нарықтың даму перспективалары, KASE қаржы құралдары мен қызметтері, орталық контрагент туралы айтып берді.

04 маусымда KASE Басқарма төрағасы А. Алдамберген Астана қаласындағы Sustainable Trand Forum Kazakhstan-да "Тұрақты қаржыландыру: сын-тегеуріндер мен мүмкіндіктер" тақырыбында өткен сессияда сөз сөйледі.

28 маусымда KASE Басқарма төрағасы А. Алдамберген Еуразия бизнес-форумының "Динамикалық әлемдегі әйелдер: инновация және кәсіпкерлік" тақырыбындағы New Vision Forum панельдік сессиясына қатысты.

## **Шілде**

04 шілдеде KASE Басқарма төрағасының орынбасары Д. Аманжолова "Қазақстандағы тұрақты микроқаржыландыру: болашақ өсу үшін ESG қағидаттарын интеграциялау" сессиясында сөз сөйледі.

10 шілдеде KASE Басқарма төрағасының орынбасары Д. Аманжолова ҚНРДА және Орталық депозитарий өкілдерімен бірлесіп Жапонияда өткен ФСУФР+3 облигациялар нарығы бойынша 40-шы Халықаралық форумға қатысты.

## **Тамыз**

07 тамызда KASE, KASE Клиринг орталығы және Abu Dhabi Securities Exchange Tabadul цифрлық биржалық хабына қосылу туралы келісімге қол қойды.

## **Қыркүйек**

05 қыркүйекте KASE және Muscat Stock Exchange ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды.

05 қыркүйекте КАСС Басқарма төрағасы Н. Хорошевская "Astana Finance Days 2024: Инновация. Инвестиция. Ықпал" конференциясында "Орталық Азиядағы тұрақты қаржыландырудың жай-күйі туралы әңгіме" панельдік сессиясында сөз сөйледі.

06 қыркүйекте КАСС Басқарма төрағасы Н. Хорошевская "fcbk 2024: Empowering business" мерейтойлық конференциясы аясында "Бизнестің өсуін балама қаржыландыру" панельдік сессиясында сөз сөйледі.

07-08 қыркүйекте KASE Биржаның эмитенттері, мүшелері мен серіктестері арасында футболдан турнир өткізді.

09 қыркүйекте EUR/USD жаңа валюталық своптарымен сауда-саттық ашылды.

10 қыркүйекте KASE Басқарма төрағасы А. Алдамберген ACG 26-шы жыл сайынғы жалпы жиналысында "Экономикалық өсу үшін бағалы қағаздар нарығындағы байланысты нығайтудың жаңа дәуірі" панельдік сессиясында сөз сөйледі.

18 қыркүйекте KASE Басқарма төрағасы А. Алдамберген The first Kazakhstan Economic Freedom High-Level Conference шеңберінде "Қаржы нарықтарына қолжетімділікті инновациялау және демократияландыру" сессиясында сөз сөйледі.

19 қыркүйекте КАСС Басқарма төрағасы Н. Хорошевская "IPO & Capitalization" сессиясында K24: Kazakhstan Growth Forum – бизнестің бірінші басшылары мен иелеріне арналған форум аясында сөз сөйледі.

23 қыркүйекте KASE және ҚРҰБ N. A.Citibank қолдауымен Лондон қаласында "Kazakhstan Local Currency Bond Market" тақырыбында конференция өткізді.

25 қыркүйекте ESG Officer KASE М. Қасымбаева "ESG негіздері және гринвошинг мәселелері: бизнестегі экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік қағидаттарды интеграциялау" сессиясында "ESG-күн тәртібі перспективалары және гринвошинг мәселелері: орнықты дамуда бизнестің тиімді стратегиясын қалай қамтамасыз ету керек" атты пікірталас алаңында сөз сөйледі.

## **Қазан**

01 қазанда KASE Қазақстандағы ESG стандарттарын және жауапты инвестициялау қағидаттарын ілгерілету шеңберінде облигациялардың ETF индекстерін есептеуді және жариялауды іске қосты.

01 қазанда KASE Басқарма төрағасы А. Алдамберген Ислам Ынтымақтастығы Ұйымы елдерінің 18-ші биржалық форумына "ОІС елдерінің капитал нарықтарындағы қаржылық сауаттылық және инклюзивтілік" тақырыбында өткен панельдік сессияға қатысты.

Қазанда KASE European Securities and Markets Authority (ESMA) сауда-саттықтан кейінгі ақпараттың ашықтығы туралы талаптарды қанағаттандыратын сауда-саттық алаңдарының тізіміне енгізілді.

09 қазанда KASE Басқарма төрағасы А. Алдамбергін Central Asia FinTech Summit форумының жұмысына қатысты.

09 қазанда KASE өкілдері Tech Day 2024, Technology of Future конференциясына қатысты.

11 қазанда KASE мен KASE Клиринг орталығының өкілдері II Еуразиялық "Шығыс-Батыс: Шекарасыз бизнес" Қорғас Қаржы-Экономикалық форумына қатысты.

11 қазанда KASE өкілдері VII Conference Capital Markets Kazakhstan конференциясында сөз сөйледі.

08-24 қазанда KASE Қазақстанның үш қаласындағы жетекші жоғары оқу орындарының алаңдарында қазақстандық брокерлердің "KASE FEST" жәрмеңкесін өткізді.

28 қазанда Нью-Йорк қаласында өткен Kazakhstan Finance Day іс-шарасына қатысты.

30 қазанда KASE Deutsche Bank қолдауымен Лондонда Kazakhstan Equity Capital Markets Day конференциясын өткізді.

## **Қараша**

Қарашада KASE өкілдері "Корпоративтік басқару – Қазақстан Республикасының экономикасын ырықтандыру императиві" форумында сөз сөйледі.

19-21 қарашада KASE мен KASE Клиринг орталығының өкілдері WFE General Assembly & Annual Meeting-ке қатысты.

26 қарашада KASE Дүниежүзілік биржалар Федерациясының жаһандық бастамасы аясында "Ring The Bell for Climate 2024" сауда-саттығының салтанатты ашылу рәсімін өткізді.

Қараша айында KASE Net Zero Financial Services Providers Alliance (NZFSPA) құрамына кірді.

Қараша айында KASE ақша және қор нарықтарының индикаторларын IOSCO-ның "Қаржы индикаторлары үшін негіз қалаушы қағидаттар" құжатына сәйкестігін есептеу жөнінен өз қызметін өзін-өзі бағалауды жүргізді.

## **Желтоқсан**

30 желтоқсанда KASE мемлекеттік бағалы қағаздармен жаңа кредиттеу/қарыз алу операциялары (SLB) бойынша сауда-саттықты бастады.

---

# МІНДЕТІМІЗ, КӨЗДЕУІМІЗ ЖӘНЕ МАҚСАТЫМЫЗ

---

## **Міндетіміз**

Қазақстан Республикасының экономикалық өсуіне жәрдемдесу:

- отандық эмитенттердің қаржыландыру алуы үшін құралдардың кең спектрін ұсыну;
- қаржы жүйесінде өтімділікті қайта бөлу үшін платформаны қамтамасыз ету;
- жергілікті және шетелдік инвесторлар үшін ашық инвестициялық ортаны ұсыну.

## **Көздеуіміз**

KASE – отандық эмитенттер үшін қолжетімді әрі жергілікті және халықаралық инвесторларға ашық биржалық қызметтердің толық спектрін көрсететін жоғары технологиялы сауда-саттық алаңы.

## **Мақсатымыз**

Өңірдегі жетекші биржалық алаң мәртебесіне қол жеткізу және оны қолдау, KASE-нің стейкхолдерлер үшін құндылығын арттыру.

# KASE ТОБЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан қор биржасы (KASE немесе Биржа) төрт негізгі нарықтың: валюта, қор (бағалы қағаздар нарығы), ақша (репо және своп операциялары), сондай-ақ туынды құралдар нарығының жұмыс істеуіне негізделген әртараптандырылған бизнес-модельге ие. Биржаның үздік халықаралық стандарттарға сәйкес келетін дамыған сауда-клирингілік және есеп айырысу инфрақұрылымы бар.

KASE жұмысының әмбебап форматы мәміле жасаған кезде қатысушыларға барынша ыңғайлы болуын қамтамасыз етеді, өйткені олардың көпшілігі бір уақытта бірнеше нарықта белсенді жұмыс істейді. Қаржы құралдарының кең таңдауы өтімділікті тиімді басқару және сауда-саттыққа қатысушылардың да, олардың клиенттерінің де әртүрлі инвестициялық стратегиясын іске асыру үшін қолайлы жағдай жасайды.

Биржа қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі уәкілетті органның лицензиялары негізінде мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) бағалы қағаздармен өзге қаржы құралдарымен сауда-саттықты ұйымдастыру жөніндегі қызмет (2012 жылғы 19 шілдеде берілген № 4.2.3/1 лицензия);
- 2) бағалы қағаздар нарығындағы қаржы құралдарымен жасалатын мәміле бойынша клирингілік қызмет (2012 жылғы 19 шілдеде берілген № 4.2.3/1 лицензия);
- 3) ұлттық және шетел валютасында банк операцияларын жүргізу (2020 жылғы 30 қаңтарда берілген № 4.3.8 лицензия).

Биржа – World Federation of Exchanges, Federation of Euro-Asian Stock Exchanges (FEAS), The Global Association of Central Counterparties (CCP Global) толық құқылы мүшесі және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері биржаларының халықаралық қауымдастығы (ТМД БХҚ) сияқты халықаралық биржалық қауымдастықтарда қазақстандық қор нарығын танытады. Бұл қазақстандық сауда-саттық алаңы қызметінің негізгі аспектілері халықаралық стандарттарға және үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес келетіндігін растайды.

KASE мүшелік, листинг, сауда-саттық қызметі, нарықтық ақпаратты тарату, индекстер мен индикаторларды есептеу және сүйемелдеу сияқты қызметтердің кең спектрін ұсынады. Биржаның еншілес ұйымы – Клиринг орталығы клиринг пен есеп айырысуға жауап береді және барлық нарықта орталық контрагент қызметін атқарады.

2025 жылғы 01 қаңтардағы жай-күйі бойынша Биржаның мүшелері – Қазақстан Республикасының лицензияланған барлық банкі мен брокерлік ұйымын қоса алғанда, 51 кәсіби қатысушы, сондай-ақ бес шетелдік қатысушы және екі халықаралық қаржы ұйымы.

Биржаның ресми тізімі бірнеше алаңға бөлінген: "негізгі", "балама", "аралас" және "жеке орналастыру".

"Негізгі" алаңы қалыптасқан даму тарихы бар ірі компанияларға арналған, ал "балама" алаңы "негізгі" алаңмен салыстырғанда неғұрлым жеңілдетілген талаптар белгіленген шағын және орта капитализацияланған компанияларға бағытталған. Осындай бөлу ірі компанияларға да, шағын және орта бизнеске де қор нарығында қаражат тартуға мүмкіндік береді.

"Аралас" алаңына мемлекеттік облигацияларға, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарына, инвестициялық қорларға, исламдық, туынды бағалы қағаздарға, сондай-ақ шетелдік эмитенттердің жоғары өтімді акциялары мен ETF бағалы қағаздарына арналған мамандандырылған секторлар кіреді.

"Аралас" алаңындағы KASE Global секторы шетелдік эмитенттердің неғұрлым өтімді бағалы қағаздарымен сауда жасауға арналған. Бұл секторға Нью-Йорк қор биржасының (NYSE Equity) негізгі алаңында, сондай-ақ Standard & Poor's 500, NASDAQ 100 және Euronext 100 сияқты биржалық индекстерге кіретін, NASDAQ (NASDAQ Global Select), Euronext Paris және Euronext Amsterdam биржаларында листингіден өткен акциялар мен ETF рұқсат етіледі.

"Жеке орналастыру" алаңы жеке орналастыруға жататын мемлекеттік емес бағалы қағаздардың листингіне арналған. Жеке орналастыру білікті инвесторлардың шектеулі тобы арасында облигацияларды жария емес түрде орналастыруды білдіреді, мұндай бағалы қағаздарды шығару шарттары жеке меморандум бойынша белгіленеді.

Биржа қор және ақша нарықтары үшін 33 индикаторды дербес есептейді және сүйемелдейді. Қазақстанның қор нарығы Биржаның акция нарағы мен облигация нарығының серпінін көрсететін индекстермен және индикаторлармен ұсынылған. Акция нарығын бағалау үшін Биржа негізгі индикатор – KASE Индексін есептейді, ол – бүгінгі күні ұлттық қор нарығының іс жүзінде негізгі индикаторы. Сондай-ақ Биржа акция нарығының жалпы капитализациясын есептейді және жариялайды, бұл акциялары KASE-де айналымға жіберілген барлық компанияның жиынтық нарықтық құнын білдіреді.

KASE Индексі Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын ірі және қаржылық тұрақты компаниялар шығарған Биржаның ресми тізіміндегі неғұрлым өтімді акциялардың жиынтық нарықтық құнының өзгеруін көрсетеді.

Облигация нарығын талдау үшін Биржа қазақстандық компаниялардың облигацияларының неғұрлым өтімді шығарылымдарының "таза" бағалары мен кірістілік көрсеткіштерінің өзгерістерін, сондай-ақ облигациялардың ESG индекстерін көрсететін KASE\_BM\* негізгі алаңының индекстерін пайдаланады.

Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы "таза" және "таза емес" бағаларды, сондай-ақ өтеуге дейінгі әртүрлі мерзімдегі кірістілік көрсеткіштерін көрсететін, мерзімдері бойынша сегменттелмеген және қағаздардың тіркелген тізімдері бар индекстер мен индикаторлар сериясымен ұсынылған.

Репо нарығын көрсететін индикаторларға TONIA – ақша нарығының негізгі тәуекелсіз бенчмаркы, сондай-ақ TWINA, TCI, TCR\_1m, TCR\_3m, TCR\_6m сияқты қосымша индикаторлар кіреді. Валюталық своп нарығы үшін Биржа SWAP-1D, SWAP-2D индикаторларын, сондай-ақ композиттік индекстерді есептейді: MM Index (репо нарығы үшін және валюталық своптар үшін) және MBM\_index (ақша нарығы мен МБҚ нарығы үшін).

KASE нақты уақыттағы биржалық ақпаратты, мұрағаттық және анықтамалық деректі қамтитын ақпараттық өнімдердің кең спектрін ұсынады.

KASE Клиринг орталығы 2022 жылғы 21 маусымда "Қазақстан қор биржасы" АҚ еншілес компаниясы "eTrade.kz" ЖШС-ны қайта ұйымдастыру, Биржаның ОК қызметін Клиринг орталығы етіп қайта құру арқылы құрылды.

Биржа мен Клиринг орталығы арасында функцияларды бөлу инвесторлар үшін ұйымдасқан нарықта операция жүргізген кезде тартымды жағдай жасау, шетелдік

инвесторларды тарту, Қазақстан мен өңірдегі биржалық өзге нарықта қызмет көрсету мүмкіндігін кеңейту, сондай-ақ екі жүйелі-маңызды инфрақұрылымдық ұйымның тәуекелдерін бөлу мақсатында жүзеге асырылды.

ОК функцияларын жеке заңды тұлғаға беру көрсетілетін қызметтер спектрін кеңейтуге және қызмет көрсетілетін нарықтарды кеңейтуге мүмкіндік береді.

2023 жылы "KASE Клиринг орталығы" АҚ келесі лицензияларды алды:

- 1) бағалы қағаздар нарығындағы қаржы құралдарымен жасалатын мәміле бойынша клирингілік қызмет (2023 жылғы 21 шілдеде берілген № 3.1.8.2 лицензия);
- 2) ұлттық және шетел валютасында банк операцияларын жүргізу (2023 жылғы 28 тамызда берілген № 4.3.22 лицензия).

Биржадан Клиринг орталығына функцияларды беру екі кезеңде жүзеге асырылды:

- 1) 2023 жылғы 25 қыркүйекте Биржа клиринг және есеп айырысу функцияларын, сондай-ақ қор нарығы бойынша орталық контрагенттің функцияларын Клиринг орталығына тапсырды.
- 2) 2024 жылғы 3 маусымда Биржа клиринг және есеп айырысу функцияларын, сондай-ақ валюта нарығы және деривативтер нарығы бойынша орталық контрагенттің функцияларын Клиринг орталығына тапсырды.

2024 жылдың соңында 49 ұйым: қор нарығында 42 қаржы ұйымы, валюта нарығында 36 қаржы ұйымы, деривативтер нарығында 20 қаржы ұйымы клирингілік қатысушы болды.

289 эмитенттің 1 715 қаржы құралы (репо және своп операцияларын әртүрлі мерзімге ашу мүмкіндігін ескере отырып), оның ішінде акциялар – 129 эмитенттің 148 қаржы құралы, облигациялар – 140 эмитенттің 767 қаржы құралы, басқа БҚ – 18 эмитенттің 33 қаржы құралы, шетел валютасы (7 валюталық жұп) – 22 қаржы құралы, ақша нарығының 726 қаржы құралы және деривативтер нарығының 16 қаржы құралы клирингілік қызмет көрсетуде болды.

Клиринг орталығы өз қызметін 4 тұғырлы қағидат негізінде жүзеге асырады:

- 1) Мәміле тарапы – Клиринг орталығы мәміледе сатып алушы мен сатушы арасында тұрып, мәміле тараптарының әрқайсысы үшін контрагент болады.
- 2) Көптарапты неттинг – Клиринг орталығы есеп айырысу күні басталған мәміле бойынша неттингті жүзеге асырады.

- 3) Кепілдік – Клиринг орталығы ОК бола отырып, орталық контрагенттің қызмет көрсетуіне қабылданған барлық мәміле бойынша есептесудің толық жүргізілетініне кепілдік береді.
- 4) Дефолт-менеджмент – Клирингілік қатысушы өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Клиринг орталығы адал клирингілік қатысушының мәмілелері бойынша есептесуді аяқтауға мүмкіндік беретін дефолт-менеджмент процедураларын жүргізеді.

Клирингілік қатысушылар келесі санаттардың бірін ала алады:

- қамтамасыз етусіз – клирингілік қатысушы белгілі бір биржалық нарықта мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді енгізбей сауда-саттыққа қатысады,
- жартылай қамтамасыз етумен – клирингілік қатысушы осы сауда-саттықта мәмілелер мен белсенді өтінімдер бойынша міндеттемелерді орындау үшін Клирингілік ережелерге сәйкес қалыптастырылатын жеткілікті қамтамасыз ету болған жағдайда қаржы құралдарымен сауда-саттыққа қатысады,
- позицияларды ашу шектелімін қолдана отырып, жартылай қамтамасыз ете отырып – клирингілік қатысушы жеткілікті қамтамасыз ету болған жағдайда, клирингілік қатысушыға позицияларды ашу шектелімін қолдана отырып және шоғырлану мөлшерлемесінің кемінде екі еселенген мөлшеріне тең бастапқы маржаның жеке мөлшерлемесін белгілей отырып, қаржы құралдарымен сауда-саттыққа қатысады,
- толық қамтумен – клирингілік қатысушы осы міндеттемелер туындаған қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер мен белсенді өтінімдер бойынша міндеттемелерді толық қамтамасыз ету шартымен сауда-саттыққа қатысады,
- кейін қамтамасыз етумен – электрондық сауда-саттық жүйесі арқылы қашықтан қол жеткізу арқылы сауда-саттыққа қатысатын клирингілік қатысушы үшін белгіленеді.

### **Тәуекел-менеджмент жүйесі**

#### *Нарықтық тәуекел*

Нарықтық тәуекелді бақылау мақсатында Клиринг орталығы мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің күрделі көпдеңгейлі жүйесі – waterfall пайдаланады.

Дефолт туындаған және Клиринг орталығы дәрменсіз клирингілік қатысушының позициясын жойған жағдайда, қамтамасыз ету мынадай тәртіппен пайдаланылады:

- 1) Жосықсыз клирингілік қатысушының маржалық қамтамасыз етуі;
- 2) Жосықсыз клирингілік қатысушының стреске қарсы қамтамасыз етуі;
- 3) Жосықсыз клирингілік қатысушының кепілдік қорына жарнасы;
- 4) Резервтік қор;
- 5) Кепілдік қорына адал клирингілік қатысушының жарнасы.

Нарықтық тәуекелді басқару мақсатында қор, валюта және мерзімді нарықтарында:

- 1) клирингілік қатысушылардың жарналарынан Кепілдік қоры құралады,
- 2) Клиринг орталығының өз қаражатынан Резервтік қор қалыптастырылады.

Кепілдік қоры мен резервтік қордың жиынтық мөлшерін есептеу әдістемесі CPMI-IOSCO PFMI 4-қағидатында белгіленген cover 2 қағидатына негізделген, бұл клирингілік қорлардың мөлшері екі ірі клирингілік қатысушының дефолтын реттеу үшін жеткілікті болуы керек деп болжайды.

Кепілдік қорының мөлшері – қор нарығында 720 млн теңге, валюта нарығында 634 млн теңге, деривативтер нарығында 54 млн теңге.

Резервтік қордың мөлшері – қор нарығында 2 208 млн теңге, валюта нарығында 1 500 млн теңге, деривативтер нарығында 170 млн теңге.

Тәуекелді сәйкестендіру, оған мониторинг және бақылау жасау мақсатында Клиринг орталығы клирингілік қызмет көрсетуге қабылданған барлық қаржы құралы бойынша тәуекел-параметрлерді (портфельдік тәсілді ескере отырып) есептейді.

Тәуекел параметрлеріне, оның ішінде қамтамасыз етуге қабылданатын қаржы құралдарының құнын дисконттау үшін қолданылатын бастапқы маржа мөлшерлемелері мен шоғырлану мөлшерлемелері жатады. Бұл мөлшерлемелер дефолтты реттеу кезінде қаржы құралы құнының ықтимал өзгеру тәуекелін көрсетеді.

Сондай-ақ тәуекел-параметрлерге репо мәмілелері бойынша нетто-позициялардың тәуекелін бағалау үшін қолданылатын қаржы құралдарының пайыздық тәуекел мөлшерлемелері және болашақ есеп айырысу күнімен жасалатын своп жатады.

Тәуекелді бақылау мақсатында Клиринг орталығы T+2 есеп айырысу циклімен (T+ тізімі) және қамтамасыз етуге қабылданатын қаржы құралдарына (T+ Қамтамасыз ету тізімі), оның ішінде қор нарығындағы сауда-саттыққа

қатысушыларды қамтамасыз ету құрылымын ескере отырып, клирингтік қызмет көрсетуге қабылдануы мүмкін қаржы құралдарына талаптар қояды.

Өтімділік пен сенімділік шарттарын, сондай-ақ айналымдағы көлемді қанағаттандыратын қаржы құралдары Т+ тізіміне және Т+ Қамтамасыз ету тізіміне қабылданады.

### *Операциялық тәуекел*

Операциялық тәуекелге ішкі процестердің, адам ресурстарының, ақпараттық жүйелердің сәйкессіздігі және жеткіліксіздігі нәтижесінде немесе сыртқы оқиғалардың әсерінен шығыс (шығын) туындау тәуекелі жатады. Операциялық тәуекел беделге нұқсан келтіруі, негативті құқықтық салдарға немесе қаржылық шығын пайда болуына әкеп соғуы мүмкін. KASE тобы барлық операциялық тәуекел жойылды деген болжам жасай алмайды, бірақ бақылау жүйесінің көмегімен және бақылау және ықтимал тәуекелге тиісті ден қою арқылы осындай тәуекелді басқарады. Бақылау жүйесі міндет пен өкілеттікті, қол жеткізу құқығын, қосарланған бақылау процедураларын, салыстыру есептерін, сондай-ақ тәуекелді сәйкестендіру және бағалау, процестерді талдау процедураларын тиімді бөлуді көздейді. Тәуекелді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдері жөнінен персоналға жүйелі түрде оқыту өткізіледі. KASE тобы қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін Қызметтің үздіксіздігі мен қалпына келуін қамтамасыз ету саясаты мен процедуралары әзірленді.

### *Өтімділік тәуекелі*

Өтімділік тәуекелі – әдеттегі немесе күтпеген жағдайларда өтеу мерзімі келгенде өзінің төлем жасау жөніндегі міндеттемесін орындамау тәуекелі. Тәуекелді шектеу мақсатында басшылық Биржаның, Клиринг орталығының тиісті шоттарында болуы тиіс ақшаның минималды мөлшеріне қойылатын талаптарды белгіледі. Сонымен қатар Биржаның басшылығы өтімділікті ескере отырып, активтерді басқаруды және ағымдағы және болашақ ақша ағындарына күнделікті мониторинг жүргізуді жүзеге асырады. Бұл процесс күтілетін ақша ағындарын бағалауды және қажет болған кезде өтімділікті алу үшін пайдаланылуы мүмкін жоғары өтімділікті қамтамасыз етуді қамтиды.

Орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асырған кезде өтімділік тәуекелін басқару шеңберінде Клиринг орталығы қаржы құралдарымен жасалатын мәміле

бойынша Клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелерінде белгіленген қаржы құралдары мен процестерді пайдаланады.

Биржаның, Клиринг орталығының уақытша бос меншікті активтері Активтерді инвестициялау саясатында (бұдан әрі – инвестициялау саясаты) белгіленген шектелімге сәйкес қысқамерзімді қаржы құралдарына орналастырылады. Инвестициялау саясаты Биржаның, Клиринг орталығының инвестициялық портфелінде өтеу мерзімі бірдей қаржы активтерінің шоғырлануы нәтижесінде шығын туындау тәуекелін болдырмау мақсатында инвестициялық портфельді құрайтын инвестиция объектілерін әртараптандыруды көздейді.

Бұл ретте инвестициялық портфельдегі инвестиция объектілерін әртараптандыру Биржаның, Клиринг орталығының инвестициялық портфелінде өтеу мерзімі бірдей қаржы активтерінің шоғырлануы нәтижесінде шығын туындау тәуекелін болғызбау мақсатында жүргізіледі.

Міндеттемелерді орындамау тәуекелін азайту мақсатында клирингілік қатысушылар кепілдік қорын, ал Клиринг орталығы резервтік қор құрды, олардың мөлшері ішкі әдістемелер бойынша есептеледі.

Сонымен қатар өтімділік тәуекелін азайту мақсатында Клиринг орталығы бағалы қағаздар, Қытай юані мен теңге бойынша өтімділік провайдерлерімен шарттар жасасты.

#### *Қарсы серіктес тәуекелі*

Клирингілік қатысушылардың тәуекелін бақылау мақсатында Клиринг орталығы клирингілік қатысушы болуға үміткерлерге қойылатын талаптарды, соның ішінде меншікті капиталдың жеткіліктілігіне, қаржылық тұрақтылыққа, тәуекелді басқару жүйесінің болуына, ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл шеңберінде негативті мәліметтің болмауына, санкциялық шектеудің болмауына және т. б. қатысты талаптарды белгілейді.

Ұйымға клирингілік қатысушы мәртебесі берілген кезде (ұйымда қолданыстағы клирингілік қатысушы мәртебесі болған жағдайларды қоспағанда), мұндай ұйымға қаржылық есептілік және осы ұйым Клиринг орталығына ұсынған өзге де құжаттар негізінде ішкі рейтинг беріледі. Рейтинг А-дан D-ға дейін сатыланған.

Берілген рейтингіге байланысты клирингілік қатысушыға "жартылай қамтамасыз етілген" немесе "толық қамтылған" санаты беріледі.

"Жартылай қамтамасыз етілген" санатын алу үшін клирингілік қатысушының рейтингі "С" деңгейінен төмен болмауға тиіс.

Клиринг орталығы клирингілік қатысушылардың қаржылық жағдайына тұрақты түрде мониторинг жүргізеді. Банктерге мониторинг айына бір рет, брокерлерге тоқсанына бір рет жүргізіледі.

Мониторинг жүргізгенде клирингілік қатысушының қаржылық есептілігі, сондай-ақ сот талаптары туралы ақпарат, клирингілік қатысушының уәкілетті орган белгілеген пруденциалдық нормативтерді, өзге де норма мен шектеуді бұзуы туралы ақпарат және т. б., бірақ мұнымен шектелмей, теріс ақпаратты қамтитын және клирингілік қатысушының қаржылық тұрақтылығына әсер ететін кез келген оқиға назарға алынады.

Қаржылық мониторинг нәтижесінде клирингілік қатысушыға берілген ішкі рейтинг қайта қаралады.

Негативті ақпарат анықталған жағдайда, Клиринг орталығы тиісті қатысушыға жоғары бақылау (watch-list-ке қосу, ашық позицияларға күнделікті мониторинг жүргізу және клирингілік қатысушының осындай позициялары бойынша қамтамасыз етудің жеткіліктілігі, клирингілік қатысушыға қаржылық жағдайдың нашарлау себептері және оның қаржылық тұрақтылығын қалпына келтіру жоспарының болуы туралы сұрау салу жөніндегі мәселеге бастамашылық жасау) клирингілік қызмет көрсету, клирингілік қатысушы мәртебесінен айыру (анықталған сәйкессіздікті жоймаса немесе дәрменсіз деп танылса) жөнінен шара қолдануға құқылы.

KASE тобының негізгі артықшылықтары:

- Нарықтың әмбебаптығы, Биржаның экономикалық циклдің ауытқуын тиімді жеңуіне мүмкіндік беретін бизнесті әртараптандыру. Циклдің әртүрлі кезеңінде қатысушылар қаржы құралдарының түрлі класын талап етеді.
- KASE-дегі сауда-саттықтың сандық параметрлері акцияларды FTSE және MSCI дамушы нарықтарының индекстеріне енгізген кезде, сондай-ақ қазақстандық акция нарығының рейтингін қалыптастыру үшін пайдаланылады.
- KASE – шетелдік инвесторлар үшін нарықтық мәліметтің көзі, ол Bloomberg, Refinitiv және т. б. сияқты халықаралық қаржы нарықтарындағы нарықтық ақпараттың жетекші жеткізушілерімен белсенді ынтымақтасады.

- Қазақстандық капитал нарығы туралы ақпараттың маңызды көзі бола отырып, халықаралық биржалық қауымдастықтарға қатысу арқылы инвесторлардың географиясын кеңейтуге мүмкіндік береді.
- Заманауи технология, сауда-саттық және есеп айырысу инфрақұрылымы, ОК қызметтерінің болуы және T+2 толыққанды тәртіптемесі, сондай-ақ дамыған репо нарығы.
- Шетелдік инвесторлардың нарыққа шығуын жеңілдететін T+2 сауда-клирингтік циклінің болуы.
- Биржалық нарықтарда ақшалай есеп айырысуға арналған меншікті корреспонденттік желі.
- KASE Индексі – халықаралық қоғамдастық үшін қазақстандық акция нарығының негізгі индикаторы.
- Қазақстанның барлық банкі мен брокерлік-дилерлік ұйымы – KASE-нің мүшелері.
- Тәжірибелі және жоғары білікті қызметкерлер.

## НЕГІЗГІ ФАКТІЛЕР, НАРЫҚ ТРЕНДТЕРІ

KASE сауда-саттығының жиынтық көлемі 2024 жылы 389,1 трлн теңге болды, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 5,3% немесе 21,7 трлн теңгеге аз. Алайда, мәміле саны 73% өсіп, 1,0 миллионға жетті, бұл 2023 жылғы деңгейден едәуір асып түсті.

Акция нарығының капитализациясы 23,0% артып, 32,9 трлн теңгеге жетті. KASE Индексі 2024 жылы 33,2% өсіп, 5 578,10 тармаққа жетті және 2024 жылғы 5 желтоқсанда тарихи максимумды 5 624,38 тармақ деңгейінде жаңартты.

Айналымдағы корпоративтік борыш көлемі 1,6% немесе 211,5 млрд теңгеге ұлғайып, 13,7 трлн теңге (26,2 млрд USD) болды. KASE-дегі корпоративтік облигациялар секторында ерекше елеулі өсім байқалады, онда көлем 98,7% (2,2 трлн теңгеге) ұлғайып, 4,3 трлн теңгеге жетті.

"KASE Global" секторында сауда көлемі 46,6 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 27,5% немесе 10,0 млрд теңгеге артық. Репо операцияларының жиынтық көлемі 2024 жылы 261,6 трлн теңге болды, бұл 2023 жылғы ұқсас көрсеткіштен 14,7% немесе 45,0 трлн теңгеге төмен.

Сауда-саттық көлемі 2024 жылы 2,8 млрд теңге болып, 2023 жылмен салыстырғанда 49,9% (920,4 млн теңгеге) ұлғайды. Бастапқы нарық көлемі 49,5 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 52,5% немесе 17,0 млрд теңгеге артық.

2024 жылдың ақпанында "Эйр Астана" АҚ IPO өтті, оның шеңберінде компания 49,2 млрд теңге тартты, бұл – жергілікті нарықта ұсынылған жай акциялар көлемінің 76%.

2025 жылғы 01 қаңтардағы жай-күйі бойынша KASE-нің сауда-саттық тізімінде 262 эмитенттің 758 атаудағы мемлекеттік емес бағалы қағазы болды. Орталық депозитарий 2025 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша 3,5 млн шотты, оның ішінде 685 мың жеке шотты және омнибус-шот арқылы тіркелген 2,8 млн брокерлік шотты есепке алды. Салыстыру үшін, 2024 жылғы 1 қаңтарда шамамен 693 мың жеке шот және 1,7 млн омнибус-шот болған.

2024 жылы 32 жаңа эмитенттің бағалы қағаздары листинг процесінен өтті: олардың біреуі акциялар секторында, екеуі KASE Global секторында, 41 корпоративтік облигациялар секторында және біреуі туынды бағалы қағаздар секторында болды.

# KASE ТОБЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕБІ

## **KASE тобының 2022-2024 жылдарға арналған Даму стратегиясы: жетістіктер мен нәтижелер**

2024 жылы KASE тобы 2022-2024 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыруды аяқтады, бұл Қазақстанның қаржы инфрақұрылымының негізгі элементі ретінде KASE тобының белсенді өсу, ауқымды трансформация жасау және позицияларын нығайту кезеңі болды. Стратегияның өршіл мақсаттарының қатарында өтімділікті арттыру, инвесторлар мен эмитенттерге мүмкіндік беру, нарықтық инфрақұрылымды дамыту, цифрландыру және ESG стандарттарын енгізу болды.

Осы жылдар ішінде KASE жаңа құралдарды, механизмдер мен бастамаларды енгізе отырып, қор нарықтарында өтімділікті арттыруда айтарлықтай прогреске қол жеткізді. Бұл сауда-саттық көлемін ұлғайтуға, қолжетімді қаржы құралдарының ауқымын кеңейтуге және жаңа инвесторлар мен эмитенттерді тартуға ықпал етті. Үш жыл ішінде барлық нарықтағы сауда-саттық көлемі 2,2 есе өсіп, 2024 жылдың қорытындысы бойынша 389,1 трлн теңгені құрады, бұл Қазақстанның ЖІӨ-нен 2,9 есе артық. Жасалған мәміле саны 3,2 есе артып, 2,4 млн транзакцияға жетті, ал акция нарығының капитализациясы 14,3% өсіп, 32,9 трлн теңгені құрады.

2025 жылғы 01 қаңтардағы жай-күйі бойынша KASE Индексі 5 578,10 тармақты құрап, 2022 жылдың басынан бері 52% өскенін көрсетті. Үш жыл ішінде сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 2,2 есе артып, 1,6 трлн теңгеге жетті. KASE-дегі эмитенттер саны 14,9% өсіп, 262 болды, ал Биржа мүшелерінің саны 51 болды.

Стратегия аясындағы маңызды оқиғалардың бірі – қазақстандық ірі компаниялардың табысты IPO және SPO. Соңғы жылдары жүргізілген ең ірі бастапқы орналастырудың бірі – 2022 жылы жүзеге асырылған "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ IPO, оның шеңберінде KASE-ге 137,5 млрд теңге тартылды, бұл инвесторлардың қанағаттандырылған өтінімдерінің жалпы көлемінің 89% құрады. 2023 жылы "KEGOC" АҚ акциялары орналастырылды, 18,7 млрд теңге тартылды, бұл орналастырудың жалпы көлемінің 82,4% құрады. 2024 жылы KASE-де "Эйр Астана" АҚ IPO өтті, 49,2 млрд теңге немесе орналастырудың жалпы көлемінің 76% тартылды.

Сонымен қатар KASE есептесудің сенімділігі мен операциялардың тиімділігін арттыра отырып, клирингілік инфрақұрылымды белсенді дамытты. 2022 жылы KACC Орталық контрагенті құрылды, ол 2023 жылы клиринг қызметін және банк операцияларының жекелеген түрін жүзеге асыруға лицензия алды. 2024 жылы валюта нарығында және туынды құралдар нарығында есеп айырысу қызметін бере отырып, клирингілік функцияларды шоғырландыру аяқталды. KACC оң болжаммен A+ рейтингін алды және CCP Global-ға кірді.

"Даму" кәсіпкерлікті дамыту қорымен ынтымақтастық маңызды қадам болды, бұл шағын және орта кәсіпорындарға (ШОБ) неғұрлым тиімді шарттармен қаржыландыру алуға мүмкіндік берді. 2024 жылы 13,6 млрд теңге сомасына субсидияланатын купондық мөлшерлемесі бар 5 эмитент тартылды. Кәсіпкерлер үшін 60-тан астам консультативтік кездесу мен дөңгелек үстел өткізілді.

KASE өтімділікті арттыратын құралдарды кеңейтуді жалғастырды және ESG құралдарымен, шетелдік бағалы қағаздармен, клирингілік қатысу сертификаттарымен және жаңа валюта жұптарымен сауда-саттықты бастады. Бұл бастамалар нарықтың әртүрлі сегментіндегі өтімділікті едәуір арттыруға мүмкіндік берді.

Жаңа индекстер мен индикаторларды енгізуді қоса алғанда, мемлекеттік бағалы қағаздар нарығын дамытуға, сондай-ақ бастапқы дилерлер арқылы қатысушылардың белсенділігін бағалау тетігін іске асыруға ерекше назар аударылды, бұл нарықтың ашықтығы мен тиімділігін арттырды.

ESG-қаржыландыру саласындағы белсенді жұмыс экологиялық тұрақты жобаларға ұзақмерзімді инвестиция салуды көздейтін жаңа қатысушыларды тартуға мүмкіндік берді. Инвесторлардың қолжетімділігін жеңілдету үшін омнибус-шоттармен сауда-саттық жасау мүмкіндігі енгізілді және білікті инвесторлар үшін "жеке орналастыру" платформасы іске қосылды.

KASE халықаралық іс-шараларға қатысып, нарық құрылымын жақсарту және тәуекелді азайту үшін мүшелік туралы ережені өзгерту арқылы шетелдік инвесторларды тарту жөнінен белсенді жұмыс істеді. Бұл күш-жігер KASE-ге Қазақстандық қор нарығының мәртебесін Emerging Market санатына дейін көтеруге мүмкіндік берді, ал ол жаһандық институционалдық инвесторларды тартуға ықпал етеді.

Сауда-саттықтан кейінгі ақпараттың ашықтығы үшін KASE-ні еуропалық реттеуші ESMA-ның мойындауы маңызды жетістік болды, бұл шетелдік инвесторлардың сенімін арттырды. 2024 жылы KASE және KACC Tabadul Hub цифрлық биржалық кеңістігіне қосылды, бұл қазақстандық биржаның халықаралық байланыстары мен мүмкіндіктерін кеңейтеді.

**"Биржалық нарықтардағы өтімділікті арттыру" стратегиялық бағыты шеңберінде 2024 жылы мынадай жобалар іске асырылды:**

***"Эйр Астана" АҚ бойынша IPO өткізу***

2024 жылы KASE алаңында әуетасымал саласының қор нарығы тарихындағы алғашқы өкілі – "Эйр Астана" АҚ-тың жай акциялары бойынша IPO өтті.

"Эйр Астана" АҚ IPO-сы бір мезгілде үш алаңда өтті: KASE, London Stock Exchange (LSE) және Astana International Exchange (AIX), оның шеңберінде компания 167,3 млрд теңге (370 млн АҚШ долларының баламасы) тартты, бұл ретте 58% жергілікті нарыққа тартылды.

Қазақстандық инвесторлар 97 млрд теңгеге (215 млн АҚШ долларының баламасы) "Эйр Астана" АҚ-тың бағалы қағаздарын сатып алды, олардың ішінде жеке адамдардың үлесі – 53%, институционалдық инвесторлардың үлесі – 47%. KASE алаңында қазақстандық инвесторларға ұсынылған көлемнің 51% қанағаттандырылды.

IPO өткізген кезде KASE өзінің инвесторлар мен инвестицияның максималды санын тартуға және қанағаттандыруға қабілетті алаң екенін тағы да растады. KASE-дегі жария ұсыныстың нәтижесі бойынша эмитент бір акция үшін 1 073,83 теңге бағамен акция сатып алуға берілген 45,8 млн өтінімді қанағаттандырды. KASE-ге тартылған ақшаның жиынтық көлемі – 49,2 млрд теңге (108,9 млн АҚШ долларының баламасы), бұл жергілікті нарықта ұсынылған жай акциялар көлемінің 76%. Жеке адамдардың шоттарына 24,3 млрд теңге сомасында немесе KASE-ге орналастыру көлемінің 49,4% көлемінде бағалы қағаз түсті, институционалдық инвесторлар берген қанағаттандырылған өтінімдер көлемі 24,9 млрд теңге немесе орналастыру көлемінің 50,6% болды.

Әуекомпания бойынша жүргізілген IPO шеңберінде KASE-де кітап жабылған кезде белсенді болған өтінім саны 37 мыңға жуық, сомасы 120,6 млрд теңге (266,8 млн

АҚШ долларының баламасы) болды. Сұраным көлемі KASE-де орналастыруға ұсынылған жай акциялар көлемінен 2,5 есе дерлік асып түсті.

09 ақпанда қазақстандық капитал нарығының тарихында тұңғыш рет "Эйр Астана" АҚ акцияларының сауда-саттығы премаркетте ашылды. Премаркет кезеңінде KASE-де жиынтық көлемі 409 млн теңге болатын 974 мәміле жасалды.

KASE "Эйр Астана" АҚ IPO-ны табысты өткізуде және маркетингтік іс-шараларда шешуші рөл атқарды. 2024 жылғы 02 ақпанда KASE алаңында болған роуд-шоу аясында компания басшылығының әлеуетті инвесторлармен кездесуі өтті.

2024 жылғы 15 ақпанда "Эйр Астана" АҚ жай акцияларымен сауда-саттықтың ашылу салтанаты өтіп, KASE және AIX алаңдарында бір мезгілде трансляцияланды. 2024 жылғы 01 наурыздан бастап "Эйр Астана" АҚ жай акциялары KASE Индексінің өкілдік тізіміне енді.

### ***Своп-нарықта жаңа қаржы құралдарымен сауда-саттықтың басталуы***

2024 жылғы 09 қыркүйекте EUR/USD валюта жұбы бойынша SWAP-операциялар нарығында жаңа қаржы құралымен сауда-саттық ашылды. EUR/USD своптарын қолдана отырып сауда-саттыққа қатысу пайыздық мөлшерлемелердің жайғасымы мен айырмашылығына байланысты пайыз алуға немесе төлеуге, своптарды хеджеуге немесе арбитраж стратегиясының бөлігі ретінде пайдалануға және своптарды carry trade сияқты күрделі стратегиялардың бөлігі ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Сауда-саттық ашылған сәттен бастап 2024 жылдың соңына дейінгі кезеңде осы қаржы құралдары бойынша жасалған мәмілелер көлемі 265,3 млн АҚШ долларын құрады.

Сонымен қатар SWAP нарығының қаржы құралдары үшін (еуро, рубль және юань бойынша CBOП операцияларына қатысты) ашылу бағасының есебі өзгертілді (бұрын есеп айырысу T+0 есептесуімен мәмілелер бойынша орташа сараланған бағадан, 2024 жылғы 09 қыркүйектен бастап – T+1 есептеуімен іздер бойынша орташа сараланған бағадан жүзеге асырылды), өйткені негізгі сауда-саттық көлемі нарықтық баға қалыптасатын T+1 есептеуі бар құралдар бойынша өтеді.

### ***Бағалы қағаздармен кредиттеу/қарыз алу операцияларының басталуы***

2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап сауда-саттыққа қатысушыларға мемлекеттік бағалы қағаздармен (Securities Lending and Borrowing – SLB) кредиттеу/қарыз алу операцияларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін теріс мөлшерлемемен репо

операциялары іске қосылды. Қарыз алу үшін бағалы қағаздарды ұсыну арқылы сауда-саттыққа қатысушы қарыз алушыдан пайыз (немесе комиссия) алады. Бұл сауда-саттықта пайдаланылмайтын активтер бойынша кіріс алуға мүмкіндік береді. Бағалы қағаздарды қарызға алу қысқа позицияларға мүмкіндік береді, бұл тәуекелді хедждеуге немесе активтер бағасының төмендеуінен пайда табуға көмектеседі.

### ***KASE-нің жаңа әдістемесі бойынша нарықтық бағаны есептеу***

2024 жылы KASE "Бағалы қағаздардың нарықтық бағасын есептеу әдістемесі" атты KASE-нің жаңа құжатына сәйкес бағалы қағаздардың нарықтық бағасын есептеуге кірісті.

Қалыптасқан тәжірибеге және кейбір реттеу нормаларына сәйкес бағалы қағаздарды ұстаушылар өздерінің портфельдерін бағалау үшін Биржа есептеген бағаларды жиі пайдаланады.

Нарықтық бағаны есептеу бағалы қағаздар бойынша өтінімдер мен мәмілелер параметрлеріне ғана негізделеді, осы бағалармен айла-шарғы жасау тәуекелін азайту құралдарын қамтиды және негізгі листингі Биржада болатын қазақстандық бағалы қағаздар бойынша ғана жүргізіледі. Бағалау үшін Параметрлер (өтінімдер мен мәмілелер) жеткіліксіз болған кезде, нарықтық баға есептелмейді.

### ***Индекстер мен индикаторларды енгізу***

2024 жылдың соңына қарай KASE инвесторлар мен аналитиктерге бағалы қағаздар нарығының белгілі бір сегментінде болып жатқан өзгерістерді көрсететін және Қазақстан Республикасының қор нарығының бүкіл әлем бойынша танымалдылығын арттыратын 33 биржалық индекс пен ақша және қор нарықтарының индикаторын есептеді.

2024 жылы Биржа экологиялық және әлеуметтік маңызды жобаларды қаржыландыруға бағытталған орнықты даму облигациялары құнының өзгеруін көрсететін ESG индекстерінің сериясын есептеуге және жариялауға кірісті. ESG индекстерінің сериясы "таза" баға индексін, "таза емес" баға индексін (есептелген купондық сыйақыны, қайта инвестицияланған купонды ескереді), кірістілік индикаторын және облигациялардың ESG индексінің ұзақтығын қамтиды. Облигациялардың ESG индекстерін есептеуді іске қосу "жасыл" экономика саласындағы әлемдік үрдістерге сәйкес ESG нарығын дамытуға бағытталған.

Есепті жылы Биржа "таза" бағалар индексін, "таза емес" бағалар индексін (есептелген купондық сыйақыны, қайта инвестицияланған купонды ескеретін), кірістілік индикаторын, ұзақтығын және өзгертілген ұзақтығын қамтитын тіркелген тізімдегі МБҚ нарық индекстерінің KZGB\_m1m (more than one month) сериясын есептеуге және жариялауға, сондай-ақ ақша нарығының және МБҚ нарығының MBM\_index (Money and Bond Market Index) композиттік индексін есептеуге және жариялауға кірісті. Бұл индекс ақша нарығының 25% (TCI) және жиынтық кіріс индексінің (KZGB\_m1m) 75% үлес салмағымен эталондық портфельдің динамикасын көрсетеді. MBM\_index композиттік индексі Банктің ұсынысы бойынша, бағалы қағаздар нарығын дамыту және активтерді Банктің сенімгерлік басқаруынан бәсекелестік ортаға беру шеңберінде әзірленді.

### ***Tabadul платформасына қосылу***

2024 жылы KASE Tabadul Hub халықаралық сауда алаңына қосылып, Tabadul-ға қосылған алтыншы қор биржасы болды.

2024 жылдың тамызында KASE мен KACC ресми түрде TABADUL Exchange Hub-та жұмыс істеу туралы келісімге қол қойды, оны ADX 2022 жылдың шілдесінде нарыққа өзара қол жеткізу моделі бойынша жұмыс істейтін аймақтағы алғашқы цифрлық биржа ретінде іске қосты.

Tabadul инвесторларға аккредиттелген жергілікті брокерлер арқылы қатысушы биржалардағы сауда мүмкіндіктеріне кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы капитал нарықтарын дамытуға ықпал етеді.

Бұл бастама өтімділікті, нарыққа қолжетімділікті және инвестицияны әртараптандыруды жақсартады және аймақтық нарықтар арасындағы байланысты нығайтады.

KASE-нің ADX-пен серіктестігі жаһандық инвесторлардың қазақстандық қаржы құралдарына қол жеткізуін және қазақстандық инвесторлардың Tabadul Hub арқылы халықаралық нарықтарда жүргізілетін шетелдік бағалы қағаздар сауда-саттығына қол жеткізуін қамтамасыз ету арқылы өтімділікті арттыруға және инвестициялық ахуалды жақсартуға жәрдемдеседі.

Бұл ынтымақтастық қатысушылар арасындағы кросс-биржалық сауда-саттық үшін жаңа мүмкіндіктер ашады және стратегиялық әріптестікті нығайтады.

Осы жобаны іске асыру шеңберінде 2025 жылдың басына жоспарланған Tabadul жүйесіне техникалық қосылу, ішкі нормативтік құжаттар мен бизнес-процестерді жаңарту, сондай-ақ орталық депозитариймен және реттеушімен өзара іс-қимылды келісу бойынша барлық қажетті жұмыс сәтті аяқталды.

Ынтымақтастық KASE мен ADX стратегиялық серіктестігін, сондай-ақ платформаға қатысушы басқа биржаларды нығайта отырып, трансшекаралық сауда-саттық үшін бірегей мүмкіндіктер береді.

Есепті жылдың соңында Tabadul Hub мүшелері ADX, Bahrain Bourse Stock Exchange, Muscat Stock Exchange, Central Asian Stock Exchange, Amman Stock Exchange, Astana International Stock Exchange және Armenia Stock Exchange болды.

### **ESMA**

2024 жылы KASE-ні Еуропалық бағалы қағаздар нарығын қадағалау басқармасы (European Securities and Markets Authority, ESMA) MiFID II/MiFIR (markets in Financial Instruments Directive/Regulation) еуропалық реттеу шеңберінде сауда-саттықтан кейінгі ақпараттың ашықтығы туралы талаптарды қанағаттандыратын үшінші елдердің сауда-саттық алаңдарының тізіміне енгізді.

Бұл мәртебені алу KASE-нің ашықтықтың жоғары еуропалық стандарттарына сәйкестігін растайды және KASE-де мәміле жасасатын еуропалық инвестициялық компанияларға MiFIR-ге сәйкес осындай мәмілелер бойынша қосымша міндетті есептіліктен босатуға мүмкіндік береді. Бұл қадам қазақстандық нарықтың еуропалық инвесторлар үшін тартымдылығын едәуір арттырады және Биржадағы өтімділіктің өсуіне ықпал етеді.

### ***Деривативтер нарығын дамыту***

Туынды құралдар нарығын дамыту өтімділікті арттыру, инвестициялық мүмкіндіктер ауқымын кеңейту, тәуекелді азайту және жаңа қатысушыларды тарту сияқты бірқатар әлеуетті артықшылыққа ие. Осы мақсаттарға жету үшін жүйелі тәсіл мен Биржаның және нарықтың барлық қатысушысының тұрақты күш жігері қажет.

2024 жылы Биржа деривативтер нарығында өтімділікті арттыруға жағдай жасау жөнінен белсенді жұмыс істеп, күш-жігерін жаңа қатысушылар санын арттырып, маркет-мейкерлерді тартуға бағыттады. Сонымен қатар туынды құралдар нарығы туралы білім деңгейін арттыру аясында Қазақстанның жетекші университеттерінде бірқатар білім беру бағдарламасы мен семинар, сондай-ақ нарыққа қатысушылар

үшін консультация беруді ұйымдастырды. Брокерлік компаниялармен бірлесе отырып, KASE бөлшек инвесторлар үшін оқыту іс-шарасын өткізді және жаңа бастаған инвесторлар үшін арнайы материалдар әзірледі.

2024 жылы деривативтер секторында биржалық инвестициялық қорлардың бағалы қағаздарына жаңа фьючерстер іске қосылды. АҚШ долларының теңгеге бағамына, Ресей рублінің теңгеге бағамына, KASE Индексіне, сондай-ақ "Қазақстан Халық Банкі" АҚ және "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" АҚ акцияларына жеткізілімсіз фьючерстер сауда үшін әлі де қолжетімді.

Маркет-мейкерлерді тарту бағдарламасы шеңберінде 2024 жылы "SQIF Capital" АҚ-пен келісім-шарт жасалып, қол қойылды, ол АҚШ долларының теңгеге және Ресей рублінің теңгеге бағамына фьючерстерді ілгерілету бойынша міндеттемелерді өзіне алды. Қазіргі уақытта туынды құралдар нарығында үш маркет-мейкер: "Halyk Finance" АҚ "Қазақстан Халық Банкі" АҚ-тың жай акцияларына, "NGDEM Finance" АҚ KASE Индексінің фьючерстеріне және "SQIF Capital" АҚ валюталық фьючерстер бойынша маркет-мейкер міндеттерін орындайды.

Көлемі шамалы болып қалса да, Биржа деривативтер нарығын белсенді дамытуды жалғастыруда. Жаңа уақытта нарыққа қатысушылармен бірлесіп Биржа тәуекел-менеджмент жүйесін жетілдіру және сауда-саттық құралдарының спектрін біртіндеп кеңейте отырып, маркет-мейкерлер институтын нығайту бойынша жұмыс істейтін болады.

### ***Оқыту, консалтинг, нарықты ілгерілету***

KASE қаржылық қызметтер саласындағы білімді кеңейтуге және барлық мүдделі тарап арасында қаржылық сауаттылықты арттыруға үлкен мән береді. 2024 жылы Биржа эмитенттерге, инвесторларға, студенттерге және БАҚ өкілдеріне бағытталған білім беру бағдарламаларын жүргізуді жалғастырды.

2024 жылы KASE қор нарығына бөлшек инвесторларды тартуға және қаржылық сауаттылық деңгейін арттыруға бағытталған бірқатар бастаманы іске асырды. Биржалық құралдар туралы халықтың хабардарлығын арттыру мақсатында брокерлік компаниялармен бірлесіп "Менің KASE-дегі портфелім" кешенді оқыту бағдарламасын ұйымдастырды. Курс аясында "Бағалы қағаздар нарығына кіріспе", "Акция таңдау", "Облигация таңдау", "Инвестициялық қорлар (ИПҚ және ETF)", "Мерзімді нарық негіздері" және "Инвестициялық портфельді қалыптастыру" сияқты тақырыптар қарастырылды.

2024 жылдың қазанында Биржа Астана, Павлодар және Алматының жетекші жоғары оқу орындарында "KASE FEST" қазақстандық брокерлер жәрмеңкесін ұйымдастырды. Іс-шара WFE бастамасымен жыл сайынғы World Investor Week 2024 бағдарламасына орай өткізілді.

2024 жылғы 21 қазан мен 21 қараша аралығында акция нарығында жыл сайынғы бөлшек инвесторлар байқауы өтті. Іс-шара Қазақстанда акциялармен биржалық сауда-саттықты танымал етуді көздеп өткізілді. Байқауға KASE қор нарығына мүше брокерлік компаниялардың клиенттері болып табылатын жеке адамдар қатысты. Конкурсқа қатысушыларға қолжетімді қаржы құралдарының тізіміне KASE Индексінің акциялары және KASE Global секторының акциялары кірді. Байқауға 100-ден астам бөлшек инвестор қатысты. Конкурстың нәтижесінде оған қатысушылар 2 942 мәміле жасасты, ал алынған ең жоғары кірістілік 117%-дан асты. Байқау барысында акциялармен жасалған мәміле саны жөнінен максималды көрсеткішке қол жеткізген үш жеңімпаз бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Қор нарығына әлеуетті инвесторларды тартуға бағытталған Биржаның тағы бір жобасы – "Биржалық симулятор" байқауы, бұл – Биржа 2008 жылдан бастап жылына екі рет өткізетін студенттік жоба. Конкурс барысында жобаға қатысушыларға сауда-саттық бастауға номиналды мөлшері 1 млн теңгелік портфель (қаржы құралдарының/акциялардың виртуалды жиынтығы) беріледі. "Биржалық симуляторға" қатысушылардың негізгі міндеті – ең үздік инвестициялық портфельді қалыптастыру.

Балалар мен жастардың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған Global Money Week жаһандық жобасы аясында Биржа "Инвестициялауға 5 қадам" және "Салық салу және бағалы қағаздарды декларациялау" вебинарларын өткізді.

#### *Компанияларға арналған оқыту бағдарламалары*

Биржа компанияларға арналған оқу бағдарламаларына ерекше назар аударады. 2024 жылы сарапшылардың қолдауымен келесі тренингтер өткізілді:

- Шымкент қаласының кәсіпкерлеріне арналған Атамекен алаңындағы "KASE-нің бизнеске беретін мүмкіндіктері" вебинары аясында спикерлер бизнеске арналған қор нарығының құралдары, олардың түрлері мен артықшылықтары, қор нарығына шыққан кезде шағын және орта кәсіпкерлікке қолдау көрсету жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар туралы айтып берді;

- "Жасыл Даму" АҚ шақыруы бойынша заңды тұлғалар үшін "Қор нарығының негіздерін" оқыту, оның барысында KASE спикерлері шақырылған қонақтарға қор нарығының артықшылықтарын түсіндірді, қаржы құралдарының арасындағы айырмашылықтар, қаржы нарықтарындағы тәуекелдер, сондай-ақ инвестициялау стратегиялары туралы айтып берді;
- PWC-мен бірлесіп "жасыл облигациялар шығару", KPMG-мен бірлесіп "ESG қағидаттарына сәйкес есептілікті дайындау", AERC-пен бірлесіп "Инвесторларға макроэкономика жайында", "Қарапайым тілмен фьючерстер туралы", "Инвесторлармен байланысты жақсарту: Қазақстандағы листингілік компаниялар үшін озық стратегиялар" вебинарлары.

2024 жылы KASE қызметкерлері "Жасыл көкжиек: Қазақстандағы кәсіпкерлік және орнықты даму" бизнес-бранчына қатысып, KASE-нің Қазақстанда тұрақты қаржыландыру құрудағы тәжірибесін бөлісті, кредиттік серіктестіктер форумына қатысып, қор нарығындағы мүмкіндіктер туралы ақпаратпен таныстырды.

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп "Эмитенттердің қор нарығында ақпаратты ашып көрсетуі" тақырыбында вебинар өткізді, оның барысында сарапшылар ақпаратты ашып көрсету ережелерімен және тәртібімен таныстырды, бұл бағалы қағаздарды табысты орналастыру үшін ғана емес, олар қор нарығында айналымда болатын кейінгі процестерде де өтімділікті қолдау үшін қажет шарт болып табылатынын атап өтті, сондай-ақ KASE-дегі листингілік процедуралар, шағын және орта бизнес компанияларында корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін құру тәсілдері және қор нарығын дамыту үшін мемлекет ұсынатын қолдау шаралары жөнінде вебинар өткізді.

KASE Биржасы жыл сайын Global Money Week жаһандық жобасына қатысады. 2024 жылғы наурызда Биржа ұсынылған жоба шеңберінде "Ақша жинаудан инвестиция салуға дейінгі 5 қадам" вебинарын өткізіп, жаңадан бастаған инвесторлар үшін қазақстандық бағалы қағаздар нарығында инвестиция салудың артықшылықтары туралы ақпарат берді.

#### *PR жөніндегі іс-шара*

Биржа өз серіктестерімен және мүдделі тараптармен ақпарат алмасу үшін бұқаралық ақпарат құралдарымен белсенді түрде бірлесіп іс-әрекет етуді көздейді. KASE жыл сайын биржалық нарықтағы ахуал және онда сауда-саттық жасалатын

қаржы құралдары, Биржаның бастамалары, сондай-ақ әлемдік нарықтардағы трендтер туралы ақпаратты ашып көрсетуге бағытталған іс-шаралар өткізеді.

БҰҰ-ның "Тұрақты қор биржалары" бастамасын іске асыру шеңберінде (Sustainable Stock Exchanges Initiative) 2024 жылы Биржа Ring the Bell for Gender Equality саудасаттықтың ашылу салтанатын жетінші рет өткізді, оның шеңберінде "Invest in Women: Accelerate Progress" тақырыбында пікірталас өтті. Бұл іс-шара орнықты даму саясаты мен ESG қағидаттары контекстінде гендерлік инклюзивтілікті дамыту перспективаларына және гендерлік теңдікті қолдауға әлемдік қоғамдастықтың назарын аудару мақсатында ұйымдастырылған.

KASE биржа нарығының қызметі туралы хабардарлықты арттыру, сондай-ақ қор нарығының оқиғаларын жариялау мақсатында Биржа "Business FM" радиостанциясында "KASE-нің биржалық жаңалықтары" жаңалықтар айдарын шығаруды жалғастырды. LinkedIn, Facebook, Instagram, Telegram әлеуметтік желілерінде цифрлық контент өндірісін тұрақты негізде жалғастырады.

KASE қолдауымен қаржы нарығының топ-менеджерлері үшін Алматыда жыл сайынғы 11-ші CFO Summit Idea Exchange & Networking Event өтті, оның барысында KASE Басқарма төрағасы Алина Алдамберген "Жаңа Қазақстандағы банктердің рөлі" тақырыбында сөз сөйледі.

Қыркүйек айында KASE Алматыда Биржаның эмитенттері, мүшелері мен серіктестері арасында футболдан турнир өткізді. Жарысқа ҚР Ұлттық банкі, ҚНРДА, "Бағалы қағаздардың орталық депозитарий" АҚ, "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ, Freedom Holding, сондай-ақ банктер мен МҚҰ-дан барлығы 26 команда қатысты.

### **Стратегиялық 2-бағыт. Орталық контрагентті негізгі инфрақұрылымдық элемент ретінде дамыту**

KASE базасында барлық нарықта: қор, ақша және мерзімді нарықтарда орталық контрагент институты енгізіліп, тиімді жұмыс істейді. KASE орталық контрагентті өзінің барлық нарығында кезең-кезеңімен: деривативтер нарығында 2012 жылы, валюта нарығында 2018 жылы, қор және ақша нарықтарында 2019-2020 жылдары енгізді.

KASE-нің барлық биржалық нарығында орталық контрагенттің қызметін іске қосу және дамыту қатысушылардың кредиттік тәуекелін төмендетіп, мәмілелер бойынша есеп айырысудың аяқталуына кепілдік береді, кроссмаржа және неттинг

есепінен қатысушылардың транзакциялық шығынын қысқартуды қамтамасыз етеді. ОК сервисі инвесторларға мәміле бойынша активтерді уақытылы алуына кепілдік беруге, тәуекелді басқаруды енгізуге және нақты уақыт режимінде құралдарды барабар бағалауға мүмкіндік береді.

2022 жылы орталық контрагенттің функционалын жеке ұйымға бөліп шығару жұмыстары басталды. Биржаның Директорлар кеңесі Биржаның 100% еншілес компаниясы – "eTrade.kz" ЖШС-ны қайта ұйымдастыру арқылы "KASE Клиринг орталығы" АҚ құру жөнінде шешім қабылдады. 2022 жылғы 21 маусымда Клиринг орталығы KASE-нің 100% еншілес компаниясы болып табылатын заңды тұлға ретінде тіркелді.

Клиринг функциялары мен есептесуді беруге дайындық шеңберінде клиринг орталығы қажетті процестерді енгізді және нарық инфрақұрылымын құрайтын және оны пайдаланушы қаржы ұйымдарымен іскерлік қатынас орнатты, қызметкерлер штатын жасақтап, активтерді беруді жүзеге асырды, ішкі нормативтік құжаттарын әзірлеп, бекітті, сондай-ақ қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі уәкілетті органнан:

- 1) бағалы қағаздар нарығында қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыруға (2023 жылғы 21 шілдеде берілген № 3.1.8.2 лицензия);
- 2) ұлттық және шетел валютасында банк операцияларын жүргізуге (2023 жылғы 28 тамызда берілген № 4.3.22 лицензия) лицензия алды.

Функцияларды Биржадан Клиринг орталығына тапсыру екі кезеңде жүргізілді:

1. 2023 жылғы 25 қыркүйекте Биржа қор нарығы бойынша клиринг және есеп айырысу функцияларын, сондай-ақ орталық контрагенттің функцияларын Клиринг орталығына тапсырды.
2. 2024 жылғы 3 маусымда Биржа валюта нарығы және деривативтер нарығы бойынша клиринг және есеп айырысу функцияларын, сондай-ақ орталық контрагенттің функцияларын Клиринг орталығына тапсырды.

Биржалық нарық инфрақұрылымының функцияларын бөлу инвесторлар үшін ұйымдасқан нарықта операция жүргізген кезде тартымды жағдай жасау, шетелдік инвесторларды тарту, Қазақстан мен өңірдегі өзге биржалық нарықтарда қызмет көрсету мүмкіндіктерін кеңейту, сондай-ақ инфрақұрылымдық ұйымдардың тәуекелдерін бөлу мақсатында жүзеге асырылды.

Клиринг орталығы өз қызметін халықаралық үздік бизнес-практикаларға сәйкес келтіру және халықаралық деңгейде таныту мақсатында белсенді түрде жетілдіріп жатыр.

Осылайша, 2024 жылғы қаңтарда KASE Клиринг орталығы осы салада танылған сарапшы Zeliade Systems француз компаниясы жүргізген тәуекел-модельдердің орталық контрагенттер туралы еуропалық заңнаманың – European Market Infrastructure Regulation (EMIR) нормаларына сәйкестігіне валидациядан сәтті өтті.

Тәуекел менеджменті жүйесін жетілдіру шеңберінде Клиринг орталығы тәуекел-модельдерді валидациялауды жүргізген Zeliade Systems компаниясының ең үздік бизнес-практикалары мен ұсынымдарына сәйкес бірқатар инновация енгізді:

- клирингілік қорлардың мөлшерін есептеген кезде, wrong way risk және клирингілік қатысушылардың үлестестігін, сондай-ақ экстремалды жағдайларды бағалаған кезде портфельдік тәсілді және клирингілік қатысушылардың кепілдік қорларына жасаған жеке жарналарын есепке алу енгізілді,
- Т+ тізімінің және Т+ Қамтамасыз ету тізімінің модульдік құрылымы енгізілді,
- циклділік тәуекелін бақылауға арналған стресске қарсы қамтамасыз ету енгізілді,
- тәуекел параметрлерін есептеу үшін портфельдік тәсіл енгізілді.

2024 жылдың желтоқсанында Британиялық Thomas Murray консалтинг агенттігі KASE Клиринг орталығының операциялық қызметіндегі тәуекелге бағалау жүргізді. Бағалау нәтижесінде KASE Клиринг орталығына "Позитивті" болжамымен "А+" операциялық рейтингі берілді. Сондай-ақ 2024 жылдың желтоқсанында Thomas Murray KASE Клиринг орталығының CPMI-IOSCO PFMI сәйкестігіне бағалау жүргізді.

Клиринг орталығы шетелдік орталық контрагенттермен және халықаралық орталық депозитарийлермен белсенді түрде іскерлік қарым-қатынас орнатып жатыр. Осылайша, Клиринг орталығы Америка, Еуропа, Таяу Шығыс, Африка және Азия – Тынық мұхиты аймағының қаржы нарықтарында операция жүргізетін 40 орталық контрагентті біріктіретін CCP Global халықаралық қауымдастығына кірді. Клиринг орталығы Euroclear және ClearStream халықаралық орталық депозитарийлерінің жұмыс тәжірибесі мен шот ашу мүмкіндігін зерделеу мақсатында олармен бірқатар кездесу өткізді.

### **Стратегиялық 3-бағыт. Инновация енгізу және технологияны жаңғырту**

"Инновация енгізу және технологияны жаңғырту" стратегиялық бағытын іске асыру шеңберінде үшжылдық стратегияның міндеттері:

- ақауға төзімділікті қамтамасыз ету және резервтік шешімдерді тестілеу;
- ISO халықаралық стандарттары бойынша сертификаттау;
- деректер қоймасын жаңарту және жаңа DWH іске қосу;
- интерфейсі жаңартылған БЭК-офисті іске қосу;
- ISO 20022 шеңберінде MX төлем форматына көшу;
- инновацияға және перспективалық технологияға бет бұру;
- Биржаның сервистік порталын енгізу;
- Биржаның жаңа сайтына іске қосу.

Ақаулыққа төзімділікті қамтамасыз ету және резервтік шешімдерді тестілеу мақсатында Биржа ақауға төзімділік деңгейін арттыру, биржалық сервистерге қолжетімділік деңгейін арттыру және өз қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізді. Жүргізілген жұмыс шеңберінде Биржаның барлық IT-инфрақұрылымын, оның ішінде физикалық қамтамасыз етуді де, виртуалды қамтамасыз етуді де айтарлықтай технологиялық жаңғырту жүргізілді.

2024 жылғы қаңтардан бастап KASE ақпараттық жүйелерінің барлық дерекқоры, өнімді ортасы метрокластерде жұмыс істейді. Бұл – 50-ден астам түрлі ақпараттық жүйе (соның ішінде кеңсе, интеграция, көмекші және жүйелік ақпараттық жүйелер).

2024 жылы KASE және KACC ISO 9001 және ISO 27001 халықаралық стандарттары бойынша аудиттен және сертификаттаудан сәтті өтті.

ISO 9001:2015 сертификаты Биржа мен Клиринг орталығының қызметінде ұзақмерзімді стратегияның және клиенттер мен стейкхолдерлер алдындағы міндеттемелерді орындауға жүйелі тәсілдің бар екендігін куәландырады. ISO 9001:2015 стандартының талаптары ұйымның негізгі процестеріне (жоспарлау, жобалау және әзірлеу, сатып алу, дайындау, қызмет көрсету, бақылау), көмекші процестерге (персоналды басқару, білімді басқару, инфрақұрылымды дұрыс ұстау) және басқару процестеріне (стратегиялық жоспарлау, мақсат қою, жобаларды басқару, үздіксіз жетілдіру процесі) қойылатын талаптарды қамтиды.

KASE тобы қызметтің тиімділігін арттыруға, тәуекелді азайтуға және мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды жақсартуға бағытталған сенімді және тиімді шешімдерді нарық қатысушыларына ұсына отырып, бизнес-процестерді ұдайы жетілдіру және инновациялық шешімдерді енгізу қағидатын ұстанады.

ISO 27001 сәйкестік сертификаты Биржаның және Клиринг орталығының ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін ұйымдастырудың жоғары деңгейін растайды, оның ішінде ақпараттық қауіпсіздік саласындағы ішкі саясаттар, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі бақылау құралдары мен шараларын басқару, қатерлердің тұрақты мониторингі және тәуекелдер мен мүмкіндіктерге ден қою жөніндегі іс-қимылдар. ISO 27001 стандарты бойынша ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету деректердің сақталуына, нарыққа қатысушылардың ақпаратын қорғауға сенімділік береді және Биржаның және Клиринг орталығының белгіленген саясаттарына сәйкес ақпараттық активтердің тұтастығына, құпиялылығына және қолжетімділігіне кепілдік береді

Маңызды технологиялық қадамдардың бірі – жаңартылған деректер қоймасы (DWH), оның шеңберінде технологиялардың жаңа жиынтығына көшу жүзеге асырылды. Бұл өнімділікті едәуір арттыруға, қауіпсіздікті жақсартуға және Биржада да, реттеушілермен өзара әрекеттесу шеңберінде де аналитикалық мүмкіндіктерді кеңейтуге мүмкіндік берді.

Жаңғырту барысында деректердің сапасын арттыруға (Data Quality) ерекше назар аударылды, бұл ақпаратпен неғұрлым дәл және стандартталған жұмысты қамтамасыз етті. Бұл өзгерістер ішкі аналитикалық процестердің тиімділігін арттырып қана қоймай, негізгі қаржы институттарымен өзара іс-қимылдың жаңа механизмдерін құруға мүмкіндік берді.

Оның бірі Қазақстанның Ұлттық банкімен дерек алмасуға арналған цифрлық витриналарды дамыту болды. Енді ақпарат аналитиканың сапасын едәуір жақсартатын және реттеу процестерінің ашықтығын арттыратын неғұрлым құрылымдалған және жедел форматта беріледі.

Технологиялық дамудың маңызды кезеңі микросервистік архитектурада жобаланған **жаңа жаңартылған бэк-офиске көшу** болды. Бұл қадам сыртқы АТ платформаларымен интеграциялаудың заманауи тәсілдерін, жоғары масштабталуды және операцияларды орындау жылдамдығын қамтамасыз ете отырып, Биржаны технологиялық тұрғыдан өзекті платформамен қамтамасыз етті.

Ішкі технологиялық жетілдіруден басқа, интерфейсті толық қайта құру жүзеге асырылды, бұл жүйемен жұмыс істеудің ыңғайлылығын едәуір арттыруға және деректермен өзара әрекеттесуді жеңілдетуге мүмкіндік берді. Жаңа бэк-офис жаңғыртылған деректер қоймасымен тығыз интеграцияда жұмыс істейді, бұл талдамалық деректерді алуды бірнеше есе жылдамдатады және компанияның операциялық қызметі процестерінің тиімділігін арттырады.

2024 жылы KASE KACC-пен бірлесіп ISO 20022 шеңберінде MX төлемдерінің жаңа форматына көшуді жүзеге асырды. Бұл қадам қаржылық деректермен алмасу процестерін біріздендіруге, есептік операциялардың ашықтығын арттыруға және оларды өңдеуді жеделдетуге мүмкіндік берді.

Жаңа стандарт төлем ақпаратының неғұрлым егжей-тегжейлі және стандартталған алмасуын қамтамасыз етеді, бұл биржалық есеп айырысу жүйелерінің халықаралық қаржы институттарымен интеграциясын едәуір жақсартады. Бұл жобаны іске асыру Қазақстанның қаржы инфрақұрылымын дамытудағы маңызды кезең болды және есептік механизмдердің тиімділігін арттыруға әкелді.

2024 жылы KASE операциялық тиімділікті арттыруға және жаңа технологиялық мүмкіндіктерді зерттеуге бағытталған инновациялық шешімдерді дамытуға маңызды назар аударды. Жасанды интеллект (ЖИ) көмегімен пилоттық жобаларды зерттеуге және іске қосуға ерекше назар аударылды, бұл күрделі аналитикалық процестер мен деректерді өңдеуді автоматтандыру мүмкіндіктерін сынауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар RPA (Robotic Process Automation) көмегімен күнделікті операцияларды автоматтандыру жобалары басталды, бұл болашақта ішкі процестерді оңтайландыруға және операциялық бөлімшелерге жүктемені азайтуға әкелуі керек. Бұл күрделі аналитикалық тапсырмалар үшін ресурстарды босатуға және стандартты операциялардың жылдамдығын арттыруға мүмкіндік береді.

Аналитикалық жұмыстың тағы бір бағыты бұлтты технологияларды қолдана отырып, гибридті архитектураға көшу перспективаларын зерттеу болды. 2024 жылы Amazon AWS, Microsoft Azure және Google Cloud-пен интеграция мүмкіндіктері туралы зерттеулер жүргізілді, бұл болашақта KASE-ге IT инфрақұрылымын кеңейтуге, оның икемділігі мен ауқымдылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, 2024 жылғы негізгі технологиялық жетістіктермен қатар Биржа озық технологияларды енгізу бағытында белсенді жұмыс істеді, бұл инновациялық

шешімдерді одан әрі дамытуға және биржалық процестерді цифрландыруға негіз болады.

2024 жылдың желтоқсанында KASE өзінің ресми интернет-ресурсының жаңа нұсқасын іске қосты. KASE-нің жаңа сайты бұрынғыдан да серпінді және қолдануға ыңғайлы болды. Оның негізгі артықшылықтары – заманауи дизайн, жақсартылған навигация және мол ақпарат. Сайт қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде бейімді нұсқаларда (стационарлық, планшеттік және мобильді нұсқалар) қолжетімді.

Сайттың жаңа нұсқасын әзірлеу барысында келесі шешімдер енгізілді:

- беттің дизайны UI (User Interface немесе пайдаланушы интерфейсі) және UX (User Experience немесе пайдаланушы тәжірибесі) негізгі принциптеріне сәйкес жасалған;
- сайттың басты беті бұрыннан қолданылатын элементтерді оңтайландыру және жаңаларын қосу арқылы жетілдірілген (эргономикалық жүгірткі, сайттың ішкі беттеріне өту үшін "Call-to-action" батырмаларын қосу және т. б.);
- пайдаланушылардың қызығушылық тудыратын ақпаратпен өзара әрекеттесу процесін жақсарту мақсатында сайт мәзірі оңтайландырылды және бөлімдер бойынша навигация жақсартылды;
- сайттың бөлімдері бойынша пайдаланушының дәйекті маршрутын құруға мүмкіндік беретін ішкі "қайта байланыстыру" (сайттың басқа беттеріне сілтемелер) енгізілді;
- сайттың ақпараттылығын арттыру мақсатында негізгі беттердің мазмұны өзекті етілді және пайдаланушылардың әрбір санатының (инвесторлар, эмитенттер, сауда-саттыққа қатысушылар, биржа ақпаратына жазылушылар) сұраныстарына бейімделді;
- қосымша функционал қосылды (әлеуетті листингілік компаниялар үшін чек-парақ, қаржы құралдарымен бөлімдегі сүзгілер, жаңалықтар және т. б.);
- Trading View графикалық кітапханасы жаңартылды.

KASE-нің корпоративтік интернет-ресурсы Қазақстанның қор нарығы, Биржаның қызметі, оның мүшелері, листингілік компаниялар және қаржы құралдары туралы ақпараттың басты көзі функцияларын орындай отырып, Биржаның және оның қызметтерінің клиентке бағдарлануын арттыру құралдарының бірі болып қала береді.

2024 жылы Биржа жаңа өнім – сервистік порталды іске қосты, онда Биржа мүшелері мен эмитенттерге ұсынылатын барлық биржалық қызметті біріктіруді жоспарлап

отыр. Алғашқы шығарылымдарға Биржаның басқа ресурстарында бұрын автоматтандырылмаған сауда-саттық, клиринг және листинг қызметтері енгізілді. 2024 жылы сервистік порталда Биржа мүшелеріне биржалық куәліктер, есептер және клиринг қызметтері қолжетімді болды, эмитенттер үшін құжаттарды қабылдау бойынша балама алаң ретінде листинг процедурасы қолжетімді болды.

2025-2026 жылдары Биржаның барлық онлайн жүйесінің функционалдығын сервистік портал платформасына ауыстыру және нарыққа қатысушылармен барлық өзара іс-қимылды бір өнімге біріктіру жоспарланған.

Сервистік портал Биржаның өнімдері мен қызметтеріне қатысты барлық мәселе бойынша Биржаның контрагенттермен өзара іс-қимылын бір орталықтан жүргізетін орынға айналады, барлық нарықтағы барлық серіктесімен өзара іс-қимыл жасау үшін барынша жылдам әрі ыңғайлы интерфейсті қамтамасыз етеді.

Сервистік порталды іске қосу – Биржа үшін клиенттерге қызмет көрсету сапасын арттыруға, ішкі процестерді оңтайландыруға және бәсекелестік артықшылықтарды нығайтуға бағытталған стратегиялық маңызды қадам. Өзара іс-қимылдың бірыңғай терезесін құру клиенттің тәжірибесін едәуір жақсартуға, жұмыс тиімділігін арттыруға және бизнестің тұрақты өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

#### **Стратегиялық 4-бағыт. Стейкхолдерлер үшін құндылықты арттыру**

Дүние жүзіндегі биржалар барлық негізгі стейкхолдерлер — акционерлер, эмитенттер, инвесторлар, брокерлер, реттеушілер және қоғам алдында өз құндылығын арттыру жөнінен стратегиялық қадамдар жасауда. Негізгі бағыттарға инфрақұрылым мен технологияны дамыту, өтімділікті арттыру, өнімдер желісін кеңейту, эмитенттер үшін жағдайды жақсарту, инвесторлар үшін нарықтардың қолжетімділігін арттыру, реттеу талаптарын сақтау, тәуекелді басқару және жаңа бизнес үлгілерін енгізу кіреді. Корпоративтік басқаруды жетілдіру және ішкі бизнес-процестерді оңтайландыру да маңызды.

KASE тобының 2022-2024 жылдарға арналған Даму стратегиясы шеңберінде стейкхолдерлер алдында құндылықты арттыру корпоративтік басқаруды, ашықтықты және операциялық тиімділікті жақсартуды көздейтін маңызды бағыттардың біріне айналды.

Үш жыл бойы KASE корпоративтік басқарудың озық тәжірибелерін дәйекті түрде енгізді, бұл ішкі процестердің тиімділігін айтарлықтай арттырды. Сонымен қатар Биржа ESG күн тәртібін бірізді енгізе отырып, орнықты даму принциптерін өз қызметіне біріктірді.

Есепті кезеңде халықаралық стандарттарға сәйкес басқарушылық есептіліктің әдіснамасы жаңартылды және маржалылық пен ұзақмерзімді тұрақтылыққа баса назар аудара отырып, жобаларды бағалаудың заманауи тәсілдері енгізілді. 2024 жылы Биржа капиталға қатысты талап етілетін ең төменгі рентабельділікті және бенчмарктерді пайдалануды ескере отырып, жобалардың экономикалық тиімділігін бағалау тәсілдерін қосымша енгізді, бұл KASE-нің нарықтағы позициялары мен перспективаларын объективті талдауға мүмкіндік берді.

2023 жылы KASE капитал мен активтердің жеткіліктілігінің халықаралық стандарттарына бейімделген жаңа Дивидендтік саясатты қабылдады. Есепті жылы оны жетілдіру мақсатында өзгеріс енгізілді. Нәтижесінде, 2024 жылғы маңызды оқиға акционерлердің жалпы жиналысының 2023 жылға дивиденд төлеу туралы шешімі болды, оған сәйкес жаңа Дивидендтік саясат бойынша алғаш рет 9,26 млрд теңге мөлшерінде дивиденд төленіп, Биржаның қаржылық моделінің тұрақтылығы және оның акционерлер үшін тұрақты табысты қамтамасыз ету қабілеті расталды. Бір жай акцияға есептелген дивиденд мөлшері 8 611,30 теңге болды.

Нарыққа қатысушылармен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды күшейтуге бағытталған Астанадағы Биржа кеңсесінің қызметін нығайту өңірлік қатысуды кеңейтудегі маңызды қадам болды.

2024 жылы KASE ішкі процестерді автоматтандыруды және цифрландыруды жалғастырды, бұл деректерді басқарудың операциялық тиімділігі мен сапасын арттырды. "Қазақстан қор биржасы" АҚ және "KASE Клиринг орталығы" АҚ-тан тұратын KASE тобы ішіндегі бизнес-процестер мен ішкі құжаттарды толық үйлестіру басым міндет болды. Осы бағыттағы жұмыс жалғасатын болады.

Тарихи рекордтық нарықтық және қаржылық көрсеткіштерге қол жеткізе отырып, 2022-2024 жылдардағы стратегияны іске асыру нәтижесі KASE дамуының маңызды кезеңіне айналды және одан әрі өсудің сенімді негізі болды. KASE тобы корпоративтік басқаруды жетілдіруді, озық технологияларды енгізуді және барлық стейкхолдер үшін құндылығын тұрақты ете отырып, ұсынылатын биржалық және клирингілік қызметтердің жоғары сапасын қамтамасыз етуді жалғастырады.

## **KASE тобының 2025-2027 жылдарға арналған Даму стратегиясы**

2024 жылдың желтоқсанында KASE және KACC Директорлар кеңесі Топ басшылығы мен қызметкерлерінің белсенді қатысуымен әзірленген 2025-2027 жылдарға арналған жаңа даму стратегиясын бекітті. Стратегия биржалық және клирингілік қызметтер спектрін кеңейту, топ командасының жоғары клиентке бағдарлануы мен кәсібилігі есебінен Орталық Азияның биржалық нарықтарындағы топтың көшбасшылық позицияларын қамтамасыз етуге бағытталған. Жаңа стратегияның басымдықтарының қатарында негізгі бизнесті дамыту, өнімдер желісін кеңейту, IT-инфрақұрылымын жаңғырту және Орталық Азияның қаржы нарықтарындағы KASE позицияларын нығайту бар.

Стратегияның негізгі бағыттары негізгі бизнесті дамыту, жаңа өнімдер мен қызметтерді ұсыну, IT-инфрақұрылымын жетілдіру болады.

Жаңа стратегияда KASE тобы доминантты нарықтардағы көшбасшылық позицияларды сақтауға, сондай-ақ жаңа эмитенттер мен инвесторларды тарту есебінен МБҚ, акциялар, шетелдік акциялар нарықтарының өтімділігін арттыруға, жаңа үрдістерді ескере отырып, биржалық өнімдер желісін одан әрі кеңейтуге назар аударады.

Іске асырылған стратегияның негізгі жетістіктерінің бірі – қазақстандық капитал нарығының жаңа инфрақұрылымдық ұйымы "KASE Клиринг орталығы" АҚ іске қосу. Жаңа инфрақұрылымдық ұйым отандық қор нарығындағы өтімділіктің артуын көрсетеді, өңірдің биржадан тыс және биржалық нарықтарында қызмет көрсетуге мүмкіндік береді, шетелдік инвесторларды тартуға ықпал етеді. Сонымен қатар Клиринг орталығы бизнес-процестерді үздік халықаралық тәжірибелер мен стандарттарға сәйкестендіруді және халықаралық мойындауға қол жеткізуді жалғастырады.

Тұтастай алғанда KASE тобы қаржы секторын дамытудың ашықтығының, сенімділігі мен тиімділігінің кепілі ретінде әмбебап отандық биржалық инфрақұрылымды дамытуды жалғастырады. KASE тобының компаниялары ақпаратты ашып көрсету саласындағы еуропалық реттеу тарапынан танылып, бизнес-процестердің ISO 9001 және 27001 стандарттарына сәйкестігіне сертификаттаудан өтті, Клиринг орталығы А+ деңгейінде операциялық рейтинг алды және қаржы реттеушілері қауымдастығы (IOSCO PFMI) Қаржы нарығы инфрақұрылымдары үшін белгілеген қағидаттарға сәйкестігін растады.

Жаңа Стратегия шеңберінде KASE тобы әлемдік стандарттарға толық сәйкестікке, рейтингілік бағаларды көтеруге және Қазақстан Республикасының қор нарығының әлемдік жіктеуіштердегі мәртебесін арттыруға ұмтылатын болады.

Қойылған міндеттерді іске асыру үшін KASE тобы технологиялық жаңғырту және инновациялық даму, сондай-ақ IT-сервистердің тиімділігін арттыру сияқты IT-инфрақұрылымды одан әрі дамыту бойынша жұмыс жүргізетін болады. Сондай-ақ AI, Cloud және Blockchain көмегімен инновациялық шешімдер әзірлеу және оларды сынақтан өткізу бойынша R&D жобаларын жүргізуді жоспарлайды.

KASE ESG ақпаратын ашып көрсету стандарттарын ілгерілетуде, отандық қор нарығында тұрақты қаржыландыруды дамытуда шешуші рөл атқарады. 2024 жылдың қарашасында KASE NetZero Financial Services Providers Alliance мүшесі болды, бұл Биржаның көміртекті бейтараптыққа жаһандық көшуге және тұрақты қаржылық инфрақұрылымды құруға жәрдемдесу міндеттемесін көрсетеді. Альянс шеңберіндегі KASE жұмысының негізгі бағыттарының бірі көміртегі шығарындысы туралы деректерді ашып көрсетуге арналған құралдар мен стандарттарды дамыту, ESG қаржыландыруды ілгерілету, Биржаның меншікті көміртегі ізін қысқарту болады.

KASE тобы 2025-2027 жылдарға арналған Даму стратегиясы шеңберінде қазақстандық қаржы секторын дамытудың ашықтығы, сенімділігі мен тиімділігінің кепілі ретінде биржалық инфрақұрылымды дамыту жөніндегі өз міндетін орындауды жалғастырады.

## Орнықты даму қағидаттарын енгізу

### Орнықты дамуды басқару тәсілі

KASE тобы экономикалық өсуге және қоғамның әл-ауқатын жақсартуға ықпал ететін қаржы нарықтарының тұрақты, жауапты және этикалық жұмысының қажетті шарты деп есептей отырып, өз қызметіне халықаралық стандарттар мен орнықты дамудың озық тәжірибелерін біріктіруге ұмтылады.

KASE Дүниежүзілік биржалар Федерациясы (WFE) жариялаған орнықты даму қағидаттарын ұстанады, олар:

- нарыққа қатысушылардың орнықты дамудың маңыздылығы туралы хабардарлығын арттыру;
- инвесторлардың инвестициялық шешім қабылдау үшін пайдалы сапалы ESG ақпаратына қолжетімділігін кеңейту;
- тұрақты қаржыландыру қағидаттарын ілгерілету үшін мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау;
- тұрақты жобаларды қолдауға және капитал ағындарын қайта бағдарлауға бағытталған қаржы құралдарын әзірлеу;
- орнықты даму саласында тиімді ішкі саясаттарды, басқару процестерін және операциялық стандарттарды енгізу.

Биржа стратегиялық жоспарлауға, корпоративтік басқаруға, ішкі процестер мен саясатқа ESG қағидаттарын белсенді түрде біріктіреді және оларды эмитенттер арасында енгізуге ықпал етеді.

2024 жылы KASE тобы ұйымдарының орнықты даму саласындағы негізгі қағидаттар мен стандарттарға бейілділігін декларациялауды, орнықты даму саласындағы қызметтің негізгі бағыттарын бөлуді, осы салада мақсаттар мен міндеттер қояды, сондай-ақ орнықты даму саласындағы қызметтің жалпы қағидаттарын анықтау мен жүйелеуді қоса алғанда, орнықты даму жүйесінің негізгі компоненттерін анықтайтын KASE тобының орнықты даму саясаты өзекті етілді.

## **Орнықты дамуды басқару жүйесі**

KASE тобы ESG маңызды тақырыптарының тізіміне негізделген орнықты даму аспектілерін белсенді басқарады және олармен байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді үнемі бағалап отырады. Топ қызметіне ESG-практикалардың енгізілуін Директорлар кеңесі қадағалайды, ал Басқарма оның орындалуы туралы үнемі есеп бере отырып, орнықты даму күн тәртібін қалыптастырады және іске асырады.

Есепті жылы KASE тобында орнықты даму жөніндегі жұмыс тобы құрылып, жұмыс істейді, оның міндеттері:

- орнықты дамудың негізгі бағыттары және оларды іске асыру көрсеткіштері бойынша жыл сайынғы іс-шаралар жоспарын әзірлеу;
- орнықты дамудың негізгі аспектілері бойынша KASE тобына кіретін ұйымдар тиімділігінің мақсатты көрсеткіштерін анықтау;
- KASE тобының орнықты даму саласындағы іс-шаралар жоспарын іске асыру жөніндегі іс-қимылдарын үйлестіру;
- ESG шеңберінде мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу туралы басқару органдарының алдында тұрақты есеп беру.

KASE тобының тұрақтылығын басқару жүйесі орнықты дамудың үздік тәжірибелерін, реттеуші органдардың талаптарын, мүдделі тараптардың пікірлерін және топтың жалпы даму стратегиясын ескере отырып, үнемі жетілдіріліп отырады. 2024 жылы KASE тобының 2024-2026 жылдарға арналған орнықты дамуының жол картасы бекітілді, ол компанияның ESG-бейінін одан әрі дамыту, қатысу нарықтарында орнықты даму практикасын ілгерілету, халықаралық бастамаларға тарту және климаттық күн тәртібіне үлес қосу жөніндегі іс-шараларды қамтиды.

## **БҰҰ-ның орнықты даму мақсаттарын ұстану**

2015 жылдан бері Биржа – БҰҰ-ның "Тұрақты қор биржалары" бастамасының мүшесі, ол кедейлікті жоюға, планетаны қорғауды қамтамасыз етуге, өмір сүру сапасын жақсартуға және бүкіл әлемдегі адамдар үшін перспективаларды жақсартуға ықпал ететін әрекеттерді ынталандыруға бағытталған БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттары – өзара байланысты 17 мақсатқа қол жеткізуге дәйекті түрде үлес қосады.

Өз қызметінің барлық аспектісін және Биржа өз бизнесін жүргізетін сыртқы ортаны талдай отырып, KASE орнықты дамудың тиісті мақсаттарының (ТДМ) тізбесін анықтады, оларға қол жеткізуге Биржа өз үлесін қосуға ұмтылады.

### **Адам құқығын сақтау**

KASE тобының қызметі адам құқығы саласындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес келеді және БҰҰ-ның кәсіпкерлік қызмет жөніндегі Басшылық принциптерінде баяндалған қағидаттарға негізделеді. Біздің адам құқығы жөніндегі міндеттемелерімізді Халықаралық адам құқығы хартиясы және құқықтарға қатысты принциптер қолдайды, бұл біздің 2024 жылы қабылданған Адам құқығын сақтау туралы мәлімдемемізде көрсетілген.

KASE тобы барлық қызметкер мен ақылы негізде қызмет көрсететін адамдардың құқығын құрметтейді және оларға қатысты адам құқығының сақталуын белсенді түрде жәрдемдеседі. Биржа мәжбүрлі және балалар еңбегінің кез келген түріне, сондай-ақ кемсітушілікке үзілді-кесілді қарсы, әртүрлілікті, гендерлік теңдікті және инклюзивтілікті қолдайды. Біз қызметкерлер мен серіктестер арасындағы мәдени және жеке айырмашылықтарды бағалаймыз.

KASE теңдік пен инклюзия құндылықтарын белсенді түрде ілгерілетеді, оның ішінде гендерлік теңдік пен инклюзивтілік жөніндегі бағдарламаларды іске асырады. Біз мүмкіндігі шектеулі пайдаланушылар үшін өнімдеріміз бен қызметтерімізге қол жеткізуді қамтамасыз етуге, қызметкерлер арасында және жалпы бизнес ортасында гендерлік теңгерімге ықпал етуге тырысамыз. БҰҰ-ның "Тұрақты қор биржалары" жаһандық бастамасы аясында Биржа жыл сайын гендерлік инклюзивтілікті дамыту перспективаларына назар аудара отырып, Халықаралық әйелдер күні қарсаңында сауда-саттықтың салтанатты ашылу рәсімін өткізеді. Дүние жүзіндегі 100 ден астам биржа бұл бастаманы қолдайды.

Аталған іс-шараның жаһандық серіктестері – Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC), БҰҰ-ның Жаһандық шарты (UN Global Compact), БҰҰ-әйелдер (UN Women) және Дүниежүзілік Биржалар Федерациясы (WFE). 2024 жылғы 6 наурызда KASE алаңында "Ring The Bell For Gender Equality" сауда-саттығының дәстүрлі ашылу салтанаты өтті, оның аясында "Invest in Women: Accelerate Progress" тақырыбында пікірталас өтті.

## **Климаттың өзгеруіне қарсы күреске қосқан үлесі**

KASE тобы Париж келісіміне қатысу шеңберінде қабылданған көміртегі бейтараптығы жөніндегі міндеттемелерді Қазақстанның орындауын белсенді қолдайды. Біз өзіміздің көміртегі ізімізді азайту бойынша шараларды жүзеге асыруға, көміртегі бірліктері нарығын дамытуға және Биржаның листингілік компанияларының климаттық жобаларына жасалатын инвестиция көлемін ұлғайтуға ұмтыламыз.

2024 жылдың маңызды оқиғаларының бірі KASE Климаттық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған қаржы институттарының ең ірі жаһандық бастамасы – *Glasgow Financial Alliance for Net Zero (GFANZ)* халықаралық альянсына қосылуы болды. Осы қосылу шеңберінде, сондай-ақ *Net Zero Financial Services Providers Alliance* шеңберінде KASE көміртегі шығарындысын азайтуға және нарыққа қатысушылардың климаттық ақпаратты ашып көрсетуі үшін ұсынымдар әзірлеуге міндеттенді. Сонымен қатар Биржа операциялық шығарындыны азайту және стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу жоспарын қабылдады.

2024 жылы KASE парниктік газдар шығарындысын есептеу әдістемесін әзірледі, ол кейін азайту мақсатында шығарындының ағымдағы деңгейін өлшеуге және талдауға негіз болады. Бұл әдіс парниктік газдар шығарындысын есептеу және ашып көрсету қағидаттарын, әдістері мен талаптарын белгілейтін халықаралық деңгейде танылған *GHG Protocol* стандартына негізделген.

GFANZ сияқты халықаралық бастамаларға белсенді қатысу KASE-нің тұрақты қаржы құралдарын дамытуына және Қазақстан экономикасының көміртегі бейтараптығына көшуін қолдауға елеулі үлес қосуына мүмкіндік береді.

## **Эмитенттердің ESG-ақпаратын ашып көрсетуі және ESG-өнімдері**

KASE – БҰҰ-ның "Тұрақты қор биржалары" бастамасының (Sustainable Stock Exchanges Initiative) мүшесі болып табылатын орнықты даму туралы ақпаратты ашып көрсету жөніндегі нұсқаулықты әзірлеген 73 биржаның бірі. Әдістеме алғаш рет 2016 жылы шығарылып, 2018 жылы IFC қолдауымен жаңартылды. Қазір осы Әдістеменің ережелері KASE-нің "Негізгі" алаңындағы листингілік компаниялардың жылдық есептерін дайындау бойынша талаптарға ауыстырылды. 2025 жылдан бастап ESG-есептілікті дайындау жөніндегі талаптар негізгі алаңның эмитенттері үшін ғана емес, "Балама" алаңының эмитенттері үшін де міндетті болады.

Биржа эмитенттердің ақпаратты ашып көрсетудің халықаралық стандарттарына сәйкес келуін қолдайды және жыл сайын жылдық есептер конкурсын ұйымдастырады. Биржа конкурсқа қатысушылардың есептерінің әртүрлі сипаттамасын бағалауды ескеретін жылдық есептерді бағалау тәртібін әзірледі. Жалпы алғанда, шамамен 150 көрсеткіш бағаланады. Қаржы секторында 2023 жылғы орнықты даму туралы үздік есеп "Банк ЦентрКредит" АҚ есебі болып танылды, "Қазақстан Халық Банкі" АҚ және "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ есептері жүлдегер болды. "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ және "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ есептері қаржылық емес секторда 2023 жылдағы орнықты даму туралы үздік есеп болып танылды, Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В. және "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ есептері жүлдегер атанды. Қазақстан қор биржасы – компанияларға ESG-облигацияларын орналастыруға мүмкіндік бере отырып, тұрақты қаржыландыру тартудағы негізгі алаң. 2024 жылдың соңына қарай Қазақстандағы барлық ESG-шығарылымының 95%-дан астамы KASE-де тіркелді.

Биржада ESG облигацияларын шығару үшін тартымды жағдай жасалған. Листинг процедурасы ICMA немесе Climate Bond Initiative стандарттарына сәйкес танылған тексерушілердің шығарылымдарды тексеру талаптарын қоспағанда, стандартты процедураға ұқсас. Биржа бірқатар тексерушімен тегін тұжырымдама беру жөнінен келісім жасасты. Биржа орнықты даму жобаларын қаржыландыру мақсатында шығарылатын жасыл, әлеуметтік немесе өзге облигацияларды айналымға шығаруға рұқсат беру бастамашылары үшін листингілік алымдарды төлеу жөнінен жеңілдік жасайды. 2024 жылы мұндай жеңілдік мерзімі 2027 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартылды.

2024 жылдың соңындағы жағдай бойынша Биржада барлығы 28 ESG-облигация шығарылымы тіркелді (5 шығарылым өтелді). Жарияланған барлық шығарылымның көлемі 760,4 млрд теңге болды, компаниялар ESG жобаларын дамытуға 606,2 млрд теңге тарта алды. 2024 жылы 10 ESG-облигация шығарылымы жүргізілді: жасыл облигациялардың 5 шығарылымы, арнайы облигациялардың 4 шығарылымы және орнықты даму облигацияларының 1 шығарылымы. Олардың жарияланған көлемі рекордтық 548,9 млрд теңгені, ал орналастырылған көлемі 435,8 млрд теңгені құрады. Эмитенттер: "Бәйтерек" Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ, "Қазақстан Халық Банкі" АҚ, "Отбасы банк" Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ, "AGRIQA Asia" ЖШС,

"A-cars" ЖШС, "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ, "JET Group Ltd" ЖК, "HILL Corporation" ЖШС.

Сондай-ақ KASE орнықты даму және ESG-инвестициялау мәселелері бойынша эмитенттер мен инвесторлардың хабардарлығы мен құзыреттілігін арттыру мақсатында халықаралық жетекші сарапшыларды тарта отырып, жыл сайын білім беру іс-шаралары мен семинарларын өткізеді. 2024 жылы ESG қағидаттарына сәйкес есептілікті дайындау бойынша бірқатар вебинар, соның ішінде KPMG және ҚНРДА сарапшыларымен, S&P Global сарапшыларымен орнықты даму құралдарын бағалау тәсілдері туралы вебинарлар өткізілді.

Осылайша, KASE қазақстандық нарықта ESG-өнімдерін шығару және ілгерілету үшін қолайлы инфрақұрылым мен жағдай жасай отырып, ESG-ақпаратты ашып көрсетудің халықаралық стандарттарын табысты интеграциялайды. ESG-облигациялардың белсенді дамуы, сондай-ақ нарыққа қатысушылар үшін тұрақты қолдау мен білім беру бастамалары Биржаның орнықты даму қағидаттарын стратегиялық тұрғыдан қолдайтынын растайды. Бұл күш-жігер KASE-нің тұрақты қаржы саласындағы негізгі ойыншы ретіндегі позициясын нығайта отырып, жауапты инвесторлар мен эмитенттер үшін қазақстандық қаржы нарығының тартымдылығын арттыруға ықпал етеді.

### **Ақпараттық саясат**

Биржа биржалық ақпараттың негізгі көзі ретінде деректермен жұмыс істеу үшін сенімді, ашық және қауіпсіз ортаны құруға белсенді ықпал етеді. Осы ашықтық пен жауапкершілікті қамтамасыз ету мақсатында Биржада реттеушілер мен серіктестерді қоса алғанда, әртүрлі мүдделі тарапқа ақпарат беру қағидаттары мен процедураларын реттейтін Ақпараттық саясат әзірленіп, қолданылады. Бұл Саясат Биржаның іскерлік имиджі мен беделін қалыптастыруға және сақтауға бағытталған.

Ақпаратты ашып көрсетуде Биржа бірқатар қағидатты ұстанады. Біріншіден, ақпарат үнемі, дәйекті, жедел және уақытылы ұсынылуы керек. Сондай-ақ бейтараптылық пен объективтілікке баса назар аудара отырып, Биржаның мүмкіндіктері мен құзыреті шегінде ақпаратты ашып көрсету толық болуы маңызды. Сонымен қатар Биржа реттеушілер, серіктестер және мүдделі тараптар үшін барлық Жария ақпаратқа тең қол жеткізуді қамтамасыз етеді, осылайша деректердің ашықтығы мен қолжетімділігіне кепілдік береді.

Сонымен қатар құпиялылықты қорғауға және инсайдерлік ақпаратты пайдаланудың алдын алуға баса назар аударылады. Биржа ақпараттың ашықтығы мен оның коммерциялық мүддесін қорғау арасындағы көңілге қонымды тепе-теңдікті сақтауға тырысады. Соңында, Биржа серіктестерінің өз қызметіне қатысты өзгерістер туралы ақпарат алу құқығы сақталады, бұл Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

### **Ақпараттық қызметтер**

2024 жыл KASE-нің ақпараттық қызметтерін дамытудағы маңызды кезең болды, бұл – жергілікті және әлемдік нарықтарды қамтитын қаржылық қызметтерді цифрландырудың жаһандық үрдісінің заңды жалғасы. Осы өзгерістер жағдайында ақпараттық қызметтер бизнес-процестерді оңтайландырудың, биржалық қызметтерге қолжетімділікті жақсартудың және экономиканың әртүрлі секторының жалпы тиімділігін арттырудың негізгі құралына айналады.

KASE ақпараттық қызметтеріне қызығушылықтың артқанын 10 жаңа ұйымның, атап айтқанда AlphaSense, Inc., Goldman Sachs & Co, АО "Tansar Capital", Investudy App сияқты сауда-саттық ақпаратын таратушы жеті ұйымның, сондай-ақ "Bereke Bank" АҚ, "Еуразиялық банк" АҚ және "Jusan Invest" АҚ сияқты үш жазылушының қосылуы растайды.

2024 жылдың соңында KASE корпоративтік клиенттерінің жалпы саны 61-ге жетті, оның ішінде 37 корпоративтік жазылушы және 24 биржалық ақпарат таратушы. Олардың ішінде Bloomberg, Refinitiv және Citigroup Global Markets сияқты әлемдік деңгейдегі қаржылық ақпарат таратушылар ерекше назар аударуға лайық, олар KASE-нің сауда-саттық ақпаратын 349 жазылушыдан тұратын аудиторияны қамти отырып, өз клиенттеріне нақты уақыт режимінде таратады.

Бөлшек пайдаланушылар сегменті де айтарлықтай өсті. @KASEInfoBot Telegram-ботындағы ақылы жазылушылар саны 2024 жылдың соңында 163 болды, ал жазылушылардың жалпы саны 15 000-нан асты, бұл осы сервиске деген сұраныстың жоғары екенін көрсетеді. Нақты уақыт режимінде толығырақ ақпарат алғысы келетін пайдаланушылар KASE корпоративтік сайты арқылы сауда-саттық процестерін бақылай алады. Мұндай жазылушылар саны 2024 жылдың соңында 206 болды.

Қазақстанда KASE ақпараттық өнімдерін дамыту перспективасы әлі де жоғары, бұл қаржы технологияларының белсенді дамуына және жергілікті нарықтағы

инвестициялық мүмкіндіктерге қызығушылықтың артуына байланысты. Биржа өзінің инфрақұрылымын жетілдіруді, сервистердің сапасы мен қолжетімділігін жақсартуды, сондай-ақ олардың қауіпсіздігі мен инновациялық функцияларын қамтамасыз етуді жалғастырады. Бұл күш-жігер жергілікті және халықаралық инвесторлар үшін қазақстандық қаржы нарығының тұрақтылығы мен тартымдылығын нығайтуға ықпал етеді. KASE қаржы процестерінің ашықтығы мен тиімділігін қолдайтын инновацияларды енгізу жөніндегі өзінің стратегиясына адалдығын сақтайды.

### **KASE қызметтерінің сапасын бағалау**

Биржа клиенттерінің қанағаттану деңгейін арттыру, биржалық сервистерді бағалауда жоғары позицияларды ұстап тұру және оларды жақсарту үшін жаңа жолдарды іздеу – KASE қызметінің негізгі басымдықтары. Биржа мүшелері, листингілік компаниялар және басқа да қызмет алушылар үшін жаңа жобалар мен өнімдерді енгізе отырып, KASE осы бастамалар бойынша кері байланыс алуды және клиенттермен тиімді коммуникация құруды көздейді.

Клиенттермен тиімді қарым-қатынас жасау және көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау үшін Биржа Басқарманың 2021 жылғы 05 қазандағы шешімімен бекітілген қызмет көрсету деңгейінің критерийлері жүйесін (SLA) әзірледі. Бұл SLA стандарттары тұтынушыларға ұсынылатын қызметтердің сапасын бағалауға негіз болады.

Сондай-ақ KASE ақпараттық жүйені — әрбір қызметті алу қорытындысы бойынша клиенттерден кері байланыс жинауға арналған web-қолданбаны енгізді. Бұл қолданбаны Биржаның барлық құрылымдық бөлімшесінің қызметкерлері пайдаланады, олардың функционалдық міндеттеріне клиенттерге қызмет көрсету, сондай-ақ клиенттердің өздері кіреді. Бұл тәсіл қанағаттану деңгейін тиімді бақылауға және тұтынушылардың қажеттіліктері мен ескертулеріне жедел ден қоюға, қызмет көрсету сапасын жақсартуға және көрсетілетін қызметтердің жоғары стандарттарын сақтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар KASE өз қызметіне клиенттердің қанағаттанушылығын кешенді бағалаумен белсенді айналысады. Ол үшін Биржа жыл сайын негізгі бизнес-процестерді қамтитын сауалнама жүргізеді және нәтижелердің объективтілігін арттыру үшін тәуелсіз зерттеу компанияларын тартады. Сауалнама қорытындысы бойынша Биржа алынған деректерді талдайды және олардың негізінде көрсетілетін

қызметтердің сапасын жақсарту жөнінен іс-шара кешенін әзірлейді. Содан кейін бұл іс-шаралар келесі жылға арналған іс-шаралар жоспарына енгізіледі, бұл қызметтерді үнемі жетілдіруге ықпал етеді.

2024 жылдың қорытындысы бойынша жүргізілген сауалнамаға Биржаның 53 мүшесінің 23-і (43%), 168 листингтік компанияның 102-сі (61%) және ақпараттық қызметті тұтынатын 371 клиенттің 180-і (49%) қатысты. 2024 жылдың қорытындысы бойынша Биржа клиенттерінің қанағаттанушылығының жалпы бағасы 94,3% деңгейінде болды, бұл ұсынылатын сервистерге қанағаттану мен сенімнің жоғары екенін растайды.

### **Қоршаған ортаны қорғау**

Биржа тұтыну мен өндірістің ұтымды моделін енгізуге, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға, қалдықтардың пайда болуын болдырмау, оларды қысқарту, қайта өңдеу және қайта пайдалану жөнінен шара қабылдау арқылы олардың көлемін азайтуға ұмтыла отырып, қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті бөліседі.

Биржа тұтынатын негізгі ресурстар – электр энергиясы, жылу энергиясы, қағаз өнімдері және су. 2021 жылы Биржа "Жасыл офис" бағдарламасын енгізді, ол ұйымды басқарудың кешенді тәсілін білдіреді және жалпы қабылданған үш R қағидаттарына негізделген бірқатар техникалық және мотивациялық-білім беру іс-шарасын қамтиды:

- Reduction – энергияны, суды, электр қуатын және т. б. ақылмен тұтыну;
- Refinement – кеңсе материалдарын, қағазды және басқа керек-жарақты қайта пайдалану;
- Replacement – қоршаған ортаға әсерді барынша азайтатын тауарлар мен қызметтерді экологиялық жауапты сатып алу және алу, көлікті тиімді пайдалануды және/немесе балама көлікті пайдалануды насихаттау.

"Жасыл офис" бағдарламасын іске асыру мақсатында Биржа KASE GREEN – Биржа қызметкерлері арасынан экоактивистер штабын құрды. Биржада қалдықты бөлек жинау енгізілді. 2024 жылы шамамен 273 кг макулатура (2023 жылы – 131 кг, 2022 жылы – 163 кг және 2021 жылы – 96 кг ), 250 кг астам шыны (2023 жылы – 109 кг, 2022 жылы – 33 кг және 2021 жылы – 24 кг) және 126 кг пластик (2023 жылы – 48 кг, 2022 жылы – 28 кг және 2021 жылы – 24 кг) жиналды.

## Халықаралық қызмет

2024 жылы KASE өзінің жаһандық қатысуын кеңейтуге және шетелдік эмитенттер мен инвесторлар үшін қазақстандық капитал нарығының тартымдылығын арттыруға бағытталған халықаралық қызметті белсенді дамытуды жалғастырды. Дүниежүзілік Биржалар Федерациясы (wfe), Еуразиялық қор биржалары Федерациясы (FEAS) және ТМД биржаларының халықаралық қауымдастығы сияқты ірі биржалық қауымдастықтардың мүшесі бола отырып, KASE жаһандық капитал нарығын дамыту процесіне белсенді қатысты. Бұл қатысу үздік халықаралық тәжірибелерді енгізуді және халықаралық аренада Биржаның бәсекелестік позицияларын нығайтуды қамтиды, ал ол өз кезегінде қазақстандық нарықтың әлемдік қаржы жүйесіне интеграциясына ықпал етеді.

KASE өкілдері WFE-нің негізгі іс-шараларына, соның ішінде Франкфурттағы WFE Working Committee жабық отырысына, Мадридтегі WFE Clear: The Clearing and Derivatives конференциясына, сондай-ақ Куала-Лумпурдағы 63-ші Бас Ассамблеяға және жыл сайынғы WFE жиналысына қатысты, онда KASE Басқарма төрағасы Алина Алдамберген "Living in a New World" тақырыбындағы панельдік пікірталасқа модераторлық етті. Сондай-ақ Биржа биржалық қауымдастықтардың гендерлік теңдік және қаржылық сауаттылық бойынша жаһандық бастамаларын белсенді қолдап, "Ring the Bell for Gender Equality", "Ring the Bell for Financial Literacy" және "Ring the Bell for Climate 2024" іс-шараларын ұйымдастырды.

Биржа FOCUS WFE журналында материалдарды, соның ішінде Women Leaders 2024 қатарына сайланған Басқарма төрағасының орынбасары Д. Аманжолованың сұхбаттарын және білім беру бастамалары мен көміртегі нарықтары тақырыптары бойынша мақалаларды белсенді түрде жариялап отырды.

The Global Association of Central Counterparties (CCP Global) мүшесі KACC Клиринг орталығының өкілдері Афинадағы CCP Global жыл сайынғы жалпы жиналысына қатысты.

FEAS-пен ынтымақтастық шеңберінде KASE өкілдері Самарқандтағы ConFEAS конференциясына, Еревандағы FEAS Ensite Training тренингіне және Миландағы Euronext Академиясының "Emerging Trends in Financial Markets Infrastructure Systems" сертификаттау курсына қатысты. Биржа 2024 жылғы 19 қыркүйекте өткен FEAS Extraordinary General Assembly онлайн қатысты.

2024 жылғы 18-19 сәуір аралығында Биржа өкілдері Самарқандтағы ТМД елдері Биржаларының Халықаралық Қауымдастығының (БХҚ) жылдық жалпы жиналысына қатысты. Іс-шара барысында биржааралық ынтымақтастықтың өзекті мәселелері, ТМД елдерінің биржаларын дамытудағы заманауи трендтер талқыланды, биржалық сауда-саттық және қаржы нарықтары саласындағы өзара тиімді жобалар қаралды.

Климаттық бастамаларды қолдау және халықаралық ынтымақтастықты нығайту мақсатында Биржа 2024 жылғы 14 қарашада өткен БҰҰ-ның климаттың өзгеруі жөніндегі 2024 жылдың конференциясына (COP29) онлайн қатысты. Іс-шараны Қазақстан Республикасының Экология министрлігі ұйымдастырды және Бакудегі делегациялардың қатысуымен офлайн/онлайн форматта өтті. Конференция климаттың өзекті мәселелерін талқылауға және орнықты даму мен қоршаған ортаны қорғау саласында тәжірибе алмасуға арналған алаң болды.

Қаржы нарықтарының болашағын анықтайтын трендтер мен технологияны дамыту үшін KASE өкілдері Амстердамда (Нидерланды) өткен Tech Day 2024: Technology of the Future конференциясына қатысты, онда технология саласындағы жаңа жетістіктер және олардың қаржы нарықтарының дамуына әсері талқыланды. Іс-шара барысында Abaxx Exchange және AWS (Amazon Web Services) сияқты бұлтты биржаларды тақырыптық зерттеу, биржалар мен клиринг орталықтары үшін технологиялық қауіптер мен мүмкіндіктер, сондай-ақ деректерді талдау және басқару тенденциялары сияқты биржалар мен клиринг орталықтарына арналған бұлттық шешімдер қаралды. Сонымен қатар жасыл облигациялардан көміртегі мен USB 2.0-ге көшу тақырыбы, соның ішінде тұрақты қаржыландыру мен әлеуметтік жауапкершілікпен инвестициялаудың жаңа стандарттары қарастырылды.

2024 жылғы 01 қазанда KASE-нің Басқарма төрағасы Алина Алдамберген Ислам Ынтымақтастығы Ұйымы елдерінің 18-ші биржалық форумы шеңберінде "Қаржылық сауаттылық және ОІС капитал нарықтарындағы инклюзия" панельдік талқылауына қатысты. Өз сөзінде Алина Алдамберген Қазақстан халқы арасында қаржылық сауаттылықты белсенді ілгерілетуге бағытталған қаржылық сауаттылықты арттыру және капитал нарықтарына қолжетімділікті жақсарту саласындағы KASE тәжірибесі мен бастамаларын бөлісті.

Таяу Шығыспен ынтымақтастықты нығайту шеңберінде KASE өкілдері өңірдегі бірнеше маңызды іс-шараға қатысты. 2024 жылғы 29-30 сәуір аралығында Доха

қаласында (Катар) Катар қор биржасының қолдауымен ұйымдастырылған Араб қор нарықтары Федерациясының (AFCM) жыл сайынғы конференциясына қатысты. Іс-шара араб капитал нарығын дамытудың өзекті мәселелері мен мүмкіндіктерін талқылауға өз алаңын ұсынды.

2024 жылғы 01-02 мамырда KASE Дубайдың капитал нарықтары саммитіне қатысты, онда өңірдің қаржы нарықтарының өсуінің негізгі үрдістері мен перспективалары қаралды. Сапар аясында KASE өкілдері Abu Dhabi Securities Exchange (ADX) сапарында болды, онда тараптар Tabadul цифрлық биржалық хабына қосылу туралы келісімге қол қойды, бұл қазақстандық нарыққа қатысушылар мен жаһандық қаржы желілері арасында көпір құрудың жаңа кезеңі болды, ал ол өз кезегінде әлемдік қаржы инфрақұрылымына ынтымақтастық пен интеграция үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

Сондай-ақ Биржа Жапонияның Кумамото қаласындағы ASEAN+3 Bond Market Forum форумына қатысып, тәжірибе алмасу және аймақтың жетекші қаржы институттарымен кездесу үшін Гонконг биржасына (HKEX) бару арқылы Шығыс Азиядағы ынтымақтастықты нығайтты.

Халықаралық инвесторларды тарту үшін KASE Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен бірлесіп Citibank N. A. қолдауымен Лондонда "Kazakhstan: Local Currency Bond Market", сондай-ақ Deutsche Bank-Kazakhstan Equity Capital Markets Day конференциясын өткізді. Іс-шарада қазақстандық мемлекеттік органдар мен қаржы инфрақұрылымының өкілдері, Биржаның жетекші эмитент компаниялары, сондай-ақ халықаралық инвесторлар сөз сөйледі. Сарапшылар макроэкономикалық трендтер мен болжамдарды ұсынды, капитал нарығының даму перспективаларын, өткен IPO нәтижелері мен жекешелендіру жоспарларын, сондай-ақ биржалық нарық инфрақұрылымының шетелдік инвесторларға беретін мүмкіндіктерін талқылады.

2024 жылы KASE өкілдері Вена биржасына барып, Тараптар биржалық ақпарат пен ақпараттық өнімдерді тарату саласындағы тәжірибені талқылады.

2024 жылдың қазан айында KASE Басқармасының төрағасы Алина Алдамберген Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі және жетекші халықаралық әріптестер ұйымдастырған Нью-Йорктегі (АҚШ) Kazakhstan Finance Day халықаралық конференциясына қатысты. "Capital Markets From The Prospect Of Financial Services Development" панелінде ол Қазақстанның капитал нарығын дамытудағы, өтімділікті арттырудағы, шетелдік инвесторларды тартудағы және инновациялық шешімдерді

енгізудегі KASE-нің рөлі туралы баяндады. Баяндамада салық режимінің тартымдылығын, мемлекеттік облигациялардың жоғары кірістілігін және шетелдік қаржы институттарының жергілікті қатысуын күшейтуді қоса алғанда, қазақстандық нарықтың бәсекелестік артықшылықтары атап өтілді.

Бұл іс-шаралар Биржаға халықаралық ынтымақтастықты едәуір күшейтіп, капитал нарықтарының жаһандық картасында қазақстандық қор нарығының орнын нығайтуға мүмкіндік берді.

# НӘТИЖЕНІ ШОЛУ

## Халықаралық биржа нарығының трендтері

2024 жылы әлемдік нарықтар жаһандық экономиканы қалпына келтіруге терең әсер еткен айтарлықтай геосаяси және экономикалық белгісіздік жағдайында жылды аяқтады. Протекционистік шаралар мен мемлекеттердің өндірісті локализациялауға деген ұмтылысы жаһандық жеткізу тізбегін қайта қарауға негіз болған кезде нарықтар әлемдік сауданың күшейтілген фрагментациясына тап болды. Энергия бағасының тұрақтануына және логистикалық тізбектердің біртіндеп қалпына келуіне байланысты инфляциялық процестердің баяулауына қарамастан, көптеген елдің орталық банктері сақтық танытады: кейбір аймақта пайыздық мөлшерлемелердің төмендеуі туралы риторика естілсе, басқа аймақта тұрақты инфляциямен күресу үшін ағымдағы жоғары деңгейді сақтау жөніндегі іс-шара талқыланды. Бұл ретте инвесторлардың алтын және биткоин сияқты қорғаныс активтеріне, сондай-ақ цифрлық қаржы құралдарына қызығушылығының артқаны байқалады, бұл бизнес-процестерді жеңілдету үшін цифрлық үкіметтің бастамаларын белсенді енгізуінен көрінеді.

### 1-кесте. Нақты ЖІӨ және инфляция динамикасы (ж/ж, %)

|              | Нақты ЖІӨ (ж/ж, %) |      |      |      |      |      | Инфляция (ж/ж, %) |       |       |      |       |       |
|--------------|--------------------|------|------|------|------|------|-------------------|-------|-------|------|-------|-------|
|              | 2023               | 2023 | 2024 | 2024 | 2024 | 2024 | 2023              | 2023  | 2024  | 2024 | 2024  | 2024  |
|              | 3-т.               | 4-т. | 1-т. | 2-т. | 3-т. | 4-т. | 3-т.              | 4-т.  | 1-т.  | 2-т. | 3-т.  | 4-т.  |
|              | (Ф)                | (О)  | (П)  | (П)  | (П)  | (П)  | (Ф)               | (Ф)   | (П)   | (П)  | (П)   | (П)   |
| АҚШ          | 2,9                | 3,1  | 2,3  | 2    | 1    | 1,1  | 3,5               | 3,2   | 2,9   | 2,8  | 2,5   | 2,5   |
| Еуропа Одағы | 0                  | 0,1  | 0,1  | 0,2  | 0,7  | 1    | 4,9               | 2,7   | 2,5   | 2,4  | 2     | 2,2   |
| Англия       | 0,2                | -0,2 | 0    | 0,1  | 0,5  | 0,9  | 6,7               | 4,2   | 3,7   | 1,9  | 2,1   | 2,3   |
| Жапония      | 1,7                | 1    | 0,3  | -0,3 | 0,9  | 1,2  | 3,2               | 2,9   | 2,6   | 2,5  | 2,2   | 1,8   |
| Қытай        | 4,9                | 5,2  | 4,2  | 4,8  | 4,7  | 4,7  | -0,1              | -0,3  | 0,3   | 0,4  | 0,6   | 1,3   |
| Үндістан     | 7,6                | 6,4  | 5,7  | 6,4  | 6,1  | 6,2  | 6,4               | 5,4   | 5,1   | 5,1  | 4     | 4,8   |
| Ресей        | 5,5                | 4,4  | 3    | 1,6  | 0,4  |      | 14,4              | 7,2   | 7,5   | 7,6  | 6,7   | 5,1   |
| Түркия       | 5,9                | 3,3  | 4,5  | 1,5  | 1,9  | 2,5  | 56,1              | 62,7  | 61,8  | 69,3 | 46,8  | 40,7  |
| Бразилия     | 2                  | 2,2  | 1,6  | 1,3  | 1,6  | 2    | 4,6               | 4,7   | 4,1   | 3,7  | 3,8   | 3,8   |
| Аргентина    | -0,8               | -0,6 | -3,7 | -0,9 | -3,2 | -1,2 | 125               | 166,9 | 295,3 | 341  | 287,9 | 214,9 |
| Тайланд      | 1,4                | 1,7  | 2,8  | 3,5  | 3,8  | 3,6  | 0,5               | -0,5  | 0,6   | 1,6  | 2     | 2,2   |

Дереккөз: Bloomberg economic forecast

2024 жылы монетарлық саясат кезеңдерінің өзгеруі байқалды – 2023 жылы пайыздық мөлшерлемелердің шынды раллинен кейін орталық банктер мөлшерлемелерді біртіндеп төмендетуге көшті. Осылайша, АҚШ ФРЖ жылды 5,25-5,50% деңгейінен бастап, жыл ішінде оны түзете отырып, 2024 жылды

шамамен 4,25–4,50% деңгейінде аяқтады. Сол сияқты Еуропалық орталық банктің мөлшерлемесі 2023 жылдың қыркүйегіндегі 4,5%-дан 2024 жылдың соңына қарай 3,15%-ға дейін төмендеді.


Негізгі мөлшерлемелер төмендегеннен кейін қарыз құралдары бойынша кірістіліктің орташа төмендеуі байқалды, АҚШ-тың 30-жылдық қазынашылық кірістілігі 2024 жылдың қыркүйегінде шамамен 4,00%-ға дейін, ал 10-жылдық облигациялардың кірістілігі шамамен 3,65%-ға дейін төмендеді. Қарыз алу шарттарын жеңілдету арқылы мемлекеттік қарызға қызмет көрсету шығыны да төмен болды: АҚШ-тың мемлекеттік міндеттемелері бойынша таза пайыздық төлем ЖІӨ-нің шамамен 3,1%-ын құрады, бұл қарыз жүктемесінің ішінара жеңілдегенін көрсетеді.

Американдық қор нарығы өсуін жалғастырды. Dow Jones индексі шамамен 12,9%, S&P 500 индексі 23,3%, ал технологияға бағдарланған Nasdaq 28,6% өсті. S&P 500 ішіндегі секторлар бойынша динамика ерекше назар аударуға тұрарлық. Осылайша, 38,9% кірістілікпен коммуникациялық қызметтер секторы индексті басында болса, одан кейін 35,7% өсіммен ақпараттық технология және 29,1% өсіммен тұтынушылық сектор орналасты. Қаржы секторы 28,4%, утилиттер 19,6%, ал өнеркәсіп секторы 15,6% өсті. Тұтыну тауарлары мен энергетика секторлары сәйкесінше 12,0% және 2,3% өсім көрсетті, ал жылжымайтын мүлік секторы аздап 1,3% өсім көрсетті. Денсаулық сақтау саласы мардымсыз 0,9% өсіммен ерекшеленді, ал материалдар секторы жылды 1,8% шығынмен аяқтаған жалғыз сектор болды.

Әлемдік экономиканың жақсаруы әлемдік қор биржаларының негізгі көрсеткіштеріне оң әсерін тигізді. 2024 жылы акция нарығының жаһандық капитализациясы 2023 жылмен салыстырғанда 8,5% өсіп, 121,3 трлн АҚШ долларын құрады. Америкада (Солтүстік және Оңтүстік Америка) және Азия-Тынық мұхиты аймағында капитализация сәйкесінше 24,1%, 10,3% өсті, ал ЕТША (Еуропа, Таяу Шығыс және Африка) аймақтарында 7,6% төмендеді. 2024 жылы акциялардың әлемдік саудасаттық көлемі 2023 жылмен салыстырғанда 13% өсіп, 146,7 трлн АҚШ долларына жетті. Көлемнің төмендеуі ЕТША өңірлерінде байқалды – 9,6 трлн АҚШ долларына дейін 6,9%. Америкадағы (Солтүстік және Оңтүстік Америка) сауда көлемі 80,6 трлн АҚШ долларына дейін 15,1%, Азия-Тынық мұхиты аймағында 58,6 трлн АҚШ долларына дейін 20,7% өсті.

2024 жылдың қорытындысы бойынша KASE WFE мүшелері арасында акция нарығының капитализациясы жөнінен 39-шы орында. KASE акция нарығындағы сауда-саттық көлемі 637,6 млн АҚШ долларына дейін 12,6% төмендеді. KASE 2024 жылдың қорытындысы бойынша акциялармен сауда-саттық көлемі жөнінен 58-ші және WFE-ге мүше биржалар арасында облигациялармен сауда-саттық көлемі жөнінен 18-ші орында.

**1-сурет. Қор биржаларының капитализациясы, млрд АҚШ доллары**



Дереккөз: WFE

**2-сурет. Әлемнің қор биржаларында акциялармен жасалған сауда-саттық көлемі, млрд АҚШ доллары**



Дереккөз: WFE

**3-сурет. Әлемнің қор биржаларында облигациялармен жасалған сауда-саттық көлемі, млрд АҚШ доллары**



2024 жылдың қорытындысы бойынша әлемдік қор индекстері арасында ең үлкен өсім аргентиналық Merval бойынша болды, ол 172,52% қосып, 2,5 млн тармаққа жетті. Драйвері – Хавьер Милей әкімшілігінің макроэкономикалық реформалары, фискалдық түзету, реттеу, елдік тәуекелді 2000-нан 650-ге дейін төмендету және корпоративтік пайданың айтарлықтай өсуі (+490%). Энергетика секторы негізгі үлес қосты: мұнай экспорты онжылдықтың соңына қарай тәулігіне 550 000 баррельге жетеді деп күтілуде.

Өсу қарқыны бойынша екінші орынды Венесуэланың CAS индексі иеленді (+106%). Елдегі жылдық инфляция 48%-ға дейін (кем дегенде 12 жыл ішінде) төмендеді, бұл бағаның өсуімен күресудің ортодоксалды әдістеріне ықпал етті. 2023 жылы инфляция 189,8%, ал 2024 жылы экономиканың өсуі биліктің айтуынша 9% болды. Соған қарамастан, нарықтың одан әрі дамуына кедергі келтіретін саяси тұрақсыздық сақталып қалды.


Үшінші орын 35% өскен түрік BIST 100-ге бұйырды. Дезинфляцияның жалғасуы маңызды фактор болды: 2024 жылдың желтоқсанында инфляцияның жылдық көрсеткіші бір ай бұрынғы 47,09%-дан 44,38%-ға дейін төмендеді – бұл қатарынан жеті ай бойы төмендеу. Бұл ретте жекелеген санатта (киім және аяқ киім) бағалар жедел өсуін жалғастырды.

Қазақстандық KASE Индексі 33,2% (5 578,10 тармаққа дейін) ұлғайды, желтоқсанда тарихи максимум 5 624,38 пункт деңгейінде жаңартылды. Қаржы және телекоммуникация секторларының акциялары, оның ішінде ЦентрКредит Банкі, Kcell және Қазақстан Халық банкі күшті қаржылық нәтиже мен дивиденд төлеу аясында үлкен үлес қосты.

Қытайлық Shanghai Composite 12,67% өсті. Шанхай мен Шэньчжэнь биржаларының жалпы айналымы 254,42 трлн юаньға (35,39 трлн доллар) жетті, бұл өткен жылмен салыстырғанда 20,2% өсті. Нарықтың назарында жасанды интеллект, "шағын экономика" және қаржы салаларына байланысы бар қағаздар болды.

Ресейлік Мосбиржа индексі (IMOEX) бір жыл ішінде 6,97% төмендеп, 3099,11-ден 2883,04 тармаққа дейін төмендеді. Қатаң монетарлық саясат (негізгі мөлшерлемені 16%-дан 21%-ға дейін көтеру), геосаяси шиеленістер және жаңа санкциялар, соның ішінде Биржаның өзіне қарсы теріс әсер етті.

**4-сурет. 2024 жылдың қорытындысы бойынша негізгі әлемдік қор индекстері мен KASE Индексінің өсу көрсеткіштері, %**



Дереккөз: Bloomberg

2024 жылы әлемдік қор биржаларында орналастырылған IPO көлемі өсе берді. Алдыңғы бірнеше жылдағы құлдыраудан кейін оның қайта өсуіне әлемнің көптеген елінде пайыздық мөлшерлеменің төмендеуі ықпал етті. 2024 жылдың қорытындысы бойынша KASE WFE мүшелері арасында IPO орналастыру көлемі жөнінен 32-орында.

**5-сурет. Әлемнің қор биржаларында IPO орналастыру көлемі, млн АҚШ доллары**



*Дереккөз: WFE*

2024 жылы Қазақстанның ЖІӨ 4,8% өсті. Жетекші салалар: ауыл шаруашылығы – 13,7%, құрылыс – 13,1%, сауда – 9,1%, көлік – 8,5%. Өңдеу өнеркәсібінің көлемі 5,9% ұлғайды. Сонымен қатар АҚШ ЖІӨ өсімі 2,5%, Қытай ЖІӨ 5,4%, Ресей Федерациясының ЖІӨ 3,1% болды.

Қазақстан Республикасындағы инфляция 2023 жылғы 9,8%-дан 2024 жылы 8,6%-ға дейін баяулады. Жылдық инфляция деңгейіне азық-түлік пен алкогольсіз сусындар (2,1%), тұрғын үй қызметтері (1,8%), киім мен аяқ киім (1,0%) үлкен үлес қосты.

2024 жылдың басында ҚР ҰБ базалық мөлшерлемесі 15,75% болды. Жыл ішінде базалық мөлшерлеме 14,25%-ға дейін үш рет төмендеді. Сонымен қатар Ресей Федерациясына қатысты АҚШ пен ЕО санкцияларының күшеюі, нәтижесінде рубль бағамының әлсіреуі ұлттық валютаның динамикасына ықпал етті. Валюта нарығындағы жағдайды тұрақтандыру мақсатында ҚР ҰБ желтоқсан отырысында мөлшерлемені 15,25%-ға дейін көтеру туралы шешім қабылдады. Осыған қарамастан, 2024 жылдың қорытындысы бойынша қазақстандық теңге АҚШ долларына қатысты 13,6% әлсіреді, жыл соңына қарай бағам бір АҚШ доллары үшін 515,25 теңге болды.


2024 жылдың қорытындысы бойынша төлем балансының ағымдағы шотының тапшылығы сауда балансының жай-күйінің нашарлауына байланысты 4,4 млрд АҚШ долларын құрады. Тауар экспорты 79,8 млрд АҚШ долларына дейін 0,5%

төмендеді. Тауар импорты 0,1% өсіп, 60,4 млрд АҚШ долларына жетті. Осыған байланысты сауда балансының профициті 2023 жылмен салыстырғанда 2,4% төмендеп, 19,4 млрд АҚШ долларын құрады. Жеке капиталдан түсетін кіріс 16,7% төмендеп, 20,9 млрд АҚШ долларын құрады.

## KASE нарықтары

2024 жылдың қорытындысы бойынша барлық нарықтағы сауда-саттықтың жалпы көлемі 389,1 трлн теңгеге дейін 5,3% төмендеді:

**6-сурет. Сауда-саттық көлемінің секторлар бойынша динамикасы, трлн теңге**



KASE-дегі сауда-саттықтың негізгі көлемі ақша нарығына тиесілі, онда сауда-саттық көлемі 2024 жылы 338,1 трлн теңгеге дейін 8,6% қысқарды.

Валюталық своп операцияларының көлемі 76,6 трлн теңгеге дейін 20,6% ұлғайды.

Валюта нарығында сауда-саттық көлемі 38,0 трлн теңгеге дейін 28% өсті, оның ішінде доллар/теңге валюта жұбы бойынша сауда-саттық көлемі 47,3%, рубль/теңге жұбы бойынша 2 есе, юань/теңге жұбы бойынша 89,2% өсті.

Бағалы қағаздар нарығындағы сауда-саттық көлемінің өсуі корпоративтік борыштық бағалы қағаздар нарығын қамтамасыз етті, онда сауда-саттық көлемі 4,3 трлн теңгеге дейін 98,7% немесе 2,2 трлн теңгеге өсті. Сондай-ақ KASE Global секторында сауда-саттық көлемінің 46,6%-ға дейін 27,5%, туынды бағалы қағаздар секторында 2,8 млрд теңгеге дейін 49,9% өсуі байқалады.

Бұл ретте акциялар нарығында, мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары, инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары, репо және туынды құралдар нарығында белсенділіктің төмендегені байқалды:

## 2-кесте. KASE қор биржасындағы сауда-саттық динамикасы, млрд теңге

|                                       | 2020             | 2021             | 2022             | 2023             | 2024             | 2024ж. 2023 ж.-ға қатысты өзгеруі |
|---------------------------------------|------------------|------------------|------------------|------------------|------------------|-----------------------------------|
| <b>Бағалы қағаздар нарығы</b>         | <b>7 878,2</b>   | <b>6 218,2</b>   | <b>8 980,5</b>   | <b>10 923,6</b>  | <b>12 913,8</b>  | <b>+1 990,2</b>                   |
| Акциялар                              | 238,4            | 422,8            | 307,3            | 333,6            | 298,2            | -35,4                             |
| Kase Global                           | —                | 6,4              | 25,8             | 36,5             | 46,6             | +10,0                             |
| Корп. борыштық БҚ                     | 2 691,2          | 1 980,8          | 2 488,8          | 2 187,3          | 4 347,2          | +2 159,9                          |
| МБҚ                                   | 4 650,7          | 3 575,9          | 6 004,3          | 8 013,0          | 7 952,9          | -60,2                             |
| ХҚҰ облигациялары                     | 274,2            | 155,4            | 126,9            | 337,1            | 254,4            | -82,7                             |
| Инвест. қорлардың БҚ                  | 20,3             | 38,1             | 8,8              | 14,3             | 11,9             | -2,4                              |
| Туынды БҚ                             | 3,4              | 38,8             | 18,4             | 1,8              | 2,8              | +0,9                              |
| <b>Шетел валюталары нарығы</b>        | <b>11 606,9</b>  | <b>15 567,8</b>  | <b>20 798,1</b>  | <b>29 710,7</b>  | <b>38 018,3</b>  | <b>+8 307,5</b>                   |
| <b>Ақша нарығы</b>                    | <b>98 501,0</b>  | <b>152 653,6</b> | <b>231 834,4</b> | <b>370 075,4</b> | <b>338 136,8</b> | <b>-31 938,6</b>                  |
| Репо операциялары                     | 88 568,9         | 141 631,4        | 202 635,7        | 306 582,7        | 261 555,5        | -45 027,2                         |
| Валюталық своп операциялары           | 9 932,1          | 11 022,1         | 29 198,6         | 63 492,7         | 76 581,3         | +13 088,6                         |
| <b>Деривативтер нарығы</b>            | <b>&lt;0,1</b>   | <b>&lt;0,1</b>   | <b>7,9</b>       | <b>29,4</b>      | <b>&lt;0,1</b>   | <b>-29,4</b>                      |
| Фьючерстер                            | <0,1             | <0,1             | 7,9              | 29,4             | <0,1             | -29,4                             |
| <b>Сауда-саттық көлемінің БАРЛЫҒЫ</b> | <b>117 986,1</b> | <b>174 439,6</b> | <b>261 620,8</b> | <b>410 739,2</b> | <b>389 068,9</b> | <b>-21 670,30</b>                 |


Дереккөз: KASE

### Бағалы қағаздар нарығы

*Пайыздық мөлшерлемені төмендету аясында акциялар нарығының капитализациясы өсті.*

Акциялар нарығының капитализациясы жыл басынан бері 23,0% немесе 6,1 трлн теңгеге өсіп, 32,9 трлн теңге (62,8 млрд USD) болды. 2024 жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ-ге қатысты акциялар нарығының үлесі 24%-ға дейін өсті.


**7-сурет. KASE акциялар нарығы капитализациясы көлемінің ЖІӨ-ге қатынасы, %**



Дереккөз: KASE, stat.gov.kz

Айналымдағы корпоративтік борыш көлемі 2024 жылы 13,7 трлн теңгеге дейін 1,6% ұлғайды. 2024 жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ-ге қатысты корпоративтік борыш нарығының үлесі 10%-ға дейін төмендеді.

**8-сурет. KASE айналымындағы корпоративтік борыштың ЖІӨ-ге қатынасы, %**



Дереккөз: KASE, stat.gov.kz

**Биржада эмитенттер мен жаңа шығарылымдардың жалпы саны өсіп жатыр.**

2025 жылғы 01 қаңтардағы жай-күйі бойынша KASE сауда-саттық тізімінде 262 эмитенттің 758 атаудағы мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде "негізгі" алаңында 384 эмитенттің бағалы қағаздары, "балама" алаңында 150 эмитенттің бағалы қағаздары, "аралас" алаңында 148 эмитенттің бағалы


қағаздары және "негізгі" алаңында 84 эмитенттің, "жеке орналастыру" алаңында 37 эмитенттің 74 бағалы қағазы болды.

2024 жылы 86 эмитент (оның ішінде 32 жаңа эмитент) листинг процедурасынан өтті, Биржаның ресми тізімдеріне 226 бағалы қағаздар шығарылымы енгізілді, оның ішінде:


- 2024 жылы Биржаның ресми тізіміне бір эмитенттің – "Эйр Астана" АҚ акциялары енгізілді. Бұл ретте, 2024 жылы Биржаның сауда-саттық тізімінен бір атаудағы акциялар – "3А-БестГрупп" АҚ жай акциялары шығарылды. Осыған байланысты 2024 жылдың соңында Биржаның сауда-саттық тізімінде 99 эмитенттің акциялары болды, оның ішінде екі эмитенттің екі атаудағы акциялары "Листингтік емес бағалы қағаздар" секторында айналымға жіберілді.
- KASE Global шетелдік бағалы қағаздар секторында 2024 жылдың желтоқсан айының соңындағы жағдай бойынша 56 шетелдік эмитенттің 60 бағалы қағазы болды, оның ішінде 47 атаудағы акциялар және 13 ETF. Жыл ішінде секторға 2 акция және 2 шетелдік ETF кірді.
- 2024 жылы KASE ресми тізіміне 75 эмитенттің 194 облигация шығарылымы енгізілді. 2024 жылдың желтоқсан айының соңында KASE ресми тізімінде 126 эмитенттің корпоративтік облигацияларының 511 шығарылымы болды.

#### 9-сурет. KASE акциялары мен облигацияларының сауда-саттық тізімдерінің динамикасы

Акциялар нарығындағы сауда-саттық тізімдерінің өзгеруі, дана



Облигациялар нарығындағы сауда-саттық тізімдерінің өзгеруі, дана



Дереккөз: KASE

- "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторындағы қаржы құралдарының саны 24-тен 23-ке дейін қысқарды. "First Heartland Jusan Invest" АҚ Басқарушы компаниясы болып табылатын аралық инвестициялық пай қорлары пайларының бір шығарылымы тізімнен алынып тасталды.
- Ресми тізімге 6 халықаралық қаржы ұйымы облигацияларының 26 шығарылымы енгізілді, KASE алаңында барлығы жеті халықаралық қаржы ұйымы облигацияларының 59 шығарылымы тіркелген.

Эмитенттің шешімі бойынша 2024 жылы ресми тізімнен 4 эмитенттің 11 шығарылымы, оның ішінде аралық инвестициялық пай қорларының 1 шығарылымы алынып тасталды. Биржаның ресми тізімінен 5 эмитенттің 8 акция шығарылымы мәжбүрлі түрде алынып тасталды. Өтініш беру мерзімінің аяқталуына, мерзімінен бұрын өтеуге және күшін жоюға байланысты 61 эмитенттің 170 шығарылымы алынып тасталды.

2025 жылғы 01 қаңтардағы жай-күйі бойынша KASE нарықтарында Биржаның 51 мүшесі, оның ішінде қор нарығында 44 мүше, валюта нарығында 38 мүше, деривативтер нарығында 29 мүше тіркелген.

Жыл ішінде KASE мүшелерінің тізіміне сегіз компания енгізілді:

- "Standard инвестициялық компаниясы" АҚ ("деривативтер" санаты бойынша);
- "Home Credit Bank" АҚ ("қор" санаты бойынша);
- "Altyn Adam Associates" АҚ ("қор" санаты бойынша);
- "UD Capital" АҚ ("валюталық" санаты бойынша).
- "Tansar Capital" АҚ ("деривативтер" санаты бойынша);
- "NGDEM Finance" АҚ ("валюталық" санаты бойынша);
- "BCC Invest" АҚ ("валюталық" санаты бойынша);
- "Титулдық Брокер Халықаралық Ltd." жеке компаниясы ("қор" және "деривативтер" санаттары бойынша).

*Өтімділіктің бірінші класы тізімінің құрылымында KASE Global секторы құралдарының саны өсіп жатыр*


2025 жылғы қаңтардағы жай-күйі бойынша KASE-нің өтімділіктің бірінші класындағы тізімдерінде 73 атаудағы құралдар бар. Оның ішінде 23 қазақстандық және шетелдік эмитент акцияларының атауы, 3 қазақстандық эмитенттің депозитарлық қолхаттары, 25 акциялардың атауы және KASE Global секторындағы шетелдік

компаниялардың 10 ETF және инвестициялық қорлар мен ETF бағалы қағаздарының 12 атауы бар. Биржа ережелеріне сәйкес, акция өтімділіктің бірінші класының тізіміне енуі үшін онымен жасалған мәміле саны, жиілігі және көлемі, сондай-ақ онымен мәміле жасаған Биржа мүшелерінің саны белгіленген критерийлерге сәйкес келуі керек. 2024 жылы өтімділіктің бірінші класына KASE Global секторының 14 атаудағы акция мен 7 ETF енгізілді.

**Бөлшек инвесторлар базасы өсуді жалғастыруда, 2024 жылдың қорытындысы бойынша шоттардың жалпы саны 3,5 млн данадан асты.**

Жергілікті нарықтағы бөлшек инвесторлардың саны өсіп жатыр. 2025 жылдың 01 қаңтарындағы жай-күйі бойынша Қазақстанда ОД деректеріне сәйкес 3,5 млн-нан астам шот ашылған, оның ішінде 685 мың қосалқы шот және омнибус шоты арқылы ашылған 2,8 млн дербес шот бар.

**10-сурет. Брокерлік шоттардың динамикасы**



Дереккөз: KASE, ОД

Шот санының өсуі бірқатар фактордың әсерінен болды:

- соңғы жылдары сәтті өткізілген бірнеше IPO/SPO, олар кейін акциялар нарығындағы сауда-саттықтың өсуіне және бөлшек инвесторлардың қор нарығындағы сауда-саттыққа қатысуының өсуіне оң әсер етті;
- омнибус шоттарын ашу және пайдалану үрдісінің өсуі;
- технологиялық инновацияны дамыту және оны қаржылық және брокерлік қызметтерге енгізу, жаңа цифрлық брокерлік мобильді қолданбалардың пайда болуы, бұл жеке адамды қашықтан сәйкестендіру арқылы брокерлік шот ашу процесін, клиенттік тапсырыс беру және оны орындау тәртібін жеңілдетті;

- KASE-нің халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру жөніндегі белсенді жұмысы, оның шеңберінде "Биржалық симулятор" жобасының іске асырылуы және "KASE академиясы" шеңберінде оқыту вебинарларының өткізілуі.

#### *Жергілікті акциялар нарығындағы басты оқиға – "Эйр Астана" АҚ IPO-сы*


2024 жылы әуетасымалдау саласының өкілі – Эйр Астана акцияларының алғашқы IPO-сы өткізілді. KASE-де акциялар 49,2 млрд теңге көлемінде орналастырылды, бұл – жай акцияларды орналастырудың жалпы көлемінің 76%. Сұраныс көлемі KASE-де орналастыруға ұсынылған акциялар көлемінен 2,5 есе асып түсті. Эйр Астана акцияларын орналастыру бағасы 1 073,83 теңге болды. KASE-дегі IPO-ға 29 мың жеке инвестор қатысты, олар 46,4 млрд теңге сомасына 36,8 мың өтінім берді, бұл – KASE-ге берілген өтінімдердің жалпы көлемінің 38,5%. Бұл ретте институционалдық инвесторлардан банктер, брокерлер және сақтандыру ұйымдары атынан 70,6 млрд теңгеге өтінім түсті, бұл – қабылданған өтінімдердің жалпы көлемінің 58,6%.

IPO нәтижесінде жеке адамдардың шоттарына 24,3 млрд теңге сомасында бағалы қағаз түсті, бұл – KASE-ге орналастыру көлемінің 49,4%, ал институционалдық инвесторлар берген қанағаттандырылған өтінімдер көлемі – 24,9 млрд теңге немесе орналастыру көлемінің 50,6%.

01 наурызда Эйр Астана жай акциялары KASE Индексінің өкілдік тізіміне енгізілді.

Қайталама нарықта сауда-саттық басталған күннен бастап Эйр Астана акцияларымен жасалған сауда-саттық көлемі – 20 млрд теңге.

#### **11-сурет. 2024 жылғы 09 ақпаннан 31 желтоқсанға дейінгі Эйр Астана акцияларының бағасы мен сауда-саттық көлемінің динамикасы**



*Мәміле саны екі есеге жуық өскен, қайталама акциялар нарығындағы ең белсенді инвесторлар – бөлшек инвесторлар.*

#### Акциялар нарығы

2024 жылы акциялармен жасалған сауда-саттық көлемі 298,2 млрд теңге, бұл 2023 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 10,6% төмен. Бұл ретте, акциялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 17,4% немесе 52,4 млрд теңгеге төмендеп, 248,7 млрд теңгені құрады.

Сонымен қатар акциялар нарығында жасалған мәміле саны 2 еседен астам өсіп, 1 693 612 болды. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі – 1 197,6 млн теңге (қайталама нарықта – 998,8 млн теңге), мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 6 802 (қайталама нарықта – 6 656 мәміле), бір мәміленің орташа көлемі – 176,1 мың теңге (қайталама нарықта – 150,1 мың теңге).

#### 3-кесте: Акциялар нарығындағы сауда-саттықтың негізгі көрсеткіштері


|                                              | 2020ж.  | 2021ж.  | 2022ж.  | 2023ж.  | 2024ж.    |
|----------------------------------------------|---------|---------|---------|---------|-----------|
| Сауда-саттық көлемі, млрд теңге, оның ішінде | 238,4   | 422,8   | 307,3   | 333,6   | 298,2     |
| - бастапқы нарық                             | 3,5     | 0,9     | 138,4   | 32,5    | 49,5      |
| - қайталама нарық                            | 234,9   | 421,9   | 168,9   | 301,1   | 248,7     |
| Мәміле саны, дана                            | 195 687 | 452 284 | 516 318 | 802 250 | 1 693 612 |
| Бір күндегі мәмілелердің орташа саны, дана   | 795     | 1 846   | 2 107   | 3 261   | 6 802     |
| Бір мәміленің орташа көлемі, мың теңге       | 1 218   | 935     | 595     | 416     | 176       |

*Дереккөз: KASE*

Бұл өсім негізінен бөлшек инвесторлардың акциялар нарығындағы сауда-саттыққа қатысуының артуына байланысты. Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары тұрғысынан ең белсенділері – акциялармен жасалған сауда-саттықтың жалпы айналымының 62,1% құраған жеке адамдар. Банктердің қатысуы – 0,9%, брокерлік-дилерлік ұйымдар – 16,3%, басқа институционалдық инвесторлар – 2,6%, өзге заңды тұлғалардың үлесіне 18,0% тиесілі болды.


2024 жылы қайталама нарықтағы шетелдік инвесторлардың үлесі жалпы айналымның 6,9%-ына дейін төмендеді.

**12-сурет. 2024 жылдағы инвесторлар құрылымы\***



\* ірі мәмілелер мен тұрақты емес сипаттағы мәмілелерді есепке алмай, қайталама нарықтағы акциялар сауда-саттығының жалпы брутто-айналымынан

**13-сурет. Брутто-айналымдағы бейрезиденттердің үлесі\*, %**



\* акциялармен жасалған сауда-саттықтың жалпы брутто-айналымынан, мамандандырылған сауда-саттық бастамашысының және тұрақты емес сипаттағы мәміленің позициясы есептен алынып тасталды

*KASE Индексі 2024 жылы индекстік акциялар компанияларының қаржылық нәтижесі, дивиденд төлеуі аясында тарихи максимумдарды көрсетуді жалғастырды.*


2024 жылы KASE Индексі 5 578,10 тармаққа дейін 33,2% өсті. Бұл ретте, 2024 жылғы 05 желтоқсанда KASE Индексі 5 624,38 тармақ деңгейінде тарихи максимумды жаңартты.

2024 жыл бойы KASE Индексі негізінен тұрақты өсуді көрсетті. Желтоқсан айында максимумға жеткеннен кейін бұл көрсеткіш 5 488,77 тармаққа дейін төмендеді және 2024 жылдың соңғы күндері жасалған сауда-саттық кезінде қайтадан өсіп, жоғалтқан бағасын қалпына келтірді.

Жыл қорытындысы бойынша "ҚазТрансОйл" АҚ және "Эйр Астана" АҚ акцияларын қоспағанда, KASE Индексінің өкілдік тізіміндегі барлық акция оң динамика көрсетті. Қаржы секторы мен телекоммуникация секторының, атап айтқанда "Банк ЦентрКредит" АҚ, "Kcell" АҚ және "Қазақстан Халық банкі" АҚ акциялары ең үлкен өсімді көрсетті. KASE индексі акцияларының өсуіне ықпал еткен негізгі факторлар – қаржылық есептерді жариялау және дивиденд төлеу.

2024 жылдың қорытындысы бойынша индекстік акциялармен жасалған сауда-саттықтың жиынтық көлемі 148,7 млрд теңге болды\*.

14-сурет. KASE Индексінің компоненттері



2024 жылдың қорытындысы бойынша **"Банк ЦентрКредит" АҚ** акциялары 2 186,99 теңгеге дейін 2,2 есе өсті. Шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес, Банктің 2024 жылдың тоғыз айындағы таза пайдасы 144,3 млрд теңгеге дейін 39,2% ұлғайды, таза пайыздық кірісі 212,8 млрд теңгеге дейін 41,8% өсті. Банктің 2023 қаржы жылындағы таза пайдасы 135,2 млрд теңгеге дейін 6,8% төмендеді. S&P Global Ratings агенттігі желтоқсан айында Банктің ұзақмерзімді несиелік рейтингін "Тұрақты" деген болжаммен BB-ден BB-ге дейін көтерді, Moody's Investors Service банктің рейтингін Ba2-ден Ba1-ге дейін көтеріп, "Позитивті" деген болжамын қалдырды. Банк 2023 жылы алған таза кірісін дивиденд төлеуге жұмсамады.

**"Кселл" АҚ** акциялары бір жыл ішінде 3 432,00 теңгеге дейін 75,6% өсті. 2023 жылдың қорытындысы бойынша компанияның таза пайдасы 32,9 млрд теңгеге дейін 18,5% азайды. Бұл ретте, 2024 жылдың тоғыз айында таза пайда 2023 жылдың ұқсас кезеңіндегі 23,6 млрд теңгемен салыстырғанда 8,1 млрд теңгеге дейін төмендеді. Fitch Ratings компанияның несиелік рейтингін "BB+" деңгейінде растады, болжам "Тұрақты". Компания өзінің 2023 жылғы таза кірісін бөлмеу және жай акциялар бойынша дивиденд төлемеу жөнінде шешім қабылдады.

**"Қазақстан Халық банкі" АҚ** жай акциялары 2024 жылдың қорытындысы бойынша 56,7% өсті. Банктің таза пайдасы 2022 жылғы 569,5 млрд теңгеден 2023 жылы

693,4 млрд теңгеге дейін ұлғайды. 2024 жылғы 25 сәуірде 2023 жылдағы қызметінің қорытындысы бойынша Банк дивиденд төлеуге 277,4 млрд теңге немесе бір акцияға 25,43 теңге бөлу туралы шешім қабылдады. Сондай-ақ 2024 жылғы 09 желтоқсанда Банк дивиденд төлеуге қосымша 104,2 млрд теңге немесе бір акцияға 9,57 теңге бөлу туралы шешім қабылдады. Банктің 2024 жылдың тоғыз айындағы таза пайдасы 638,8 млрд теңгеге дейін 18,3% өсті, ал таза пайыздық маржасы 6,3%-дан 7,1%-ға дейін өсті. S&P Global Ratings Банктің несиелік рейтингін "BBB -" деңгейіне көтерді, болжам "Тұрақты".

**"Қазақтелеком" АҚ** жай акцияларының бағасы 26,9% өсті. Топтың 2023 жылғы шоғырландырылған таза пайдасы 128,8 млрд теңгеден 104,4 млрд теңгеге дейін 18,9% төмендеді. Шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес, 2024 жылдың тоғыз айындағы қызметінен түскен табыс 364,3 млрд теңгеге дейін 5,0% өсті, ал таза пайдасы 53,1 млрд теңгеге дейін 40,5% азайды. 2024 жылғы 30 сәуірде акционерлердің жалпы жиналысы 2023 жыл үшін дивиденд төлеуге 93,1 млрд теңге немесе бір жай акцияға 2 096,60 теңге бөлу туралы шешім қабылдады.

**"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ** акциялары 26,7% өсіммен 2024 жылды жапты. Компанияның 2023 жылғы таза пайдасы 2022 жылғы 1 307 млрд теңгеден 924 млрд теңгеге дейін төмендеді. Бұл ретте, 2024 жылдың тоғыз айында таза пайда 2023 жылдың ұқсас кезеңіндегі 946 млрд теңгеден 867,0 млрд теңгеге дейін төмендеді. 2024 жылғы 20 маусымда Fitch Ratings компанияның BBB деңгейіндегі рейтингін растады, болжам "Тұрақты". 2024 жылғы 11 қыркүйекте Moody's Ratings агенттігі компанияның несиелік рейтингін "Baa1" деңгейіне көтерді, болжам "Тұрақты". 2024 жылғы 28 мамырда компания акционерлерінің жалпы жиналысы бір жай акцияға 491,71 теңге есебінен 2023 жылға дивиденд төлеуге 300 млрд теңге бөлу туралы шешім қабылдады.

2024 жылдың қорытындысы бойынша **Kaspi.kz АҚ** жай акциялары 19,6% өсті. Kaspi.kz АҚ-тың шоғырландырылған таза пайдасы 2023 жылы 588,8 млрд теңгеден 848,8 млрд теңгеге дейін 44,1% өсті. Бұл ретте, компанияның 2024 жылғы тоғыз айдағы шоғырландырылған таза пайдасы 600,8 млрд теңгеден 740,4 млрд теңгеге дейін ұлғайды. 2024 жылғы 19 қыркүйекте Fitch Ratings компанияға "BBB-" деңгейінде компанияның ұзақмерзімді дефолт рейтингін берді, болжам "Тұрақты". 2024 жылғы 22 мамырда акционерлер 2024 жылдың бірінші тоқсанында бір акция үшін 850 теңге есебінен жай акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешім

қабылдады. 21 тамызда акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы 2024 жылдың екінші тоқсаны үшін бір акцияға 850 теңге мөлшерінде жай акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдады. 19 қарашада компания акционерлері 2024 жылдың үшінші тоқсаны үшін бір акцияға 850 теңге мөлшерінде дивиденд төлеу туралы шешім қабылдады.


## КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

*Сауда-саттық көлемі мен корпоративтік облигациялар нарығында жасалған мәміле саны өсіп жатыр*

2024 жылы бағалы қағаздар нарығындағы сауда-саттық көлемінің 2,0 трлн теңгеге өсуіне корпоративтік облигациялармен жасалған сауда-саттық көлемінің 98,7% немесе 2,2 трлн теңгеден 4,3 трлн теңгеге дейін өскені негіз болды.

Инфляция деңгейі, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің базалық мөлшерлемесі төмендеген және борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кірістілігі одан әрі төмендеген кезде, корпоративтік облигациялар нарығындағы белсенділік артты. 2024 жылы корпоративтік облигациялардың кірістілік индексі KASE\_BY мәні жылдық 13,85%-ға дейін 61 базистік тармаққа төмендеді.

### 15-сурет. 2024 жылы жүргізілген нарықтық орналастыру



Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында орналастыру көлемі рекордтық өсім көрсетті. 2024 жылы корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында жалпы сомасы 3,5 трлн теңгеге 59 эмитенттің 123 облигация шығарылымы орналастырылды, бұл 2023 жылғы көрсеткіштен 2,3 есе немесе 1,9 трлн теңгеге жоғары.

Облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 2023 жылға қарағанда 876,9 млрд теңгеге дейін 31,9% немесе 212,0 млрд теңгеге ұлғайды.

2024 жылы корпоративтік облигациялар нарығында жасалған мәміле саны 2023 жылғы ұқсас көрсеткіштен кемінде 2 есе асып, 96 772 дананы құрады. Бұл өсім корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында жасалған мәміле санының 91 443 данаға дейін 2,2 есе өсуіне байланысты болды. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 17,5 млрд теңге (қайталама нарықта 3,5 млрд теңге), мәмілелердің орташа тәуліктік саны 389 мәміле (қайталама нарықта 367 мәміле), бір мәміленің орташа көлемі 44,9 млн теңге (қайталама нарықта 9,6 млн теңге) болды.



**4-кесте: Облигациялар нарығындағы сауда-саттықтың негізгі көрсеткіштері**

|                                              | 2020ж.  | 2021ж.  | 2022ж.  | 2023ж.  | 2024ж.  |
|----------------------------------------------|---------|---------|---------|---------|---------|
| Сауда-саттық көлемі, млрд теңге, оның ішінде | 2 691,2 | 1 980,8 | 2 488,8 | 2 187,3 | 4 347,2 |
| - бастапқы нарық                             | 2 239,4 | 1 143,7 | 1 492,2 | 1 522,4 | 3 470,3 |
| - қайталама нарық                            | 451,8   | 837,0   | 996,7   | 664,9   | 876,9   |
| Мәміле саны, дана                            | 3 203   | 8 839   | 18 481  | 44 235  | 96 772  |
| - бастапқы нарық                             | 1 033   | 980     | 1 978   | 3 283   | 5 329   |
| - қайталама нарық                            | 2 170   | 7 859   | 16 503  | 40 952  | 91 443  |
| Бір күндегі мәмілелердің орташа саны, дана   | 13      | 36      | 75      | 180     | 389     |
| Бір мәміленің орташа көлемі, мың теңге       | 840 203 | 224 096 | 134 671 | 49 447  | 44 922  |

Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары ішінде банктердің үлесі – 18,9%, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 1,1%, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 28,0%, басқа заңды тұлғалардың үлесі – 49,6%, жеке адамдардың үлесі – 2,4%. Бейрезиденттердің қатысу үлесі 0,5% болды.

**16-сурет. 2024 жылдағы корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығындағы инвесторлардың құрылымы\***

**17-сурет. Бастапқы нарықтағы брутто-айналымдағы бейрезиденттердің үлесі\*, %**




*\* қайталама нарықтағы корпоративтік облигациялармен жасалған сауда-саттықтың жалпы брутто-айналымына қатысты, ірі мәмілелер мен тұрақты емес сипаттағы мәмілелерді есепке алмағанда*


*\* корпоративтік облигациялармен жасалған сауда-саттықтың жалпы брутто-айналымына қатысты, мамандандырылған сауда-саттық бастамашысының позициясын есепке алмағанда*

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары ішінде банктердің үлесі – 22,5%, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 4,2%, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 7,5%, басқа заңды тұлғалардың үлесі – 51,2%, жеке адамдардың үлесі – 14,5%. Бейрезиденттердің үлесі 11,6% болды.

**18-сурет. 2024 жылдағы корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы инвесторлардың құрылымы\***



**19-сурет. Қайталама нарықтағы жалпы брутто-айналымдағы бейрезиденттердің үлесі, %**



*\* қайталама нарықтағы корпоративтік облигациялармен жасалған сауда-саттықтың жалпы брутто-айналымына қатысты, ірі мәмілелер мен тұрақты емес сипаттағы мәмілелерді есепке алмағанда*

*\* корпоративтік облигациялармен жасалған сауда-саттықтың жалпы брутто-айналымына қатысты, мамандандырылған сауда-саттық бастамашысының позициясын есепке алмағанда*

2024 жылы айтарлықтай өсімді микроқаржы ұйымдарының облигациялары секторы көрсетті. Микроқаржы ұйымдарының облигацияларымен жасалған сауда-саттық көлемі 207,8 млрд теңгеге дейін 36,5% өсті. Бұл ретте, бастапқы нарықта 52,7 млрд


теңге сомасына 13 эмитенттің 20 шығарылымы орналастырылды (жеке орналастыру секторының облигацияларын есепке алмағанда). Қайталама нарықта сауда-саттық көлемі рекордтық 147,0 млрд теңгеге дейін 84,2% ұлғайды.

2025 жылғы 01 қаңтарда микроқаржы ұйымдарының борышы 185,4 теңге болды. Бұл ретте, KASE ресми тізімінде 31 эмитенттің 88 шығарылымы болды.


Микроқаржы ұйымдарының облигациялары бөлшек инвесторлар мен заңды тұлғалар арасында ең танымал болды. Инвесторлардың негізгі санаттары тұрғысынан алғанда, микроқаржы ұйымдарының облигацияларының бастапқы нарығындағы банктердің үлесі 5,4%, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 12,7%, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі 36,8%, басқа заңды тұлғалардың үлесі 11,1%, жеке адамдардың үлесі 34,0% болды.

Микроқаржы ұйымдары облигацияларының қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары ішінде банктердің үлесі 0,5%, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 2,9%, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі 4,4%, өзге де заңды тұлғалардың үлесі 45,4%, жеке адамдардың үлесі 46,8% болды.

**20-сурет. 2024 жылдағы бастапқы нарықтағы инвесторлардың құрылымы**



**21-сурет. 2024 жылдағы қайталама нарықтағы инвесторлардың құрылымы**



2024 жылы 210,4 млрд теңге сомасына 2 эмитенттің 5 ESG-облигация шығарылымы орналастырылды. 2025 жылғы 01 қаңтарда KASE сауда-саттық тізімдерінде барлығы 703,0 млрд теңге сомасындағы 23 ESG-облигация шығарылымы болды, оның ішінде 549,1 млрд теңге орналастырылды.

2024 жылы 7,6 млрд теңге сомасына субсидияланған купондық мөлшерлемесі бар ШОБ облигацияларының 3 шығарылымы орналастырылды. 2025 жылғы 01 қаңтарда KASE сауда-саттық тізімдерінде субсидияланған купондық мөлшерлемесі бар ШОБ облигацияларының 7 шығарылымы болды, олардың

жалпы сомасы 19,6 млрд теңге болды, оның ішінде 18,5 млрд теңге орналастырылды.

## МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

*Мемлекеттік бағалы қағаздар секторында бастапқы нарықтағы сауда-саттық көлемі айтарлықтай өсім көрсетті*

2024 жылы МБҚ нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 7 952,9 млрд теңгеге дейін 0,8% немесе 60,2 млрд теңгеге азайды.


### 5-кесте: Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығындағы сауда-саттықтың негізгі көрсеткіштері

|                                              | 2020ж.   | 2021ж.    | 2022ж.    | 2023ж.    | 2024ж.    |
|----------------------------------------------|----------|-----------|-----------|-----------|-----------|
| Сауда-саттық көлемі, млрд теңге, оның ішінде | 4 650,7  | 3 575,9   | 6 004,3   | 8 013,0   | 7 952,9   |
| - бастапқы нарық                             | 3 734,0  | 2 701,5   | 4 145,7   | 5 235,8   | 6 045,3   |
| - қайталама нарық                            | 916,8    | 874,4     | 1 858,7   | 2 777,2   | 1 907,6   |
| Мәміле саны, дана                            | 1 859    | 2 557     | 3 420     | 5 344     | 4 968     |
| - бастапқы нарық                             | 793      | 938       | 812       | 1 354     | 1 597     |
| - қайталама нарық                            | 1 066    | 1 619     | 2 608     | 3 990     | 3 371     |
| Бір күндегі мәмілелердің орташа саны, дана   | 8        | 10        | 14        | 22        | 20        |
| Бір мәміленің орташа көлемі, мың теңге       | 2501 735 | 1 398 478 | 1 755 650 | 1 499 445 | 1 600 817 |

МБҚ бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 6 045,3 млрд теңгеге дейін 15,5% немесе 809,4 млрд теңгеге өсті. Оның 462,1 млрд теңгесін 17 облыс, Алматы, Астана және Шымкент қалаларының әкімдіктері тартты. Қаржы министрлігі жылдық 11,38%-13,50% орташа алынған кірістілікпен 5 583,1 млрд теңге тартып, өтеуге дейінгі мерзімі 9 айдан 16 жылға дейінгі 38 шығарылымды орналастырды.

## 22-сурет. 2024 жылдағы МБҚ кірістілігі және МБҚ кірістілік қисығы


**жылдық 10,74%-дан 13,50%-ға дейін**




Өтеуге дейінгі мерзімдері бойынша алғанда, бастапқы нарықта өтеу мерзімі 1 жылға дейінгі міндеттемелердің үлесі 10,5%, өтеу мерзімі 1 жылдан 3 жылға дейінгі міндеттемелердің үлесі 24,5%, өтеу мерзімі 3 жылдан 5 жылға дейінгі міндеттемелердің үлесі 15,4% болды. Өтеу мерзімі 5 жылдан 10 жылға дейінгі және 10 жылдан астам ұзақмерзімді бағалы қағаздардың үлесі сәйкесінше 38,9% және 10,8% болды.

2024 жылы қайталама нарықта МБҚ-мен жасалған сауда-саттық көлемі 1 907,6 млрд теңгені құрап, 2023 жылмен салыстырғанда 31,3% азайды. Қайталама нарықтағы Ұлттық банк ноталарымен жасалған сауда-саттық үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінің 45,6% немесе 870,0 млрд теңге, МЕКАМ үлесі 51,7% немесе 985,3 млрд теңге, Қазақстан Республикасының еурооблигацияларының үлесі 1,5% немесе 29,1 млрд теңге, ал шет мемлекеттердің МБҚ үлесі 1,2% немесе 23,2 млрд теңге болды.

**23-сурет. Өтеуге дейінгі мерзімі бойынша бастапқы нарықта МБҚ орналастыру құрылымы, млрд теңге,%**




**24-сурет. Құралдар бойынша KASE-дегі МБҚ қайталама нарығының көлемі, млрд теңге**




2024 жылы МБҚ бастапқы нарығындағы инвесторлар құрылымындағы банктердің үлесі 48,8%-дан 56,5%-ға дейін, ал заңды тұлғалардың үлесі 8,9%-дан 11,4%-ға дейін өсті. Институционалдық инвесторлардың үлесі 40,7%-дан 31,7%-ға дейін, ал брокерлердің үлесі 1,6%-дан 0,5%-ға дейін төмендеді.

Қайталама нарықтағы инвесторлар құрылымындағы банктердің үлесі 42,4%-дан 46,6%-ға дейін, ал институционалдық инвесторлардың үлесі 7,3%-дан 12,2%-ға дейін өсті. Бұл ретте брокерлердің үлесі 4,0%-дан 2,4%-ға дейін төмендеді.

**25-сурет. 2024 жылдағы бастапқы нарықтағы инвесторлардың құрылымы**




**26-сурет. 2024 жылдағы қайталама нарықтағы инвесторлардың құрылымы**




2024 жылы сатып алушылар тарапынан қайталама нарықтағы бейрезиденттердің сауда-саттық көлемі 2023 жылдағы 376,2 млрд теңгемен салыстырғанда 125,1 млрд теңгеге дейін 3 есе төмендеді. Қайталама нарықтағы бейрезиденттердің үлесі 8,6%-дан 7,8%-ға дейін азайды.

**27-сурет. Бастапқы нарықтың жалпы айналымындағы бейрезиденттердің үлесі, %**



**28-сурет. Қайталама нарықтың жалпы айналымындағы бейрезиденттердің үлесі, %**




2024 жылғы 01 сәуірде KASE тіркелген тізімі бар МБҚ нарық индекстерінің сериясын есептеуге және жариялауға кірісті, оған мыналар кіреді:

- KZGB\_CPm1m (more than one month) – сатып алынған және төленбеген купондық сыйақыны есепке алмағандағы баға бойынша есептелетін, өтеу мерзімі 31 күн және одан жоғары болатын МБҚ-ның "таза" бағаларының баға индексі;
- KZGB\_DPm1m – өтеу мерзімі 31 күннен асатын МБҚ жиынтық табысының баға индексі (есептелген және төленген купондық төлемді ескере отырып);
- KZGB\_Ym1m – кірістілік көрсеткіші, жылдық пайызбен;
- индекстің дюрациясы, жылдармен;
- индекстің түрлендірілген дюрациясы.

Бұл индикаторлардың динамикасы 2024 жылдың екінші жартысында кірістіліктің төмендегенін және МБҚ бағасының өскенін көрсетеді.

**29-сурет. Тіркелген тізімі бар МБҚ нарық индекстерінің динамикасы,%**




Дереккөз: KASE

2024 жылғы 22 сәуірде KASE ақша және МБҚ нарықтарындағы MBM\_index (Money and Bond Market Index) композиттік индексі есептеуге және жариялауға кірісті, ол мыналарды көрсетеді:

- ақша нарығының 25% (TCI) және жиынтық кіріс индексінің 75% үлес салмағымен эталондық портфельдің динамикасы (KZGB\_DPM1m);
- индекстің дюрациясы, жылдармен;
- индекстің түрлендірілген дюрациясы.

MBM\_index индикаторының динамикасы 2024 жылдың екінші жартысында ақша және МБҚ нарықтарында кірістіліктің төмендегенін көрсетеді.

**30-сурет. Ақша және МБҚ нарықтарындағы MBM\_index (Money and Bond Market Index) композиттік индексінің динамикасы, %**



*Дереккөз: KASE*


2024 жылғы 01 қазанда KASE ESG индекстерін есептеуге және жариялауға кірісті, оған мыналар кіреді:

- KASE\_ESGB\_CP – жинақталған және төленбеген купондық сыйақыны есепке алмаған бағасы бойынша есептелетін экология, қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік маңызы бар жобалар саласындағы жобаларды қаржыландыруға бағытталған орнықты даму облигациялары (ESG-облигациялар) құнының өзгеруін көрсететін "таза" бағалар индексі, %;
- KASE\_ESGB\_DP – есептелген купондық сыйақы және қайта инвестицияланған купондық төлем есепке алынған баға бойынша есептелетін ESG-облигациялар құнының өзгеруін көрсететін "таза емес" бағалар индексі, %;

- KASE\_ESGB\_Y – ESG облигацияларының кірістілік индикаторының индексі (жылдық пайызбен);
- ESG облигациялары индексінің дюрациясы (жылдармен).

USD индексінің динамикасы 2024 жылдың қазан айында ESG облигацияларының кірістілігі мен бағасының төмендегенін көрсетеді.

**31-сурет. ESG индекстерінің динамикасы, %**



Дереккөз: KASE

## KASE GLOBAL

*KASE Global шетелдік бағалы қағаздар секторында сауда-саттық көлемі 46,6 млрд теңгеге дейін 27,5% өсті*

2024 жылғы желтоқсанның соңында KASE Global секторында 47 атаудағы акциялары және шетелдік эмитенттердің 13 ETF болды. 2024 жылы KASE Global секторына ALPHABET Inc., ORACLE CORPORATION, Invesco QQQ Trust және iShares 20+ year Treasury bond ETF енгізілді.

2024 жылдың қорытындысы бойынша "KASE Global" секторында жалпы сомасы 46,6 млрд теңгеге 123 737 мәміле жасалды. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 187,1 млн теңге, мәмілелердің орташа тәуліктік саны 497, бір мәміленің орташа көлемі 376,5 мың теңге болды.

2024 жылы "KASE Global" секторында ең көп мәміле келесі акциялармен жасалды:

- ProShares Bitcoin Strategy ETF (BITO\_KZ) – жалпы сомасы 3,0 млрд теңгеге 13 177 мәміле;
- Intel Corporation (INTC\_KZ) – жалпы сомасы 1,9 млрд теңгеге 13 067 мәміле;
- NVIDIA Corp. (NVDA\_KZ) – жалпы сомасы 7,4 млрд теңгеге 13 046 мәміле.

Инвесторлардың негізгі санаттары ішінде жеке адамдардың үлесі 50,9%, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 31,6%, банктердің үлесі 0,1%, басқа заңды тұлғалардың үлесі 17,4% болды. Бейрезиденттердің үлесі 0,6% болды.

### **Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары**

*Ресми тізімде халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының саны өсіп жатыр*

2024 жылдың соңында KASE сауда-саттық тізімінде жеті халықаралық қаржы ұйымы облигацияларының 59 шығарылымы болды, олар: Еуразиялық даму банкінің 21 шығарылымы, Еуропалық қайта құру және даму банкінің 15 шығарылымы, Азия даму банкінің 11 шығарылымы, Халықаралық қайта құру және даму банкінің 5 шығарылымы, Халықаралық қаржы корпорациясының (IFC) 4 шығарылымы, Еуропалық инвестициялық банктің 2 шығарылымы және жеке секторды дамыту жөніндегі Ислам корпорациясының 1 шығарылымы.

2024 жылы ресми тізімге алты халықаралық қаржы ұйымы облигацияларының 26 шығарылымы енгізілді: Еуразиялық даму банкінің тоғыз шығарылымы, Халықаралық қайта құру және даму банкінің алты шығарылымы, Еуропалық қайта құру және даму банкінің төрт шығарылымы, Азия Даму Банкі мен Еуропалық инвестициялық банктің үш шығарылымы және халықаралық қаржы корпорациясының бір шығарылымы.

2024 жылы осы сектордағы сауда көлемі 24,5% немесе 82,7 млрд теңгеге азайып, 254,4 млрд теңгені құрады. Жасалған мәміле саны 473-тен 270-ке дейін төмендеді.


Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялар секторының бастапқы нарығында 2024 жылы екі халықаралық қаржы ұйымының жалпы сомасы 219,3 млрд теңге болатын 16 шығарылымы орналастырылды, бұл 2023 жылғы көрсеткіштен 21,7% немесе 60,9 млрд теңгеге аз.

Қайталама нарықта жасалған сауда-саттық көлемі 35,0 млрд теңгені құрап, 2023 жылға қарағанда 38,4% немесе 21,8 млрд теңгеге төмендеді.

Инвесторлардың негізгі санаттары ішінде 2024 жылдың бастапқы нарығындағы банктердің үлесі 54,6%, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 2,0%, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі 33,2%, өзге заңды тұлғалардың үлесі 10,0% және жеке адамдардың үлесі 0,2% болды. Бейрезиденттердің үлесі – 0,5%.


Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары ішінде 2024 жылы банктердің үлесі 7,8%, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 22,1%, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі 7,3%, басқа заңды тұлғалардың үлесі 42,0%, жеке адамдардың үлесі 20,8% болды. Бейрезиденттердің қатысуы 26,7% деп бағаланады.

**32-сурет. Өтеуге дейінгі мерзімдері бойынша айналымдағы МҚҰ облигациялары борышының құрылымы\***



*\* номиналды құны бойынша деректер 2025 жылғы 01 қаңтардағы жай-күйі бойынша ұсынылды*

**33-сурет. 2024 жылдағы қайталама нарықтағы инвесторлардың құрылымы\***



*\* МҚҰ облигацияларымен жасалған сауда-саттықтың жалпы брутто-айналымынан мамандандырылған сауда-саттық бастамашысының позициясы есептен алынып тасталды*

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

*Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздар секторындағы ең белсенді инвесторлар – бөлшек инвесторлар*

2025 жылғы 01 қаңтардағы жай-күйі бойынша "инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында бес басқарушы компания басқаратын пай қорларының 17 қаржы құралы және алты ETF болды.

2024 жылы осы құралдармен жасалған сауда-саттық көлемі 11,9 млрд теңгені құрап, 2023 жылмен салыстырғанда 16,8% немесе 2,4 млрд теңгеге азайды. Сауда-саттықтың ең көп көлемі "BCC Invest" АҚ басқаруындағы "ЦентрКредит-валюта" АИПҚ және SPDR Bloomberg Barclays 1-3 Month T-Bill ETF басқаруындағы SSGA Funds Management, Inc. үлесінде болды.

**6-кесте: 2024 жылы инвестициялық қорлардың бағалы қағаздарымен жасалған сауда-саттық көлемі**

|                 | Сауда-саттық көлемі,<br>млн теңге | Мәміле<br>саны | Саны,<br>дана     |
|-----------------|-----------------------------------|----------------|-------------------|
| BCCI_cc         | 4 688                             | 287            | 91 758            |
| US_BIL_         | 4 571                             | 201            | 108 459           |
| US_SPY_         | 900                               | 1 590          | 3 319             |
| FFIN_or         | 602                               | 781            | 8 433             |
| BCClrb          | 354                               | 27 387         | 61 045 938        |
| FHJlag          | 198                               | 1 231          | 431               |
| CSECfe          | 146                               | 137            | 32                |
| IE_FXBF         | 89                                | 2 594          | 31 031            |
| FHJlds          | 68                                | 5 518          | 5 760             |
| HFINhv          | 56                                | 11             | 115               |
| FHJlhm          | 54                                | 3 214          | 3 009             |
| US_GLD_         | 40                                | 171            | 354               |
| US_ICLN         | 39                                | 717            | 6 254             |
| CSECgm          | 31                                | 15             | 12                |
| FHJlpc          | 17                                | 316            | 35                |
| US_PHO_         | 7                                 | 17             | 225               |
| FFINgw          | 3                                 | 130            | 513               |
| BCClbe          | 1                                 | 53             | 575               |
| HFINhs          | 1                                 | 10             | 9                 |
| HFINhp          | <0,1                              | 4              | 2                 |
| HFINhl          | <0,1                              | 3              | <0,1              |
| CSEctf          | <0,1                              | 2              | <0,1              |
| <b>Барлығы:</b> | <b>11 864</b>                     | <b>44 389</b>  | <b>61 306 263</b> |


Инвесторлардың негізгі санаттары ішінде 51,9% – жеке адамдар, 33,2% – брокерлік-дилерлік ұйымдар, 14,9% – басқа заңды тұлғалар.

### Ақша нарығы

Ақша нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 338,1 трлн теңгені құрап, өткен жылдың көрсеткішіне қарағанда 8,6% немесе 31,9 трлн теңгеге төмендеді.

2024 жылы инфляция деңгейінің төмендеу үрдісі аясында қысқамерзімді өтімділікке деген қажеттілік те төмендеуін жалғастырды. 2024 жылдың шілдесіне дейін ҚР Ұлттық банкі базалық мөлшерлемені 15,75%-дан 14,25%-ға дейін төмендетті. ҚР Ұлттық банкінің базалық мөлшерлемесі төмендегеннен кейін ақша нарығының индикаторлары да төмендеді. TONIA индикаторы 16,19%-дан 12,88%-ға дейін төмендеді, ал мәмілелер көлемі арқылы орташа өлшенген мәнді білдіретін mm\_index ақша нарығының композиттік индикаторы USD/KZT валюталық своп операциялары және бір жұмыс күні ашылған МБҚ-мен жасалатын автоматты репо операциялары бойынша кірістілік мәні жылдық 15,19%-дан жылдық 11,12%-ға дейін төмендеді. Сонымен қатар 2024 жылдың соңында валюта нарығындағы теңге бағамының құбылмалылығы салдарынан ҚР Ұлттық банкі базалық мөлшерлемені 15,25%-ға дейін 1,00% көтерді. Базалық мөлшерлемеден кейін ақша нарығының индикаторлары да өсті. TONIA индикаторы 14,44%-ға дейін, ал MM\_Index ақша нарығының композиттік индикаторы 12,93%-ға дейін өсті.

### 34-сурет. Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



### *Репо операцияларының құрылымында негізгі үлес МБҚ мен авторепо операцияларына тиесілі*

Репо операцияларының жиынтық көлемі 2024 жылы 261,6 трлн теңгені құрады, бұл 2023 жылдағы ұқсас көрсеткіштен 45,0 трлн теңгеге немесе 14,7% аз.

Операциялардың орташа тәуліктік көлемі 1 050,4 млрд теңге, күнделікті жасалған мәмілелердің орташа тәуліктік саны 755, бір мәміленің орташа көлемі 1 390,4 млн теңге болды. Репо операцияларының құрылымында МБҚ-мен жасалған авторепо – 74,1%, МБҚ-мен жасалған авторепо – 25,7%, МБҚ-мен жасалған тікелей репо – 0,1%, МБҚ-мен жасалған тікелей репо – 0,01%. КҚС бар авторепомен 161 мәміле жасалып, өткен жылғы көрсеткіштен 208,9 млрд теңгеге асып, 210,4 млрд теңгегені құрады.


2024 жылдың қорытындысы бойынша TONIA индикаторы жылдық 16,19%-дан 14,44%-ға дейін 175 б.т., TRION индикаторының мәні жылдық 16,19%-дан 14,34%-ға дейін 185 б.т., TWINA индикаторының мәні жылдық 15,50%-дан 14,84%-ға дейін 66 б.т. төмендеді.

Репо мәмілелерінің құрылымында орталық контрагенттің қатысуымен жасалған операциялардың үлесі 97,6% болды. Бұл ретте, өткен жылдары орталық контрагенттің қатысуымен жасалған операциялардың үлесі үнемі өсіп отырды. ОК қатысуымен жасалған репо мәмілелерінің үлесі 2020 жылы 34,1%, 2021 жылы 84,3%, 2022 жылы 93,9%, 2023 жылы 97,9% болды.

### *Валюталық своп операцияларының көлемі өсіп жатыр*

2024 жылы валюталық своп операцияларының жиынтық көлемі 2023 жылдағы 63,5 трлн теңгеден 76,5 трлн теңгеге дейін 20,6% немесе 13,1 трлн теңгеге өсті:

**35-сурет. 2019-2024 жылдары репо-своп мәмілелері көлемінің өзгеруі, млрд теңге**



2024 жылы операциялардың орташа тәуліктік көлемі 307,6 млрд теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны 63, бір мәміленің орташа көлемі 4,9 млрд теңге болды.

**7-кесте. 2024 жылы своп нарығындағы қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер**

| Валюта жұбы | Қаржы құралы | Көлемі, млрд теңге | Көлемі, млн валюта бірл. | Сауда-саттық көлемінегі үлесі, % |
|-------------|--------------|--------------------|--------------------------|----------------------------------|
| USD/KZT     | USDKZT_0_001 | 26 080,0           | 55 727,7                 | 34,1%                            |
|             | USDKZT_0_002 | 47 158,2           | 101 250,7                | 61,6%                            |
|             | USDKZT_0_01W | 126,1              | 268,5                    | 0,2%                             |
|             | USDKZT_0_01M | 12,1               | 25,1                     | <0,1%                            |
|             | USDKZT_0_03M | 22,4               | 50,0                     | <0,2%                            |
|             | USDKZT_1_001 | 2 303,3            | 4 598,5                  | 3,0%                             |
| EUR/KZT     | EURKZT_0_001 | 0,7                | 1,5                      | <0,1%                            |
|             | EURKZT_0_002 | 235,0              | 479,0                    | 0,3%                             |
|             | EURKZT_1_001 | 9,5                | 18,1                     | <0,1%                            |
| RUB/KZT     | RUBKZT_0_001 | 49,3               | 9 430,5                  | 0,1%                             |
|             | RUBKZT_0_002 | 326,6              | 66 700,0                 | 0,4%                             |
|             | RUBKZT_1_001 | 122,8              | 23 817,05                | 0,2%                             |
| EUR/USD     | EURUSD_0_001 | 0,1                | 0,1                      | <0,1%                            |
|             | EURUSD_1_001 | 132,5              | 247,9                    | 0,2%                             |
| CNY/USD     | CNYUSD_0_001 | 0,4                | 6,0                      | <0,1%                            |
|             | CNYUSD_0_002 | 2,2                | 32,0                     | <0,1%                            |

Валюталық своп құрылымында 75 702,1 млрд теңге немесе своптармен жасалған сауда-саттық көлемінің 98,9% USDKZT своптарына тиесілі болды; 498,7 млрд теңге немесе 0,7% – RUBKZT; 245,3 млрд теңге немесе 0,3% – EURKZT; 132,6 млрд теңге немесе 0,2% – EURUSD; 2,6 млрд теңге немесе 0,1% – CNYUSD.

SWAP-1D (USD) біркүндік долларлық своптың кірістілігі 2024 жылы жылдық 9,60%-дан жылдық 7,12%-ға дейін 248 б.т. төмендеді. SWAP-2D (USD) екікүндік валюталық своптың кірістілігі жылдық 11,98%-дан жылдық 9,07%-ға дейін 291 б.т. төмендеді.


**Шетел валютасы нарығы**

Валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі өсіп жатыр. Бұл ретте RUBKZT, EURKZT, CNYKZT, USDCNY, EURCNY валюта жұптарымен жасалған сауда-саттық көлемі өсіп жатыр, негізгі үлес USD/KZT валюталық жұбына тиесілі.

2024 жылы валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі 38,0 трлн теңгені құрады, бұл 2023 жылғы мәннен 28,0% немесе 8,3 трлн теңгеге көп.


Шетел валютасымен жасалған сауда-саттықтың жалпы көлеміндегі USDKZT жұбының үлесі 62,7%-дан 72,2%-ға дейін өсті, бұл ретте осы валюта жұбымен жасалған сауда-саттық көлемі 27,4 трлн теңгеге дейін 47,3% өсті. RUBKZT жұбының үлесі 7,1%-дан 15,1%-ға дейін өсті, бұл валюта жұбының сауда-саттық көлемі 5,8 трлн теңгеге дейін 2 есе немесе 3,6 трлн теңгеге өсті. CNYKZT жұбының үлесі 1,4%-ға дейін өсті, бұл ретте сауда-саттық көлемі 538,8 млрд теңгеге дейін 89,2% өсті. EURKZT жұбының үлесі 1,7%-дан 1,4%-ға дейін төмендеді. Осы валюта жұбымен жасалған сауда-саттық көлемі 548,7 млрд теңгеге дейін 11,3% ұлғайды. EURUSD жұбының үлесі 23,1%-дан 2,7%-ға дейін төмендеді. EURUSD валюта жұбымен жасалған сауда-саттық көлемі 1,0 трлн теңгеге дейін 84,9% төмендеді. Шетел валютасымен жасалған сауда-саттықтың жалпы көлеміндегі USDCNY жұбының үлесі 4,4%-дан 7,1%-ға дейін өсті, EURCNY сауда-саттық үлесінің өсімі 0,1%-дан аз. Сондай-ақ USDCNY және EURCNY бойынша сауда-саттық көлемі сәйкесінше 2,7 трлн теңгеге және 6,0 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

**36-сурет. Шетел валютасымен жасалған сауда-саттық көлемі, млрд теңге**




2024 жылы шетел валютасы нарығындағы құралдар саны 2023 жылғы мәннен 2,6 есе асып, 1,2 трлн валюта бірлігіне жетті. 2024 жылы сатып алынған валютаның жалпы көлеміндегі доллар – 58,2 млрд бірлік, рубль – 1 124,1 млрд бірлік, юань – 8,1 млрд бірлік, еуро – 1,1 млрд бірлік. Долларға сатып алынған еуро саны 2,0 миллиард бірлікті құрады. Юаньға сатып алынған доллар саны 5,9 миллиард бірлікті құрады. Юаньға сатып алынған еуро саны 12 миллион бірлікті құрады.

**37-сурет. Валюта бірліктерінің саны, млрд дана**



Валюта нарығында жасалған мәміле саны 148,9 мыңнан 208,5 мыңға дейін өсті, USDKZT жұбымен 155 480 мәміле (74,6%), RUBKZT жұбымен 40 149 мәміле (19,3%), CNYKZT жұбымен 4 085 мәміле (2,0%), EURKZT жұбымен 4 342 мәміле (2,1%), EURUSD жұбымен 2 864 мәміле (1,4%), USDCNY жұбымен 1 559 мәміле (0,7%), EURCNY жұбымен 20 мәміле (0,01%) жасалды.

### 38-сурет. Валютамен жасалған мәміле саны, дана



### Деривативтер нарығы

2024 жылдың соңында биржалық нарықтың осы секторында АҚШ долларының теңгеге бағамына, Ресей рублінің теңгеге бағамына жеткізілмейтін фьючерстер, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай акциялары, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ жай акциялары және KASE Индексі сауда-саттыққа қолжетімді болды.

2024 жылы туынды құралдар нарығында барлығы 34 мың теңге сомасына 4 мәміле жасалды. Мәмілелер Ресей рублінің теңгеге бағамының фьючерстерімен, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай акцияларымен және KASE Индексімен жүргізілді.

### Операциялық және қаржылық нәтиже

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша KASE активтері аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес 2024 жылы 2023 жылға қарағанда 50% өсіп, 4 819,8 млрд теңгені құрады. Орталық контрагенттің қаржы активтері 4 530,6 млрд теңгені, ақша және оның баламалары 195,5 млрд теңгені, амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері 52,7 млрд теңгені, "кері РЕПО" операциялары 30,6 млрд теңгені құрады.


### Міндеттемелер және капитал

Міндеттемелердің мөлшері 4 768,8 млрд теңгені құрады, оның 95% немесе 4 530,6 млрд теңгесі – орталық контрагенттің қаржылық міндеттемесі, 5% немесе

235,4 млрд теңгесі – клирингтік қатысушылардың орталық контрагент ретінде KASE шоттарына орналастырған кепілдік жарнасы мен қамтамасыз етуі.

Есепті жылы меншікті капитал негізінен бөлінбеген пайда (42,0 млрд теңге) есебінен 51,1 млрд теңгеге жетті. KASE жарғылық капиталының мөлшері 2024 жылдың соңында 4,2 млрд теңге болды және өткен жылмен салыстырғанда өзгерген жоқ.

### 30-сурет. Рентабельділіктің негізгі көрсеткіштері



Дереккөз: KASE

### Кіріс

2024 жылғы аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес KASE-нің операциялық кірісі 25,9 млрд теңге көлемінде болды, бұл өткен жылдың нәтижесінен 1,4 млрд теңгеге немесе 5% аз. Комиссиялық кіріс 9,9 млрд теңгені құрап, 1,8 млрд теңгеге немесе 22% ұлғайды. Пайыздық кіріс 3,4 млрд теңгеге немесе 18% азайып, 15,8 млрд теңгені құрады.


Комиссиялық кіріс құрылымындағы ең үлкен үлес төмендегілерге тиесілі: клирингтік алым (38%), операция жүргізу үшін алынатын комиссиялық алым бойынша кіріс (38%), листингтік алым (14%), ал ең аз үлес төмендегілерге тиесілі: мүшелік жарна бойынша кіріс (4%), ақпараттық қызмет көрсетуден түскен кіріс (3%) және қашықтан қол жеткізу жөнінен қызмет көрсетуден түскен кіріс (3%).

Операция жүргізу үшін Биржа алатын комиссиялық алым 0,8 млрд теңгеге немесе 25% өсіп, 3,8 млрд теңгені құрады. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, комиссиялық алым көлемінің өсуі корпоративтік облигациялар нарығында бастапқы орналастыру көлемінің өсуіне байланысты болды.

Биржаның листингілік алымдары 2024 жылы 0,4 млрд теңгеге немесе 48% көбейіп, 1,4 млрд теңгеге жетті.

Биржаның клирингілік алымдары 0,4 млрд теңгеге немесе 12% өсіп, 3,8 млрд теңгені құрады. Мүшелік жарна бойынша кіріс 2023 жылға қарағанда 0,1 млрд теңгеге немесе 18% өсіп, 0,41 млрд теңгені құрады. Ақпараттық қызмет көрсетуден түсетін кіріс 2023 жылға қарағанда 0,1 млрд теңгеге немесе 34% өсіп, 0,32 млрд теңгені құрады.

### 31-сурет. Негізгі қызметтер бойынша түскен кірістің құрылымы



Дереккөз: KASE

### Шығыс

2024 жылғы аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес KASE шығысы 8,2 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 2,1 млрд теңгеге немесе 35% көп. KASE шығысының құрылымындағы ең көп үлес алатын салалар: персонал (46%), тозу және амортизация (8%) және негізгі құралдарға техникалық қызмет көрсету (6%). Персоналға жұмсалған шығынның өсуі штат санының артуына байланысты.

## Операциялық қызметтің нәтижесі

2024 жылдың қорытындысы бойынша KASE-нің таза пайдасы 15,1 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылдағы нәтижеден 18% төмен немесе 3,4 млрд теңгеге аз. Биржаның операциялық кірісі 5% төмендеді, операциялық шығысы 35% өсті.

---

## КОРПОРАТИВТІК ЕСЕП

---

### Корпоративтік басқару

#### KASE акционерлері туралы ақпарат

2025 жылғы 01 қаңтардағы жай-күйі бойынша Биржаның жарияланған жай акцияларының жалпы саны бес млн дана болды, оның ішінде 1 075 231 жай акция орналастырылды, олардың акционерлері – 106 тұлға, оның ішінде банктер, брокерлік және сақтандыру ұйымдары, бөлшек инвестор жеке адамдар, Биржаның орналастырылған жай акцияларының жалпы санының 46,99% Ұлттық банктің үлесіне тиесілі болды.

2024 жылғы 01 маусымдағы мәлімет бойынша "Мәскеу биржасы" ЖАҚ-қа (бұдан әрі – MOEX) KASE-нің орналастырылған акцияларының 13,1% тиесілі болды.

2024 жылғы 12 маусымда OFAC (Office of Foreign Assets Control) – АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасының MOEX-ке қатысты бұғаттау санкцияларын енгізуіне байланысты MOEX 2024 жылғы 11 қазанда KASE акционерлерінің құрамынан шықты.

KASE биржалар 2018 жылғы 10 қазанда қол қойған стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімге және онымен байланысты келісімдерге негізделген MOEX-пен қарым-қатынасты тоқтатты.

MOEX өкілі – Владимир Кречетень 2024 жылғы 30 қыркүйектен бастап өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініші негізінде KASE Директорлар кеңесінің құрамынан шықты.

## **Акционерлердің жалпы жиналысы және KASE Директорлар кеңесі**

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Биржаның жоғары басқару органы – акционерлердің жалпы жиналысы. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жататын мәселелердің тізбесі "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңында және Биржаның жарғысында белгіленген.

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңында және/немесе Биржаның жарғысында Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Директорлар кеңесі – Биржаның қызметіне жалпы басшылық жасайтын басқару органы.

2024 жылғы 01 қаңтар мен 30 мамыр аралығында Директорлар кеңесінің құрамына төмендегілер кірді:

"Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының заңы негізінде Ұлттық банктің және уәкілетті органның өкілдері:

- **Молдабекова Әлия Мейірбекқызы** (Директорлар кеңесінің төрағасы) – Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі төрағасының орынбасары;
- **Хаджиева Мария Жамалқызы** – Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары.

Биржаның жарғысы негізінде атқарушы органның басшысы:

- **Алдамберген Алина Өтемісқызы** – KASE Басқармасының төрағасы;

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңы негізінде басқару органының сайланатын мүшелері:

- **Әбдіразақов Ердар Советұлы** – KASE Директорлар кеңесінің мүшесі;
- **Дронин Александр Владимирович** – KASE Директорлар кеңесінің мүшесі;
- **Елемесов Асқар Раушанұлы** – KASE тәуелсіз директоры;
- **Израэли Дорон** – KASE тәуелсіз директоры;
- **Марич Игорь Леонидович** – KASE Директорлар кеңесінің мүшесі;
- **Сәлімов Ертай Исмаилұлы** – KASE Директорлар кеңесінің мүшесі;
- **Ян Виллемс** – KASE тәуелсіз директоры.

2024 жылдың мамырында акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шешімімен Директорлар кеңесінің жаңа сандық құрамы он адамнан тұрады деп белгіленді, оның ішінде:

- Директорлар кеңесінің сайланбайтын үш мүшесі – қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның өкілі және "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасы заңының 84-бабының 4-тармағы негізінде Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің өкілі, сондай-ақ Биржа жарғысының 17-бабы 3-тармағының 2) тармақшасы негізінде Биржа Басқармасының төрағасы (лауазымы бойынша);
- Биржа акционерлерінің мүддесін танытатын төрт өкіл;
- Биржаның үш тәуелсіз директоры.

Көрсетілген шешімге сәйкес:

- сайланатын Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі олар сайланған күннен басталады және 2026 жылы Биржаның жылдық қаржылық есептілігін қарауға арналған Биржа акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы өткізілетін сәтте аяқталады;
- Биржа акционерлерінің мүддесін танытатын өкілдер ретінде Директорлар кеңесінің мүшелері болып Е.С. Әбдіразақов, Е.А. Біртанов, В.Б. Кречетень *(2024 жылғы 30 қыркүйектен бастап өз өтініші бойынша Директорлар кеңесінің құрамынан шыққан)*, Е.Ы. Сәлімов және Биржаның тәуелсіз директорлары болып Я. Виллемс, И. Дорон, А.Р. Елемесов сайланды.

*2025 жылғы 01 қаңтарда KASE Директорлар кеңесінің құрамы:*

"Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының заңы негізінде Ұлттық банктің және уәкілетті органның өкілдері:

- **Молдабекова Әлия Мейірбекқызы** (Директорлар кеңесінің төрағасы) – Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі төрағасының орынбасары;
- **Хаджиева Мария Жамалқызы** – Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары.

Биржаның жарғысы негізінде атқарушы органның басшысы:

- **Алдамберген Алина Өтемісқызы** – KASE Басқармасының төрағасы.

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңы негізінде басқару органының сайланатын мүшелері:

- **Әбдіразақов Елдар Советұлы** – "Сентрас Секьюритиз" АҚ; "Сентрас Иншуранс" сақтандыру компаниясы" АҚ, "Коммекс-Өмір" сақтандыру компаниясы" АҚ, "Сентрас Коммекс Life" өмірді сақтандыру компаниясы" АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;
- **Біртанов Есжан Амантайұлы** – "TANSAR CAPITAL" АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;
- **Елемесов Асқар Раушанұлы** – KASE тәуелсіз директоры, "Bereke Bank" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры, "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры, "Samanea Limited" Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры, "SkyBridge Invest" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры.
- **Израэли Дорон** – KASE тәуелсіз директоры, Жоғары бизнес мектебінің профессоры, Назарбаев Университеті.
- **Сәлімов Ертай Исмаилұлы** – "Қазақстан Халық Банкі" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, "Казкоммерцбанк Тәжікстан" ЖАҚ Байқау кеңесінің төрағасы, "Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы "Halyk Finance" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.
- **Ян Виллемс** – KASE тәуелсіз директоры, Clearstream Banking Атқарушы директоры, Әлемдік нарықтар өнімдері бөлімінің басшысы, Люксембург.



Алдамберген Алина  
Өтемісқызы



Абдразақов Ельдар Советович



Биртанов Есжан Амантаевич



Дорон Израэли



Елемесов Асқар Раушанұлы



Молдабекова Алия  
Мейрбековна



Салимов Ертай Исмаилович



Хаджиева Мария Жамаловна



Ян Виллемс

2024 жылы Директорлар кеңесінің отырыстары қатысу және сырттай дауыс беру тәртібімен тұрақты негізде өткізілді.

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі өзінің құзыретіне жататын Биржа қызметінің стратегиялық және ағымдағы мәселелерін қарады. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен 15 отырысы және сырттай дауыс беру тәртібімен 24 отырысы өткізілді.

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсыным дайындау үшін Биржада Директорлар кеңесінің мынадай комитеттері мен Биржа комиссиялары жұмыс істейді:

- Директорлар кеңесінің Бюджет және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеті;
- Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитеті;
- Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 249 қаулысымен бекітілген Сауда-саттықты ұйымдастырушының ұйымдық құрылымына және қор биржасының листинг комиссиясының құрамына қойылатын талаптарға, сондай-ақ қор биржасының сауда-саттық жүйесінде жасалатын мәмілелерді қадағалау қызметін жүзеге асыратын сауда-саттықты ұйымдастырушының құрылымдық бөлімшесінің қызметін жүзеге асыру ережелеріне сәйкес Биржада:

- Листинг комиссиясы;
- Директорлар кеңесінің Эмитенттердің аудиті жөніндегі комитеті қызмет етеді.

Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру процесінде туындайтын даулар мен жанжалдарды шешу тәртібіне сәйкес даулар мен жанжалдарды шешу жөніндегі Комиссия жұмыс істейді.

Директорлар кеңесі комитеттері мен Биржа комиссияларын қалыптастыру және олардың жұмыс тәртібі, сондай-ақ олардың саны, құзыреті, функциялары, сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Биржаның ішкі құжаттары бойынша регламенттеледі.

2024 жылы:

- Биржаның Директорлар кеңесінің Бюджет және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің 12 отырысы;
- Биржаның Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің 10 отырысы;
- Биржаның Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитетінің 14 отырысы;
- Листинг комиссиясының 6 отырысы, сондай-ақ осы комиссияның 47 сырттай дауыс беруі;
- Директорлар кеңесінің Эмитенттердің аудиті жөніндегі комитетінің 6 отырысы өткізілді.

Биржаның Директорлар кеңесінің Бюджет және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің құрамында сарапшылар ретінде Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің өкілдері болды.

Директорлар кеңесі өз қызметін жүзеге асырған кезде Биржаның корпоративтік басқару кодексінде, Биржаның жарғысында, Директорлар кеңесі туралы қағидада көзделген мақсаттарды, міндеттерді басшылыққа алады және Биржа қызметінің оң нәтижелі болуы үшін өзінің функционалдық міндеттерін орындайды.

### **Биржаның Басқармасы**

Басқарма – Биржаның алқалы атқарушы органы, ол "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңында және Биржаның жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының және/немесе Биржаның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Биржаның ағымдағы қызметіне басшылық етеді.

2023 жылғы 29 маусымда KASE Директорлар кеңесінің шешімімен Басқарманың төмендегі мүшелерінің өкілеттік мерзімі 2026 жылғы 01 шілдеге дейін ұзартылды:

- Алдамберген А.Ө., Басқарма төрағасы;

- Мәжекенов Е.Б., Басқарма төрағасының орынбасары;
- Саржақов Ж.Н., Басқарма төрағасының орынбасары;
- Хорошевская Н.Ю., Басқарма төрағасының орынбасары (2023 жылғы 08 тамыздан бастап Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес басқа жұмысқа ауысуына байланысты Басқарма құрамынан шығарылды);
- Цалюк А.Ю., Басқарма төрағасының орынбасары.

2024 жылы Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес KASE Басқармасының құрамына мынадай өзгеріс енгізілді:

2024 жылғы 13 қаңтарда KASE-нің Басқарма төрағасының орынбасары А. Ю. Цалюктің өкілеттігі оның өз бастамасымен мерзімінен бұрын тоқтатылды;

2024 жылғы 22 қаңтарда Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес Биржа Басқармасының құрамында мынадай өзгеріс болды:

- KASE басқарушы директоры, Басқарма мүшесі Аманжолова Д.М. KASE Басқарма төрағасының орынбасары лауазымына тағайындалды. Д. М. Аманжолованың өкілеттік мерзімі жалпы Басқарма өкілеттігінің мерзіміне ұқсас – 2026 жылғы 01 шілдеге дейін деп белгіленді.
- Қуанышбеков Е.М. Басқарма құрамына IT жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі лауазымына сайланды. Е.М. Қуанышбековтің өкілеттік мерзімі жалпы Басқарма өкілеттігінің мерзіміне ұқсас – 2026 жылғы 01 шілдеге дейін деп белгіленді.

*2025 жылғы 01 қаңтарда KASE Басқармасы бес адамнан тұрды:*

- **Алдамберген А. Ө.**, Басқарма төрағасы;
- **Аманжолова Д.М.**, Басқарма төрағасының орынбасары;
- **Мәжекенов Е. Б.**, Басқарма төрағасының орынбасары;
- **Саржақов Ж. Н.**, Басқарма төрағасының орынбасары;
- **Қуанышбеков Е.М.**, IT жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі.



Алдамберген Алина  
Өтемісқызы



Аманжолова Дана  
Муратбековна



Куанышбеков Елдос Маратович



Мажекенов Ермек Булатович



Саржаков Жайнар Наурзбаевич

KASE Директорлар кеңесінің шешімімен 2025 жылғы 28 наурызда (есепті күннен кейінгі оқиғалар) Басқарма төрағасы Алина Алдамбергеннің өкілеттігі оның өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылды.

2025 жылғы 31 наурызда (есепті күннен кейінгі оқиғалар) KASE Директорлар кеңесі Басқарма төрағасы лауазымына Әділ Мұхамеджановты сайлады.

### **Биржа басшылығының сыйақысы туралы ақпарат**

Биржаның Директорлар кеңесі мен Басқармасы мүшелеріне сыйақы төлеу және олардың шығысын өтеу олармен жасалған шарттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Биржаның тиісті қаржы жылындағы қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесіне байланысты Директорлар кеңесінің мүшелерінің сыйлықақы сыйақысының мөлшерін акционерлердің жалпы жиналысы, Басқарма мүшелерінің сыйлықақы сыйақысының мөлшерін Директорлар кеңесі белгілейді.

#### *Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы*

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңына, Биржаның жарғысына және Директорлар кеңесі туралы қағидаға сәйкес:

- Директорлар кеңесі мүшелерінің ай сайынғы сыйақысы Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді;
- Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің жылдық сыйлықақысының мөлшері Директорлар кеңесінің осы мүшесіне сыйлықақы беру жүзеге асырылатын жылдың барлық айы үшін төленген ай сайынғы сыйақының жалпы сомасының 85%-ынан аспауға тиіс;

- есепті қаржы жылында Директорлар кеңесі отырыстарының, Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беруінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Биржаның Директорлар кеңесінің осы мүшелері мүше болып табылатын өзге де тұрақты жұмыс істейтін комитеттері мен комиссияларының отырыстарының 50%-ынан азына қатысқан Директорлар кеңесінің мүшелеріне жылдық сыйлықақы төленбейді.

2024 жылы Биржаның Директорлар кеңесінің мүшелеріне 61 008 525,00 (алпыс бір миллион сегіз мың бес жүз жиырма бес) теңге 00 тиын төленді.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өкілдері болып табылатын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыйақы ала алмайтын адамдарға жататын Биржаның Директорлар кеңесінің төмендегі мүшелеріне сыйақы белгіленбейді және төленбейді:

- "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасы заңының 84-бабының 4-тармағы және Биржа жарғысының 17-бабы 3-тармағының 1) тармақшасы негізінде Директорлар кеңесінің құрамына кіретін Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің және Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің өкілдері;
- Биржа жарғысының 17-бабы 3-тармағының 2) тармақшасының негізінде лауазымы бойынша Директорлар кеңесінің құрамына кіретін Биржа Басқармасының төрағасы.

#### *Биржаның Басқарма мүшелерінің сыйақысы*

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңына, Биржаның жарғысына және Басқарма туралы қағидаға сәйкес:

- Басқарма мүшесінің лауазымдық жалақысының ай сайынғы мөлшері Директорлар кеңесінің шешімі бойынша белгіленеді;
- Басқарма мен Биржаның есепті жылдағы қызметінің нәтижесін қарау қорытындысы бойынша Директорлар кеңесі Басқарма мүшелерінің есепті жылдағы жылдық сыйлықақысының мөлшерін белгілеу туралы шешім қабылдайды;
- Басқарма мүшелерінің жылдық сыйлықақысының мөлшері Басқарманың әрбір мүшесінің есепті жыл ішіндегі жұмысын бағалау нәтижесі бойынша Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленеді;

- Директорлар кеңесі Басқарма мүшесіне біржолғы төлем жасау туралы шешім қабылдай алады.

2024 жыл ішінде Биржаның Басқарма мүшелеріне 327 023 451,38 (үш жүз жиырма жеті миллион жиырма үш мың төрт жүз елу бір) теңге 38 тиын төленді.

### **КАСС акционерлері туралы ақпарат**

2025 жылғы 01 қаңтарда Клиринг орталығының жарияланған жай акцияларының жалпы саны төрт жүз мыңды құрады, оның ішінде 531 жай акция орналастырылды. Клиринг орталығының жалғыз акционері – "Қазақстан қор биржасы" АҚ.

### **КАСС жалғыз акционері және Директорлар кеңесі**

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жалғыз акционердің құзыретіне жататын мәселелердің тізбесі "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңында және Клиринг орталығының жарғысында белгіленген.

Директорлар кеңесі "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңында және/немесе Клиринг орталығының жарғысында Клиринг орталығының жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Клиринг орталығының қызметіне жалпы басшылық етеді.

2022 жылдың қарашасында Клиринг орталығының жалғыз акционерінің шешімімен Директорлар кеңесінің сандық құрамы үш адамнан тұрады деп белгіленді.

Сол шешімге сәйкес:

- Директорлар кеңесінің сайланатын мүшелерінің өкілеттік мерзімі олар сайланған күннен басталады және Клиринг орталығы акционерлерінің Клиринг орталығының 2025 жылғы жылдық қаржылық есептілігін қарауға арналған жылдық жалпы жиналысы өткізілген сәтте аяқталады;
- жалғыз акционердің өкілі болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелері болып А.Ө. Алдамберген, Ж.Н. Саржақов және Клиринг орталығының тәуелсіз директоры М.Ж. Ташметов сайланды.

2023 жылдың сәуірінде Клиринг орталығының жалғыз акционерінің шешімімен Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің құрамы өзгертілді, атап айтқанда:

- Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде Ж. Н. Саржақовтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;

- Н.Ю. Хорошевская Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды (жалғыз акционердің өкілі).

2023 жылдың қазанында Клиринг орталығының жалғыз акционерінің шешімімен Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің құрамы өзгертілді, атап айтқанда:

- Н.Ю. Хорошевскаяның Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- Ж.Н. Саржақов Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды (жалғыз акционердің өкілі).

2024 жылғы 07 ақпанда КАСЕ Директорлар кеңесінің шешімімен КАСС Директорлар кеңесінің сандық құрамы сегіз адамнан тұрады деп белгіленді. КАСС Директорлар кеңесінің құрамына төмендегі мүшелер қосымша сайланды:

- Сәлімов Е.И., Сердюк И.В. – КАСС жалғыз акционерінің мүддесін танытатын өкіл;
- Айнабаева Ш.Р., Дамитов К.К. – Директорлар кеңесінің мүшелері, тәуелсіз директорлар;
- Хорошевская Н.Ю. – КАСС Басқарма төрағасы.

*Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 01 қаңтардағы құрамы:*

- **Алдамберген Алина Өтемісқызы** (Директорлар кеңесінің төрағасы) – Биржаның Басқарма төрағасы, жалғыз акционердің өкілі;
- **Айнабаева Шолпан Рахманқұлқызы** (Директорлар кеңесінің мүшесі – Клиринг орталығының тәуелсіз директоры);
- **Дамитов Қадыржан Қабдошұлы** (Директорлар кеңесінің мүшесі – Клиринг орталығының тәуелсіз директоры);
- **Саржақов Жайнар Наурызбайұлы** (Директорлар кеңесінің мүшесі – Биржаның Басқарма төрағасының орынбасары, жалғыз акционердің өкілі);
- **Сәлімов Ертай Исмаилұлы** (Директорлар кеңесінің мүшесі);
- **Сердюк Иван Вячеславович** (Директорлар кеңесінің мүшесі);
- **Ташметов Мирлан Жапарбекұлы** (Директорлар кеңесінің мүшесі – Клиринг орталығының тәуелсіз директоры);
- **Хорошевская Наталья Юрьевна** (Директорлар кеңесінің мүшесі).



Алдамберген Алина Өтемісқызы



Саржаков Жайнар Наурызбаевич



Ташметов Мирлан Жапарбекович



Айнабаева Шолпан Рахманкуловна



Дамитов Кадыржан Кабдошевич



Салимов Ертай Исмаилович



Сердюк Иван Вячеславович



Хорошевская Наталья Юрьевна

Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беруін қоса алғанда, 2024 жылы Директорлар кеңесінің 24 отырысы өткізілді.

Клиринг орталығының Директорлар кеңесі комитеттері мен комиссияларын қалыптастыру және олардың жұмыс тәртібі, олардың саны, сондай-ақ олардың құзыреті, функциялары, сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Клиринг орталығының ішкі құжаттарымен регламенттеледі.

2024 жылы:

- Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақы, әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің 11 отырысы;
- Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитетінің 11 отырысы;
- Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің 7 отырысы өткізілді.

Директорлар кеңесі өз қызметін жүзеге асырған кезде Клиринг орталығының Корпоративтік басқару кодексінде, Клиринг орталығының жарғысында, Директорлар кеңесі туралы қағидада қарастырылған мақсаттарды, міндеттерді басшылыққа алады және Клиринг орталығы қызметінің оң нәтижелеріне қол жеткізу үшін өзінің функционалдық міндеттерін сақтайды.

### **Клиринг орталығының Басқармасы**

КАСС алқалы атқарушы органы – Басқарма, ол "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңы және Клиринг орталығының жарғысы бойынша акционерлердің жалпы жиналысының және/немесе Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Клиринг орталығының ағымдағы қызметіне басшылық етеді.

*Басқарманың 2025 жылғы 01 қаңтардағы құрамы:*

- **Хорошевская Н.Ю.**, Басқарма төрағасы;
- **Сабитов И.М.**, Басқарма төрағасының орынбасары;
- **Студенина Е.В.**, Басқарма төрағасының орынбасары;
- **Ли А.В.**, Басқарма төрағасының орынбасары.




Хорошевская Наталья Юрьевна



Сабитов Идель Марсильевич



Студенина Елена Викторовна



Ли Алла Валерьевна

### **Клиринг орталығы басшылығының сыйақысы туралы ақпарат**

Клиринг орталығының Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу және олардың шығысын өтеу олармен жасалған шарттардың талаптарына сәйкес

жүзеге асырылады. Клиринг орталығының тиісті қаржы жылындағы қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесіне байланысты Директорлар кеңесінің мүшелерінің сыйлықақысының мөлшерін Клиринг орталығының жалғыз акционерінің шешімімен, Басқарма мүшелерінің сыйлықақысының мөлшері Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленеді.

*Клиринг орталығының Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы*

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңына, Клиринг орталығының жарғысына және Директорлар кеңесі туралы қағидаға сәйкес:

- Директорлар кеңесі мүшелерінің ай сайынғы сыйақысы Клиринг орталығының жалғыз акционерінің шешімімен белгіленеді;
- Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің жылдық сыйақы мөлшері Директорлар кеңесінің осы мүшесіне сыйлықақы беру жүзеге асырылатын жылдың барлық айы үшін төленген ай сайынғы сыйақының жалпы сомасының 85%-ынан аспауға тиіс;
- жылдық сыйлықақы есепті қаржы жылында Директорлар кеңесі отырыстарының, Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беруінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің осы мүшелері мүшесі болып табылатын өзге де тұрақты жұмыс істейтін комитеттері мен комиссияларының отырыстарының 50%-ынан азына қатысқан Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленбейді.

2024 жылғы 01 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығында Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мүшелеріне 31 105 947,61 теңге (отыз бір миллион бір жүз бес мың тоғыз жүз қырық жеті теңге алпыс бір тиын) теңге төленді.

*Клиринг орталығының Басқарма мүшелерінің сыйақысы*

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңына, Клиринг орталығының жарғысына және Басқарма туралы қағидаға сәйкес:

- Басқарма мүшесінің лауазымдық жалақысының ай сайынғы мөлшері Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленеді;
- Басқарма мен Биржаның есепті жылдағы қызметінің нәтижесін қарау қорытындысы бойынша Директорлар кеңесі Басқарма мүшелерінің есепті жылдағы жылдық сыйлықақысының мөлшерін белгілеу туралы шешім қабылдайды;

- Басқарма мүшелерінің жылдық сыйлықақысының мөлшері есепті жыл ішінде Басқарманың әрбір мүшесінің жұмысын бағалау нәтижесі бойынша Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленеді;
- Директорлар кеңесі Басқарма мүшесіне біржолғы төлем жасау туралы шешім қабылдай алады.

2024 жылғы 01 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығында Клиринг орталығының Басқарма мүшелеріне 199 921 655,56 теңге (жүз тоқсан тоғыз миллион тоғыз жүз жиырма бір мың алты жүз елу бес теңге елу алты тиын) теңге төленді.

### **Корпоративтік жауапкершілік және кадрларды басқару**

KASE тобының жетістіктері – бұл біздің команданың үйлесімді жұмысының нәтижесі.

Еңбек жағдайлары: бәсекеге қабілетті жалақы беру, кәсіби өсу мен даму үшін мүмкіндік жасау, сенімге, құрмет пен ашықтыққа, адалдыққа, инновацияларды тұрақты дамыту мен енгізуге негізделген корпоративтік мәдениетті қалыптастыру, біліктілікті арттыру жөнінен оқыту мүмкіндігі, корпоративтік іс-шаралар, жылдық сыйлықақы.

#### *KASE тобының корпоративтік құндылықтары*

Біз көшбасшымыз: сенімді өсуге мүмкіндік жасай отырып, қаржы нарығының болашағын қалыптастырамыз.

Біз кәсіпқоймыз: ең жақсы тәжірибені, білім мен тәжірибені қолданамыз, клиенттерге адалдыққа, тұрақтылыққа және қызметтердің жоғары сапасына кепілдік береміз.

Біз клиентке бағдарланғанбыз: клиенттерімізбен серіктестікте біз бірге табысқа жету үшін икемді, сапалы шешімдер жасаймыз және қолдаймыз.

Биылғы жылы Директорлар кеңесі, Басқарма мүшелері және қызметкерлер бірлесіп KASE тобының 2025-2027 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясын әзірлеу жөнінен белсенді жұмыс жасап, KASE миссиясын, көзқарасын, құндылықтарын толығымен қайта қарады.

KASE тобының жаңа құндылықтары әзірленді, олар KASE-нің көзқарасы мен миссиясына сәйкес келеді.

KASE – талантты және бастамашыл қызметкерлер командасы, табысты жұмыс істеудің қуатты қозғалтқышы және дәстүрге сүйене отырып, Биржа мен Клиринг

орталығының командасы өз әріптестерінің ішінен корпоративтік құндылықтардың жаңа беткеустарларын таңдайды.

### *Корпоративтік мәдениетті дамыту*

HR саясатының маңызды құрамдас бөліктерінің бірі – KASE тобының корпоративтік мәдениетін қалыптастыру және дамыту, ол тиімді жұмыс істеу үшін қолайлы жағдай жасауға, ұжымның командалық рухын қолдауға және компаниялар тобының алға қойған мақсаттары мен міндеттеріне қызметкерлердің бейілділігіне ықпал ететін іргелі құндылықтар мен стандарттар жүйесі болып табылады.

Корпоративтік мәдениетті қалыптастыру мақсатында KASE және KACC қызметкерлері үшін түрлі корпоративтік іс-шара өткізіледі және мынадай құралдар қолданылады:

- тану және марапаттау бағдарламалары – грамоталар мен алғысхаттар;
- ұжымды біріктіру және корпоративтік құндылықтарды дамыту (тимбилдингтер);
- ішкі коммуникациялар – хабарландырулар, басшылықпен кездесулер;
- мотивация – ұжымда қолайлы жұмыс көңіл-күйін қалыптастыру;
- оқыту және дамыту – тренингтер, семинарлар, тәлімгерлік, қызметкерлер арасында тәжірибе алмасу;
- қызығушылық клубтары (спорттық, футболдан, үстел ойындарынан өз командасы);
- әлеуметтік жауапкершілік – қайырымдылық акциялары, экологиялық жобалар, волонтерлік бастамалар;
- қызметкерлердің қанағаттануы мен хабардарлығын арттыру.

Биылғы жылы компаниялар тобының стратегиясы мен корпоративтік мәдениетіне ерекше назар аударылды:

- сыртқы жаттықтырушыларды жұмылдыра отырып, корпоративтік мәдениет бойынша тұрақты негізде тренингтер өткізу;
- ДК, Басқарма, орта буындағы басшылар мен компания қызметкерлері деңгейінде стратегиялық сессиялар өткізу;

- электрондық пошта арқылы хат тарату, әлеуметтік желі, сондай-ақ тоқсандық кездесу – TownHall арқылы қызметкерлерді уақытылы және толық хабардар ету;
- Халықаралық деңгейде іс-шара ұйымдастыру: Kazakhstan Finance Day (New York), Equity Capital Markets Day (London).

2024 жылы біздің қызметкерлеріміз KASE тобының дамуына қосқан ерекше үлесі үшін грамоталармен және алғысхаттармен марапатталды:

- "Еңбегі үшін" медалімен – 2 қызметкер;
- "Үлес" медалімен – 1 қызметкер;
- "Еңбек сіңірген қаржыгер" – 2 қызметкер;
- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының алғысымен – 4 қызметкер;
- "Биржаның Кәсіби маманы" номинациясы – 11 қызметкер;
- "Биржаның Болашағы" номинациясы – 10 қызметкер;
- "Биржаның тірегі мен беделі" номинациясы – 3 қызметкер;
- "Биржаның дамуына қосқан үлесі үшін" номинациясы – 6 қызметкер;
- "Клиринг орталығының қызметін іске қосу", "Клиринг орталығының қызметін халықаралық стандарттарға сәйкестендіру", "Жаңа өнімдер: бағалы қағаздарды нарықтық бағалау және KASE индекстері мен индикаторлары", "IPO Air Astana", "KASE сайтының жаңартылған нұсқасы", "Биржаның сервистік порталы", "KASE тобының MC ISO 9001:2015 және MC ISO/IEC 27001:2022 талаптарына сәйкестігіне сыртқы аудиттен өтуі", "Биржаның санкциялық тәуекелін төмендету" жобаларын іске асырғаны, пайдалануға бергені үшін алғысхаттармен – 77 қызметкер.

KASE тобының корпоративтік мәдениетін дамытуды қамтамасыз ету үшін келесі іс-шаралар ұйымдастырылды:

- TownHall, тоқсанның қорытындысын жариялау мақсатында офлайн және онлайн аралас форматта өтетін жиын;
- Жаңадан қабылданған қызметкерлердің ұжымға үйлесіп кетуін көздейтін жаңадан қабылданғандардың Биржаның Басқарма төрағасымен тоқсандық кездесуі;

- Қызметкерлерді корпоративтік мәдениетке жұмылдыру бойынша апта сайын өткізілген тренингтер;
- Биржаның эмитенттері, мүшелері және серіктестері арасында футболдан өткізілген турнир;
- Демалыс аймағында өткен жыл сайынғы тимбилдинг;
- Жаңа жыл және қызметкерлердің балалары үшін балалар шыршасын өткізу.

### *Оқыту және дамыту*

KASE мен KACC кадр саясатында қызметкерлерді оқыту және олардың біліктілігін арттыру маңызды орын алады. Компаниялар қызметкерлерге ішкі және сыртқы оқыту мүмкіндіктерін ұсына отырып, олардың жаңа білім алуға және құзыретін дамытуға деген ұмтылысын қолдайды.

Кәсіби және міндетті оқытуға басымдық беріледі. Қаржы секторындағы дағдыларды, корпоративтік құзыреттерді, жобалық басқаруды және IT-саланы дамытуға ерекше назар аударылады, бұл KASE тобының стратегиялық бастамаларын табысты іске асыру үшін қажет.

Есепті жылы KASE мен KACC 50-ден астам қызметкері негізінен IT (жүйеге әкімшілік ету, PostgreSQL), шарттық және корпоративтік құқық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы және санкциялық комплаенс, ішкі аудит негіздері, ішкі аудитордың есебін қалыптастыру және жазу практикумдары бағыттары бойынша курстарда оқытылды.

Сондай-ақ қызметкерлер үшін ағылшын және қазақ тілдерін білу деңгейін арттыру бойынша тілдік курстар өткізілді, 30-дан астам қызметкер оқытылды.


### *Биржа персоналы*

2025 жылғы 01 қаңтардағы жай-күйі бойынша KASE қызметкерлерінің штаттық саны – 245, нақты саны – 216.

### *Биржаның жас құрылымы*

Жас ерекшеліктеріне қарай персоналдың құрылымы келесідей: 30 жасқа дейінгі жастардың үлесі – 26%, 30-дан 39 жасқа дейін – 34%, 40-тан 49 жасқа дейін – 27%, 50 жастан асқан жастардың үлесі – 13%. Биржа қызметкерлерінің 2024 жылдағы орташа жасы – 38 жас.

### 32-сурет. Биржаның жас құрылымы



Дереккөз: KASE


#### Биржа қызметкерлерінің білімі

2024 жылдың соңындағы жағдай бойынша KASE қызметкерлерінің негізгі құрамының жоғары білімі бар. Қызметкерлердің 20%-ы жоғары оқу орнынан кейінгі білім (Магистратура, Phd) алған, қызметкерлердің 10%-ы ҚР-дан тыс жерде білім алған.

#### Биржаның гендерлік құрамы

KASE-де әйел қызметкерлердің үлес салмағы 51%, ер қызметкерлердің үлес салмағы 49%.

### 33-сурет. Биржаның гендерлік құрамы



Дереккөз: KASE


#### Клиринг орталығының персоналы

2025 жылғы 01 қаңтардағы жай-күйі бойынша Клиринг орталығының штаттық саны – 59 бірлік, нақты саны – 46 бірлік.

### *Клиринг орталығының жас құрылымы*

Жас ерекшелігі бойынша персоналдың құрылымы келесідей: 30 жасқа дейінгі жастардың үлесі – 18%, 30 жастан 39 жасқа дейін – 28%, 40 жастан 49 жасқа дейін – 34%, 50 жастан асқандардың үлесі – 20%. Клиринг орталығы қызметкерлерінің орташа жасы 2024 жылы 53 жасты құрады.

### **35-сурет. КАСС жас құрылымы**



*Дереккөз: КАСС*


### *Клиринг орталығы қызметкерлерінің білімі*

Есепті кезеңнің соңындағы жай-күйі бойынша KASE қызметкерлерінің негізгі құрамының (100%) жоғары білімі бар.

### *Клиринг орталығының гендерлік құрамы*

КАСС қызметкерлері ішінде әйелдердің үлес салмағы 66%, ерлердің үлес салмағы 34%.

### **36-сурет. Клиринг орталығының гендерлік құрамы**



### *KASE тобының әлеуметтік жауапкершілігі*

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік шеңберінде KASE тобы Қазақстан жастарының қаржылық сауаттылығын арттыруға белсенді ықпал етеді. Осы бағытта KASE және KACC қазақстандық жоғары оқу орындарымен тығыз ынтымақтастықты жалғастыруда, студенттердің тағылымдамадан және тәжірибеден өтуін ұйымдастырады, сондай-ақ перспективалы жас мамандарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі. Сонымен қатар KASE алаңында, сондай-ақ оқу орындарында қор нарығы туралы дәрістер мен семинарлар өткізіледі.

### **Ақпараттық және физикалық қауіпсіздік**

2024 жылы Биржаның ақпараттық-техникалық қауіпсіздік қызметі (АТҚҚ) ISO/IEC 27001 халықаралық стандарты бойынша сертификаттауды сәтті аяқтап, ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің (АҚБЖ) әлемдік тәжірибеге сәйкестігін растады. АҚБЖ-ні одан әрі жетілдіру шеңберінде қол жеткізуді басқару саясаты, қауіпсіздік оқиғаларына ден қою саясаты және құпия ақпаратпен жұмыс істеу саясатын қоса алғанда, бірқатар негізгі саясат пен процедураны пысықтады.

Кибершабуылды бақылау және алдын алу тетіктерін жақсартуға ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, ақпараттың таралып кетуіне жол бермеу жүйесімен (DLP) жұмыс істеу шеңберінде алмалы-салмалы ақпарат тасымалдағыштар мен мәлімет беру арналарын пайдалануды бақылау саясаттары жетілдірілді, сондай-ақ SIEM жүйесінде ден қою сценарийлері оңтайландырылды, бұл инциденттерді анықтау дәлдігін арттыруға және жалған қосылу санын азайтуға мүмкіндік берді.

Қызмет өз күшімен жүйелерді тексеріп, қолжетімділікті басқару, маңызды инфрақұрылымды қорғау және құпия деректерді өңдеу механизмдеріне аудит жүргізді. Осы тексеру нәтижесінде ақпараттық активтерді қорғауды жақсарту жөнінен ұсыныстар әзірленді және олардың орындалуы үнемі бақыланып отырды.

Сонымен қатар есепті кезеңде веб-экрандар жүйесін (WAF) енгізу жобасы сәтті жүзеге асырылды, бұл Биржаның веб-ресурстарын кибершабуылдан және рұқсатсыз кіруден қорғау деңгейін едәуір арттырды. Жаңа аналитикалық құралдарды енгізу және ақпаратты қорғау саясатын өзекті ету де Биржаның жалпы кибер тұрақтылығын арттыруға ықпал етті. Осындай күш-жігердің нәтижесінде ішкі және сыртқы аудиттердің нәтижесі оң болып, KASE қамтамасыз ететін ақпараттық қауіпсіздіктің жоғары стандарттарын растады.

## **Тәуекелді басқару жүйесі**

KASE тобында тәуекелді басқарудың бірыңғай интеграцияланған жүйесі құрылған, бұл ретте топтың әрбір компаниясына тәуекелдердің ерекше түрлері тән.

Тәуекелді басқару – KASE тобының барлық елеулі тәуекелін анықтауға, бағалауға және оларға мониторинг жүргізуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін төмендету жөнінен іс-шара қабылдауға бағытталған KASE және KACC қызметінің ажырамас бөлігі.

Тәуекелді басқарудың халықаралық стандарттарына сәйкес KASE тобының тәуекелді басқару және ішкі бақылау жүйесі қорғаудың үш желісіне негізделеді:

- 1) бірінші қорғаныс желісі: Биржаның/ KACC барлық бөлімшесі мен қызметкері;
- 2) екінші қорғаныс желісі: комплаенс бөлімшесі, заң бөлімшесі, тәуекелді басқару бөлімшесі, қадағалау бөлімшесі, қаржы мониторингі бөлімі;
- 3) үшінші қорғаныс желісі: ішкі аудит бөлімі.

Тәуекелді басқару процесінде тәуекелді басқару жүйесінің барлық қатысушысы – үш қорғаныс желісі, комитеттер, атқарушы органдар және Биржа мен Клиринг орталығының басқару органдары бірлесіп жұмыс істеп, ақпарат алмасады.

Тәуекелді басқару жүйесін үздіксіз дамыту және жетілдіру KASE тобына ішкі және сыртқы ортадағы өзгерістерге уақытылы ден қоюға, қызметтің тиімділігі мен нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді.

KASE мен KACC ұйымдарындағы тәуекелді басқару – тұрақты, серпінді және үздіксіз процесс. Есепті кезеңде KASE тобында тәуекелді басқару бойынша келесі жұмыстар атқарылды:

- KASE тобы үшін тәуекелді басқару мен ішкі бақылаудың бірыңғай саясаты әзірленді, өзара іс-қимыл процедураларын ресімдеу, ақпарат алмасу және KASE тобының басқарушылық есептілігін қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізілді, тәуекелді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша процедуралар енгізілді;
- KASE және KACC тәуелсіз сертификаттау аудитінен өтті және ISO 9001:2015 және ISO/IEC 27001:2022 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестік сертификаттарын алды. ISO 9001:2015 сертификаты KASE тобының бизнес-процестерді басқаруды және қызметін сапа саласындағы халықаралық стандартқа сәйкес жүзеге асыратынын растайды. ISO/IEC 27001:2022

сертификаты KASE тобының ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін ұйымдастырудың жоғары деңгейін растайды.

- KACC Британиялық Thomas Murray консалтинг агенттігінен "оң" болжаммен "А+" деңгейінде операциялық рейтинг алды. Рейтинг бағасы тәуекелдердің негізгі компоненттерін талдауға негізделеді және орталық контрагенттің клиенттерге операциялық қызмет көрсету шеңберінде өз міндеттемелерін орындау қабілеті туралы сараптамалық пікірді көрсетеді.
- тәуекелдерді сәйкестендіру мен бағалаудың жыл сайынғы процедурасы шеңберінде KASE тобының қызметіне тән тәуекелдер деңгейлері қайта қаралды, KASE және KACC тәуекелдерінің тіркелімдері мен карталары қалыптастырылды, әрбір ұйым және тұтастай KASE тобы бойынша 2025 жылға арналған тәуекелдер көрсеткіштерінің максималды рұқсат етілген мәндері бекітілді.

Тоқсан сайын Биржа мен Клиринг орталығының Басқармалары өз басқару органдарын іске асырылған тәуекелдер мен оларды барынша азайту үшін қабылданған іс-шара бойынша ағымдағы жағдай туралы хабардар етеді. Сондай-ақ Биржа Басқармасы Биржаның Директорлар кеңесіне KASE тобында іске асырылған тәуекелдер туралы ақпаратты ашып көрсетеді.

KASE тобы тәуекелді басқару процестеріне KASE және KACC құрылымдық бөлімшелерін тарту, тәуекелдердің болуы мен оларды бақылаудың жеткіліктілігі тұрғысынан бизнес-процестерді талдау, қызметкерлер үшін тұрақты оқыту жүргізу, сондай-ақ Директорлар кеңесі, Басқарма, комитеттер мен Биржа/Клиринг орталығы қызметкерлері арасында ақпарат алмасу есебінен тәуекел-мәдениетті арттыру жөніндегі іс-шараларды тұрақты негізде жүргізеді. Жұмысқа қабылдаған кезде жаңа қызметкерлер Биржада/Клиринг орталығында тәуекелді басқару жүйесінің жұмыс істеу қағидаттарын оқып, танысады. Биржа/Клиринг орталығы қызметкерлерінің тәуекел-мәдениетін арттыру бойынша жүргізілген іс-шара нәтижесінде әрбір қызметкердің тәуекелді басқару жүйесіне қатыстылығын түсінудің неғұрлым жоғары дәрежесі байқалады.

Биржаның/Клиринг орталығының нарықтық тәуекелдерін тиімді басқару үшін орталық контрагенттің қызметін жүзеге асырған кезде Биржа/Клиринг орталығы Басқармасы жанындағы тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган – Нарықтық тәуекелдер жөніндегі комитет жұмыс істейді. Комитеттің функцияларына қаржы

құралдарының іргелі және бекітілетін тәуекел-параметрлерінің мәндерін бекіту, Биржа Басқармасына биржалық нарықтардағы клирингілік қатысушыларға жеке лимит пен шектеу белгілеу және қолдану бойынша ұсыным дайындау, сондай-ақ Биржаның ішкі құжаттарында көзделген өзге де функциялар кіреді. Биржада және Клиринг орталығында енгізілген нарықтық тәуекелдерге автоматты түрде мониторинг жүргізіп, бақылау жасайтын тәуекелді басқару жүйесі Биржада сауда-саттық жүргізілетін қаржы құралдарының құбылмалылығының өзгеруіне уақытылы ден қоюға мүмкіндік береді.

Тәуекелді басқару жүйесін жетілдіру қажет бағыттарды анықтау үшін Биржаның ішкі аудит қызметі ішкі тексеру жоспарына сәйкес тәуекелді басқару жүйесінің тиімділігіне бағалау жүргізеді.

### **Қызметтің үздіксіздігін басқару**

Қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесі топтың табиғи апат, технологиялық ақау, адамдардың қателігі және сыртқы дағдарыс сияқты өз қызметіне әсер етуі мүмкін кез келген оқиғадан тез әрі тиімді қалпына келу қабілетін қамтамасыз етуге бағытталған.

Биржа құрып жатқан қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесі KASE тобы үшін біртұтас, өйткені Топ бірыңғай IT-инфрақұрылымды, бірыңғай сауда-саттық жүйелерін қолданады.

Топ қызметінің үздіксіздігін басқару мақсатында ISO 2301 стандартына сәйкес әзірленген Қызметтің үздіксіздігін басқару саясаты, Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету ережелері мен жоспары бекітілді.

Топтың үздіксіздігін басқару жүйесі бірнеше негізгі компонентті қамтиды:

- **бизнес-процестердің үзілу тәуекелін анықтау және бағалау:** бөлімшелер Топ қызметіне әсер етуі мүмкін тәуекелдерге жыл сайын талдау жасайды;
- **оның бизнеске тигізетін әсерін талдау:** маңызды процестерді және олардың ресурстарға (персоналға, технологияларға, жабдықтарға, ақпаратқа және жеткізілімдерге) тәуелділігін анықтау үшін мерзімді түрде талдау жасалады;
- **қызметтің үздіксіздігі жоспары:** талдау негізінде табиғи апат, эпидемия, карантин, негізгі офистің тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерін өшіру сияқты әртүрлі сценарийлерге арналған егжей-тегжейлі жоспарлар жасалады;

- **қалпына келтіру стратегиясы:** әрбір маңызды функция үшін ақпараттық технология жүйелері мен деректерді қалпына келтіру стратегиясы мен процедуралары әзірленген. Бұған сақтық көшірме жасау, деректерді жеке деректер орталығында сақтау және метрокластер технологиясын пайдалану кіреді;
- **оқыту және жаттығу:** барлық деңгейдегі жұмысшылардың төтенше жағдай туындаған кездегі өз рөлдері мен міндеттерін білуі үшін үнемі оқу-жаттығу өткізу;
- **бағалау және тестілеу:** жоспарлар мен процедуралар олардың тиімділігі мен өзектілігін қамтамасыз ету үшін үнемі тексеріліп отырады. Кемшілік анықталған жағдайда, жоспарларға түзету енгізіліп, жаңартылады.
- **резервтік офистің функционалдылығын тексеру:** резервтік офистің жабдықтарын олардың жұмысқа қабілеттілігі мен жұмыс істеу мүмкіндігін тексеру үшін мерзімді түрде тестілеу жүргізіледі.

Есепті жылы қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесін жақсарту үшін келесі негізгі қадамдар жасалды:

- **жабдықты жаңарту:** қосымша жоғары жылдамдықты байланыс арнасын, электр қуатын жаңартуға арналған қосымша жабдықты сатып алу және қосу;
- **АТ-жүйелерін қалпына келтіру стратегиялары:** Топ Алматы қаласынан тыс қашықтағы алаңды одан әрі дамыту тұжырымдамасын әзірледі және бекітті.

2024 жылы Топтың бизнес-процестерінің тоқтап қалуы мен үзілістері тіркелмеген, қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесімен байланысты тәуекел туындауына байланысты залал болған жоқ.

Топ қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесін жақсартуды жоспарлап отыр. Оны дамытудың негізгі бағыттары:

- **Топ қызметінің үздіксіздігін басқару жүйесінің процестерін ISO 22301 стандартына сәйкестікке сертификаттау;**
- **жеткізушілермен және серіктестермен өзара іс-қимылды күшейту:** дағдарыс жағдайында қалпына келтіру бойынша кооперация жүйесін құру үшін негізгі жеткізушілермен әріптестік қатынастарды дамыту;
- **Алматы қаласынан тыс қашықтағы алаңды одан әрі дамыту.**

## **Комплаенс-бақылау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл**

Комплаенс-тәуекелді басқару оның тұрақтылығын, беделін және тиімділігін қамтамасыз ете отырып, KASE тобының қызметінде маңызды рөл атқарады. Жаһандық санкциялар, экономикалық дағдарыстар және реттеудегі өзгерістер уақытылы бейімделуді және жүйелі шешімдерді қажет ететін қаржы нарығына қосымша қиындықтар туғызады. COMPLAENCS-BAQYLAUDY кешенді түрде жүргізу KASE тобына сыртқы факторлардың әсерін барынша азайтуға, нормативтік талаптарға сәйкестікті қамтамасыз етуге және іскерлік ортаның өзгерістеріне уақытылы ден қоюға мүмкіндік береді.

Комплаенс-тәуекелдерді тиімді басқару үшін KASE тобында операциялық процестерге интеграцияланған "үш қорғаныс желісі" моделі бойынша COMPLAENCS-BAQYLAUDY кешенді жүйесі енгізілді. Бұл нормативтік талаптардың сақталуын жан-жақты COMPLAENCS-BAQYLAUDY қамтамасыз етуге, бұзушылық тәуекелін азайтуға және қызметтің ашықтық деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Бекітілген жұмыс жоспарларына сәйкес 2024 жылы KASE тобының COMPLAENCS-BAQYLAUDY қызметтері KASE тобы қызметінің негізгі бағыттарында COMPLAENCS-BAQYLAUDY анықтауға, бағалауға және азайтуға бағытталған бірқатар іс-шараны жүзеге асырды. Атап айтқанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы және санкциялық COMPLAENCS-BAQYLAUDY жетілдіру және ішкі COMPLAENCS-BAQYLAUDY күшейту жөнінен жұмыстар жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды және санкциялық шектеулерді сақтауды қоса алғанда, COMPLAENCS-BAQYLAUDY реттейтін қолданыстағы ішкі құжаттар пысықталып, жаңа құжаттар әзірленді.

Комплаенс қызметі Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының сақталуын, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тетіктерін енгізуді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында үздік халықаралық тәжірибелерді қолдануды қамтамасыз ете отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы COMPLAENCS-BAQYLAUDY функцияларын орындайды.

Есепті кезеңде сыбайлас жемқорлыққа қарсы COMPLAENCS-BAQYLAUDY шеңберінде төмендегі іс-шара жүзеге асырылды:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жаңартылған Саясат пен Нұсқаулық бекітілді;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді;

- клиенттер мен контрагенттердің шағымдарын (өтініштерін) беру және қарау арналары, оған қоса "жедел желі" арнасы жұмыс істеді;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша оқыту іс-шаралары ұйымдастырылды.

Жыл бойы Комплаенс қызметі жоспарға сәйкес:

- жекелеген құрылымдық бөлімшенің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты ашып көрсеткен кезде Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі құжаттардың талаптарының сақталуы тұрғысынан комплаенс-тексеру жүргізді.

Тексеру нәтижесінде Қазақстан Республикасы заңнамасының және Биржаның ішкі құжаттарының елеулі талаптарының бұзылуы, сондай-ақ жекелеген құрылымдық бөлімшенің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталған жоқ. Жауапты бөлімшелерге ішкі процедураларды жетілдіру жөнінде ұсыныс берілді.

2024 жылы санкциялық шектеулердің жаһандық қаржы нарығына әсер етуі жалғасты. АҚШ, ЕО және Ұлыбритания тарапынан санкциялық режимдердің кеңеюіне байланысты Ресей Федерациясының субъектілеріне қатысты олардың KASE тобының қызметіне ықтимал ықпалына талдау жүргізілді, сондай-ақ KASE тобындағы мониторингтің ішкі процедуралары пысықталды, Биржа мүшелеріне, листингілік компанияларға және клирингілік қатысушыларға бақылауды күшейтуді қоса алғанда, санкциялық тәуекелдерді төмендету жөнінен шара қабылданды.

Комплаенс қызметі шетелдік реттеушілермен және жетекші халықаралық заң консультанттарымен өзара іс-қимыл жасайды, қолданылатын санкциялық заңнама талаптарының сақталуын қатаң бақылауды, оның өзгерістеріне жедел ден қоюды және сыртқы сын-тегеурінге тиімді бейімделуді қамтамасыз етеді.

Комплаенс мәдениеті деңгейін арттыру мақсатында 2024 жылы KASE тобының қызметкерлері үшін комплаенс-тәуекелді басқару, халықаралық санкциялық талаптарды сақтау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша бес бірлескен оқыту іс-шарасы өткізілді.

Комплаенс қызметінің жұмыскерлері өздерінің кәсіби дағдыларын үнемі жетілдіріп отырады, комплаенс және іскерлік этика қауымдастығының мүшелері болып табылады. Есепті кезеңде олар сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент және санкциялық тәуекелді басқару саласында сертификат алды. Комплаенс қызметінің

өкілдері АҚШ пен Ұлыбританияның санкциялық заңнамасын қолдану мәселелері бойынша АҚШ Қаржы министрлігі мен Ұлыбритания ІІМ Шетелдік активтерді бақылау басқармасымен кездесулерге қатысты.

Комплаенс-тәуекелді басқарудың қолданыстағы жүйесі KASE тобының тұрақтылығы сақтауына, қызметтің ашықтығын қамтамасыз етуіне және халықаралық стандарттарға сай болуына көмектеседі. Реттеуші нормаларды қатаң сақтау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы пәрменді шараларды енгізу және санкциялық тәуекелдерді барынша азайту активтердің құқықтық зардаптары мен активтерді жоғалтудың алдын алуға, әріптестердің сенімін нығайтуға және іскерлік беделін сақтауға ықпал етеді.

### **Ішкі аудит**

Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) – ішкі бақылау моделіндегі үшінші желі, ол акционерлердің мүддесін қорғау, тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде объективті ішкі аудиторлық тексеру жүргізу, ұсыныс беру және білім алмасу арқылы Биржа тобы компанияларының құнын сақтау және арттыру мақсатында құрылған.

ІАҚ өз қызметін ішкі аудиттің кәсіби практикасының халықаралық негіздеріне және реттеушінің талаптарына сәйкес жүзеге асырады. Тәуелсіздік пен объективтілік қағидаттарын қамтамасыз ету мақсатында ІАҚ Директорлар кеңесіне функционалды түрде бағынышты, оған Директорлар кеңесі жанындағы Ішкі аудит жөніндегі комитет жетекшілік етеді. Ішкі аудит құзыретіне жататын мәселелер бойынша Ішкі аудит жөніндегі комитеттің шешімдерін/ұсынымдарын талдауды, сондай-ақ Ішкі аудит жөніндегі комитетпен өзара іс-қимылды және жыл сайынғы сауалнама арқылы одан кері байланыс алуды қоса алғанда, ішкі аудит қызметіне ішкі аудит басшысы басшылық жасайды.

Бекітілген өкілеттіктерге сәйкес Биржа тобы компанияларының Директорлар кеңестері тәуекелге бағдарланған аудит карталарын және жылдық аудиторлық жоспарларды, ІАҚ оқыту жоспарлары мен бюджеттерін, ІАҚ және ішкі аудиторлардың негізгі көрсеткіштерін бекітеді, сондай-ақ олардың орындалуын бағалауды жүзеге асырады.

Кәсіби білімді жетілдіру және біліктілікті арттыру мақсатында екі компанияның ІАҚ қызметкерлері тұрақты негізде оқытудан, оның ішінде CIA кәсіби сертификатын алу үшін оқытудан өтеді.

## **Биржа**

Биржаның Директорлар кеңесінің 27.09.2023 жылғы шешімімен (№ 27 хаттама) бекітілген Ішкі аудит кепілдігі және оның сапасын арттыру бағдарламасына сәйкес ішкі аудит функциясының ағымдағы жай-күйіне өзін-өзі бағалау жүргізілді, оның нәтижесінде сәйкестіктің жалпы көрсеткіші 93,9% құрады. Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің 2023 жылдың қорытындысы бойынша ІАҚ жұмыс нәтижелеріне қанағаттануының бағасы 3,94 балл болды.

2024 жылы Биржаның ішкі аудит қызметі жоспардан тыс тапсырмалар мен консультация қызметін қоса алғанда, жылдық аудиторлық жоспарды 109% орындады. Есепті жылы ішкі аудит келесі объектілерді (бизнес-процестер, жүйелер, процедуралар және т. б.) қамтыды:

- Биржада бар және ықтимал мүдде қақтығысын басқаруға қатысты комплаенс-тәуекелді басқару процесі;
- Тауар/қызмет көрсетуді/жұмыстарды сатып алу процесі;
- Бағалы қағаздармен сауда-саттықты өткізу процесі;
- Басқарма мүшелерінің ПӘК орындауын қоса алғанда, стратегиялық мақсаттарды орындау процесі;
- Ақпаратты сату процесі;
- Ақпарат пен есептерді дайындау, оны сыртқы және ішкі пайдаланушыларға ұсыну процесі;
- Қылмыстық жолмен алынған кірісті заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл процесі;
- Биржа мойындайтын аудиторлық ұйымдардың тізбесін қалыптастыру және листингілік компаниялардың қаржылық есептілігінің Директорлар кеңесінің Эмитенттердің аудиті жөніндегі комитеті туралы қағиданың талаптарына сәйкес халықаралық стандарттар мен қаржылық есептілікті жасау қағидаттарына сәйкестігіне мониторинг жүргізу процесі.

## **Клиринг орталығы**

Есепті жылы Клиринг орталығының ІАҚ өз қарамағындағы еңбек ресурстарын ескере отырып, ішкі аудит бойынша әдіснамалық базаны өзекті етуді қоса алғанда, 2024 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарды толық көлемде орындады. Сонымен қатар ІАҚ операциялық рейтингін алу үшін Thomas Murray өткізген "KASE Клиринг орталығы" АҚ-ты бағалауға қатысты.

Аудиторлық тапсырмаларды орындау нәтижесінде ішкі бақылау мен тәуекелді басқару жүйелерін, процестерді, қызметті жүргізу принциптері мен әдістерін

жақсарту жөніндегі ұсыныстарды ескере отырып, аудиторлық анықтаулардың маңыздылығы бойынша сараланған ұсынымдар берілді. Берілген ұсынымдардың орындалуына және аудиторлық жоспардың орындалуына жүргізілген мониторинг нәтижесі туралы ақпарат Биржа тобы компанияларының Ішкі аудит жөніндегі комитеттеріне және Директорлар кеңестеріне тоқсан сайын ұсынылды.

Есепті жылы ІАҚ жұмысы "тиімді" деп бағаланды, бұны 2024 жылдағы қызметтің негізгі көрсеткіштерінің орындалуы растайды.

## ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР МЕН ТЕРМИНДЕР

|                |                                                                                                                                                              |
|----------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>ASTS+</b>   | Мәскеу биржасының сауда-клиринг жүйесі негізінде жасалған KASE сауда-клиринг жүйесі                                                                          |
| <b>AFCM</b>    | Арабской Федерации фондовых рынков                                                                                                                           |
| <b>ASEAN+3</b> | Association of South East Asian Nations                                                                                                                      |
| <b>AWS</b>     | Amazon Web Services                                                                                                                                          |
| <b>GFANZ</b>   | Glasgow Financial Alliance for Net Zero                                                                                                                      |
| <b>OFAC</b>    | Office of Foreign Assets Control                                                                                                                             |
| <b>CAREC</b>   | Central Asia Regional Economic Cooperation (Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастық бағдарламасы)                                                    |
| <b>CCP12</b>   | Global Association of Central Counterparties, орталық контрагенттердің клиринг орталықтарының сауда-саттық қауымдастығы                                      |
| <b>CDSB</b>    | Climate Disclosure Standards Board (Климат туралы ақпаратты ашып көрсету стандарттары жөніндегі кеңес)                                                       |
| <b>CPSS</b>    | Халықаралық есеп айырысу банкінің есеп айырысу және төлем жүйелері комитеті                                                                                  |
| <b>DMA</b>     | direct memory access (тікелей жадыға қол жеткізу, компьютер құрылғылары арасында деректерді бөлісу режимі)                                                   |
| <b>DLT</b>     | distributed ledger technology (әртүрлі сайтқа, елге немесе мекемеге бөлінген қайталанатын, ортақ және синхрондалған цифрлық деректер массивтерінің жиынтығы) |
| <b>EBRD</b>    | European Bank for Reconstruction and Development (Еуропалық қайта құру және даму банкі)                                                                      |
| <b>ECB</b>     | European Central Bank, Еуропалық орталық банк                                                                                                                |
| <b>ESG</b>     | Environmental, Social and Governance – экологиялық тазалық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару критерийлері                                 |
| <b>EFFAS</b>   | European Federation of Financial Analysts Societies, Еуропалық қаржы аналитиктері қоғамдарының федерациясы                                                   |
| <b>ESMA</b>    | European Securities and Markets Authority (Еуропалық бағалы қағаздар және нарықтар басқармасы)                                                               |

|                        |                                                                                                                   |
|------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>EMIR</b>            | European Market Infrastructure Regulation, Еуропалық нарықтық инфрақұрылым регламенті                             |
| <b>ETF</b>             | Exchange Traded Fund, сатылатын қор                                                                               |
| <b>FAST</b>            | FIX Adapted for Streaming (сауда-саттық жүйелерінде деректерді беру хаттамасы)                                    |
| <b>FEAS</b>            | Federation of Euro-Asian Stock Exchanges (Еуроазиялық қор биржалары Федерациясы)                                  |
| <b>FIX</b>             | халықаралық стандарт болып табылатын деректерді беру хаттамасы                                                    |
| <b>Frontier Market</b> | Шекаралық нарық                                                                                                   |
| <b>FTSE</b>            | Financial Times Stock Exchange халықаралық индекс қызметі                                                         |
| <b>GA</b>              | Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы                                                                          |
| <b>HA</b>              | High availability                                                                                                 |
| <b>ICMA</b>            | International Capital Market Association                                                                          |
| <b>IFC</b>             | International Finance Corporation (Халықаралық қаржы корпорациясы)                                                |
| <b>IOSCO</b>           | International Organization of Securities Commissions – Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымы |
| <b>IPO</b>             | Initial Public Offering (бастапқы жария орналастыру)                                                              |
| <b>IR</b>              | Investor Relations (Инвесторлармен байланыс құру)                                                                 |
| <b>IRIS</b>            | Биржаның ақпараттық терминалы                                                                                     |
| <b>IOSCO</b>           | International Organization of Securities Commissions (Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымы) |
| <b>ISO</b>             | International Organization for Standardization (стандарт шығарумен айналысатын халықаралық ұйым)                  |
| <b>IT</b>              | Information Technology (ақпараттық технология)                                                                    |
| <b>KACC</b>            | "KASE Клиринг орталығы" АҚ                                                                                        |
| <b>KASE</b>            | "Қазақстан қор биржасы" АҚ                                                                                        |
| <b>KEGOC</b>           | "KEGOC" АҚ                                                                                                        |

|                |                                                                                                                                                                                                                                                          |
|----------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>MOEX</b>    | "Мәскеу биржасы" ЖАҚ                                                                                                                                                                                                                                     |
| <b>MSCI</b>    | Morgan Stanley Capital International халықаралық индекс қызметі                                                                                                                                                                                          |
| <b>OFAC</b>    | Office of Foreign Assets Control                                                                                                                                                                                                                         |
| <b>PoC</b>     | Proof of concept, тұжырымдаманың орындылығын дәлелдеу                                                                                                                                                                                                    |
| <b>PRI</b>     | Principles for Responsible Investment (Жауапкершілікпен инвестициялау қағидаттары)                                                                                                                                                                       |
| <b>S&amp;P</b> | Standard & Poor's халықаралық индекстер қызметі                                                                                                                                                                                                          |
| <b>SLA</b>     | Service Level Agreement (Қызмет деңгейі туралы келісім)                                                                                                                                                                                                  |
| <b>SMA</b>     | sponsored market access (тікелей сауда-саттық жүйесіне тапсырма беретін қол жеткізу құқығы)                                                                                                                                                              |
| <b>SOFR US</b> | АҚШ долларындағы ақша нарығындағы пайыздық мөлшерлеме, бұл АҚШ қазынашылығының мемлекеттік бағалы қағаздарымен қамтамасыз етілген "overnight" шарттарымен РЕПОНЫҢ үш түрлі түріндегі транзакциялар көлемі бойынша орташа сараланған медиандық мөлшерлеме |
| <b>TCI</b>     | TONIA Compounded Index – TONIA индикаторының соңғы есептелген мәні негізінде күнтізбелік күн сайын есептелетін, TONIA композиттік индексі                                                                                                                |
| <b>TCR</b>     | TONIA Compounded Rate – TSI мәндері негізінде күнтізбелік күн сайын есептелетін TONIA құрама мөлшерлемесі. Есептеуде есептеу кезеңіндегі күнтізбелік күндердің нақты санына тең жылжымалы мән қолданылады                                                |
| <b>TOD</b>     | мәміле жасалған күні орындалатын есеп айырысуды жүзеге асыру шарты (ағылшынша "today" сөзінен)                                                                                                                                                           |
| <b>TOM</b>     | мәміле жасалған күннен бастап келесі жұмыс күні орындалатын есеп айырысуды жүзеге асыру шарты (ағылшынша "tomorrow" сөзінен)                                                                                                                             |
| <b>TONIA</b>   | репо операциялары нарығының негізгі индикаторы, ол әрбір сауда-саттық күнінің қорытындысы бойынша есептелетін біркүндік мерзімге МБҚ қоржынымен репо операциялары бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлемені білдіреді                              |
| <b>TRION</b>   | әрбір сауда-саттық күні ішінде есептелетін, ОК қатысуымен жүзеге асырылатын МБҚ қоржынымен репо операциялары бойынша бір күн мерзімге орташа өлшенген пайыздық мөлшерлеме                                                                                |
| <b>TWINA</b>   | әрбір сауда-саттық күні ішінде есептелетін, ОК қатысуымен жүзеге асырылатын МБҚ қоржынымен репо операциялары бойынша жеті күн мерзімге орташа өлшенген пайыздық мөлшерлеме                                                                               |

|                         |                                                                                                            |
|-------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>UN SSE</b>           | Sustainable Stock Exchanges (Тұрақты қор биржалары)                                                        |
| <b>WEP</b>              | Women's Empowerment Principles                                                                             |
| <b>WFE</b>              | World Federation of Exchanges (Дүниежүзілік биржалар федерациясы)                                          |
| <b>АҚ</b>               | акционерлік қоғам                                                                                          |
| <b>ҚНРДА</b>            | Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі                                       |
| <b>ЕОДҚ</b>             | Еуразияның Орталық депозитарийлер қауымдастығы                                                             |
| <b>ЕДБ</b>              | Екінші деңгейдегі банк (банктер)                                                                           |
| <b>Биржа</b>            | "Қазақстан қор биржасы" АҚ                                                                                 |
| <b>Брокер–дилерлер</b>  | Уәкілетті органның лицензиясы бар брокерлік және/немесе дилерлік ұйымдар                                   |
| <b>ЖІӨ</b>              | жалпы ішкі өнім                                                                                            |
| <b>ЖОО</b>              | жоғары оқу орны                                                                                            |
| <b>МБҚ</b>              | мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар                                                                     |
| <b>KASE тобы</b>        | "Қазақстан қор биржасы" АҚ және оның еншілес ұйымы "KASE Клиринг орталығы" АҚ                              |
| <b>ДАМУ</b>             | "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ                                                                       |
| <b>ЕТША</b>             | Еуропа, Таяу Шығыс және Африканы қамтитын экономикалық аймақты және/немесе нарықты білдіретін аббревиатура |
| <b>ЕҚДБ</b>             | Еуропалық қайта құру және даму банкі                                                                       |
| <b>ЕО</b>               | Еуропа одағы                                                                                               |
| <b>KASE Индексі</b>     | KASE акциялар нарығының индексі                                                                            |
| <b>SSE бастамасы</b>    | Sustainable Stock Exchanges Initiative, БҰҰ серіктестік бағдарламасы                                       |
| <b>Клиринг орталығы</b> | "KASE Клиринг орталығы" АҚ                                                                                 |
| <b>КҚС</b>              | Клирингілік қатысу сертификаттары                                                                          |
| <b>ТМД ХБҚ</b>          | Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің Халықаралық Биржалар Қауымдастығы                                |

|                             |                                                                                               |
|-----------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>млн</b>                  | миллион                                                                                       |
| <b>млрд</b>                 | миллиард                                                                                      |
| <b>Мәскеу биржасы</b>       | "Мәскеу биржасы" ЖАҚ                                                                          |
| <b>ХҚҰ</b>                  | Халықаралық қаржы ұйымы (халықаралық қаржы ұйымдары)                                          |
| <b>СІМ</b>                  | Сыртқы істер министрлігі                                                                      |
| <b>ҚРҰБ</b>                 | Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі                                                        |
| <b>"Атамекен"<br/>ҚРҰКП</b> | "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы                              |
| <b>ҰТК</b>                  | Ұлттық банктің Ұлттық төлем корпорациясы                                                      |
| <b>МЕМБҚ</b>                | Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар                                                   |
| <b>БҰҰ</b>                  | Біріккен Ұлттар Ұйымы                                                                         |
| <b>ИПҚ</b>                  | инвестициялық пай қоры                                                                        |
| <b>БЖ</b>                   | бағдарламалық жасақтама                                                                       |
| <b>Үкімет</b>               | Қазақстан Республикасының Үкіметі                                                             |
| <b>ІАҚ</b>                  | Ішкі аудит қызметі                                                                            |
| <b>АТҚҚ</b>                 | Ақпараттық технологияларды қорғау қызметі                                                     |
| <b>ТМД</b>                  | Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы                                                               |
| <b>АҚШ</b>                  | Америка Құрама Штаттары                                                                       |
| <b>T+2</b>                  | мәміле жасалған күннен бастап екінші жұмыс күні орындалатын есеп айырысуды жүзеге асыру шарты |
| <b>СКЖ</b>                  | сауда-клиринг жүйесі                                                                          |
| <b>ЖШС</b>                  | жауапкершілігі шектеулі серіктестік                                                           |
| <b>трлн</b>                 | триллион                                                                                      |
| <b>ФРЖ</b>                  | Федералды резервтік жүйе                                                                      |
| <b>ОД</b>                   | Орталық депозитарий                                                                           |

|            |                              |
|------------|------------------------------|
| <b>ОК</b>  | Орталық контрагент           |
| <b>ДӨО</b> | Деректерді өңдеу орталығы    |
| <b>ОАР</b> | Оңтүстік Африка Республикасы |

Байланыс деректері мен деректеме

"Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы

Мекенжайы: A15G7M6, Алматы қ., Байзақов көш., 280, "Almaty Towers" КФК солтүстік мұнарасы, 8-қабат

БСН 931 240 000 220

тел.: (727) 237 53 00